

Мұхамбетжанова С.Т., Тен А.С., Исабаева Д.Н., Сербин В.В.

Информатика

Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық

7

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен көлісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 32.973.202.я73
И 69

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған
«Информатика» пәнінің жаңартылған мазмұндагы Типтік оқу
бағдарламасына сәйкес дайындалған.*

Шартты белгілер

Оқулыққа жылдам бағдар беруге көмектесетін шартты белгілерге на-
зар аударыңдар!

- | | |
|--|---|
|  Маңызды ақпараттар |  Жеке жұмыстар |
|  Шығармашылық тапсырмалар |  Жұптық жұмыстар |
|  Сұрақтар |  Топтық жұмыстар |
|  Практикалық тапсырмалар | |
|  Қосымша материалдар |  Сыныппен жұмыстар |

Мұхамбетжанова С. Т.

И 69 Информатика: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған
оқулық/ С.Т. Мұхамбетжанова, А.С. Тен, Д.Н. Исабаева, В.В. Сербин.–
Алматы: Атамұра, 2017. – 176 бет.

ISBN 978-601-306-774-2

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 32.973.202.я73

ISBN 978-601-306-774-2

© Мұхамбетжанова С.Т., Тен А.С.,
Исабаева Д. Н., Сербин В.В., 2017
© «Атамұра», 2017

Құрметті оқушылар!

Бүгінгі таңда компьютерлер, мобиЛЬдік технологиялар мен Интернет желілери өмірдің ажырамас болігіне айналып отыр. Сондықтан «Информатика» пәні оқушыларда ақпараттық технологиялар өлемі жөнінде мағлұмат пен ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың негізі болып табылады.

Информатика сабакында оқылатын материалдар ақпаратты беру, қабылдау, түрлендіру және сақтауға байланысты процестерді оқушылардың жан-жақты түсініп, ой-өрістерін кеңейтуге ықпал етеді.

Оқулық 5 бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде ақпараттардың қандай бірліктермен өлшенетінін, файлдың көлемін қалай анықтауды және компьютерлер үшін компьютерлік жадтың қандай түрлері болатындығын үйренесіндер.

Екінші бөлімде компьютерлік желілерді топтау мен компьютерді зиянды программалардан қорғау мәселелері қарастырылады.

Үшінші бөлімде электрондық кестенің мүмкіндіктері үйретілетін болады. Электрондық кестенің комегімен тәжірибе нәтижелерін өңдеу, өзіндік зерттеулер жүргізу, процестерді модельдеу және жасалатын жобалардың математикалық негіздемесін ұсыну процестері жүргізілетін болады.

Төртінші бөлім – ең қызын әрі қызық программалау тілі. Программалау – бұл кез келген адам оқып, жаза алғатын сандық сауаттылықтың (digital literacy) бір бөлігі. Программалау тілін үйрену барысында өмірдің барлық саласында қажет болатын құрылымдық ойлау қабілеті қалыптастасын болады.

Кіріктірілген C++ программалау ортасында программалық кодты құру мүмкіндіктерімен таныс боласындар.

Бесінші бөлім – объектілер мен оқиғаларды модельдеу. Бұл бөлімде 3D графиканың мүмкіндіктері баяндалады. Ушөлшемді графиканы үйрену барысында алған білімдерің мен дағдыларың болашақта практикалық қызметтеріне қажет болады.

Әрбір бөлімнің сонында берілген сұрақтар, тапсырмалар, практикалық және шығармашылық тапсырмалар Блум таксономиясының оқыту мақсаттарының деңгейлеріне сәйкес құрастырылған.

Оқулықта берілген барлық бөлімдерден алған білімдеріңді болашақта ез қажеттіліктерің пайдалана білуғе және заманауи жоғары технологиялық өлемде білімдеріңді одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.


Сәттілік тілейміз!

Авторлар

I БӨЛІМ

АҚПАРАТТЫ ӨЛШЕУ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ЖАД

1.1. Ақпараттың өлшем бірліктері



Ақпарат ұғымымен 5-сыныпта таныстындар. Біз білімді алуан түрлі ақпарат көздерінен (оқулық, теледидар, Интернет желісінен және т.б.) аламыз. Ол алған білім ақпарат болып табылады. Бір ғана ақпарат әртүрлі жағдайда өзекті немесе өзекті емес болуы мүмкін. Мысалы, 2 мамырға арналған ауа райы болжамы кез келген адам үшін 1 мамырда өзекті болғанымен, 5 мамырда өзектілігін жояды. Бұл мысалда ақпарат «өзекті» немесе «өзекті емес» деген екі түрлі жағдайда беріліп отыр. Басқаша айтқанда, ақпарат саны нөл немесе нөлге тең емес болуы мүмкін.

Кез келген шаманы мөтін түрінде анықтау үшін, ол шаманың өлшем бірлігін анықтаап алу керек. Мысалы, ұзындықтың өлшем бірлігі метр болса, ал масса – килограммен, граммен және т.б. өлшемдермен өлшенеді.

Компьютер – электрондық мәшине. Ол тек электр сигналдарын қабылдайды. Сондықтан компьютердегі ақпаратты электр сигналдары түрінде ғана елестетуге болады. Ақпаратты компьютерге жазу үшін компьютердегі әрбір белгі (әріп немесе сан, дыбыс немесе бейне) сигналдар тіліне аударылуы керек. Сигналдың жоқ болуын 0 арқылы, ал бар болуын 1-дің көмегімен белгілеу қабылданған. Мұнда «нөл» мен «бір» бит деп аталады. Бит екі мөннің бірін ғана қабылдай алады: 0 немесе 1.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Бит – бұл ақпаратты өлшеудің ең кіші өлшем бірлігі.

Мысалы, жеребеге тыныды лақтырганда елтаңба түскені туралы хабар өлшемі 1 бит ақпарат береді. Себебі оқиғаның мүмкін болу саны 2-ге



тең (елтаңба немесе сан). Демек, нәтиже саны, $2x = 2$ теңдеуін шешкенде, $x = 1$ бит деп шыгады.

ОЙЛАНЫП, ЖАУАП БЕРІҢДЕР

Сүйек ойынында алты қырлы кубик қолданылады. Кубиктің өрбір қақтыруынан ойыншы қанша бит ақпарат алады?

Ақпаратты өлшеудің келесі бірлігі байт деп аталады.

Бір символды кодтауга бір байт жұмсалады. Өрбір бит 0 мен 1 мөнін қабылдайтынын ескере отырып, 1 байттың көмегімен өртүрлі 256 символды кодтауга болады ($2^8 = 256$). Сандық, дыбыстық немесе графикалық ақпараттарды кодтау жағдайында байттың ең үлкен өлшемі қолданылуы мүмкін.

Сонымен біз ақпараттың өлшем бірлігі байт екенін білдік. Өмірде үлкен көлемді ақпаратпен жұмыс істеуге тұра келеді, сондықтан ақпаратты өлшеудің ірі бірліктері де кездеседі (1.1-сурет).

Ақпараттың санын келесі өлшем бірліктер жүйесі арқылы анықтайды.

1 Гигабайт (Гбайт) = 1024 Мбайт = 2^{10} Мбайт = 2^{20} Кбайт = 2^{30} байт

1 Терабайт (Тбайт) = 1024 Гбайт = 2^{10} Гбайт = 2^{20} Мбайт = 2^{30} Кбайт = 2^{40} байт

ОРЫНДАНДАР

1 петабайт, 1 эскабайт, 1 зеттабайт, 1 йоттабайтты байтқа айналдырындар.

1 Петабайт (Пбайт) = 1024 Тбайт

1 Эксабайт (Эбайт) = 1024 Пбайт

1 Зеттабайт (Збайт) = 1024 Эбайт

1 Йоттабайт (Йбайт) = 1024 Збайт

1.1-сурет. Ақпараттың өлшем бірлігі

Бір байттың көмегімен 256 (2^8) санын 0-ден 255-ке дейін екілік код түрінде жазуға болады.

Мына сейлемдегі ақпараттар санын өлшейтін болсақ: «Сәбит Мұқанов – қазақ әдебиетінің классигі, ақын, қоғам қайраткері, академик,



Қазақстан Жазушылар одағының тәрағасы». Мұндағы сейлемнің әрбір символы 1 байт болып есептеледі. Мәтін 116 символдан тұрады, оның ішінде тыныс белгілері мен бос орындар да бар. Сонымен, бұл сейлемді өндөу үшін 116 байт қажет.

ОРЫНДАҢДАР

Мысалы, Кітап 100 беттен тұрады, бір бетінде – 35 жол, ал беттің әрбір жолында – 50 символ бар. Кітаптағы ақпарат өлшемін есептейміз: кітаптың бір бетінде $35 \times 50 = 1750$ байт ақпарат болады. Кітаптағы барлық ақпарат өлшемі (түрлі бірліктерде Кбайт, Мбайт) қанша?

Білу және түсіну деңгейі



1. Ақпараттың өлшем бірлігі не үшін керек?
2. Бит дегеніміз не?
3. Байт, килобайт, мегабайт және гигабайт дегеніміз не?
4. Өлшем бірліктер өзара қалай байланысты?
5. Берілген ақпараттың өлшем бірліктерін есу реті бойынша орналастырыңдар: Тбайт; Кбайт; байт; Мбайт; Гбайт.

Колдану деңгейі



Өзінің досының қай айда дүниеге келгендігін анықтау үшін оған қанша сұрақ қоюға болады?

Талдау деңгейі

Ақпараттар өлшемін талдай отырып, сұрақ белгісінің орнына сандарды қойындар.

- a) 1 байт = ? бит = 2^3 бит;
- б) 213 бит = ? Кбайт;
- б) 1 Мбайт = ? Кбайт = ? байт = ? бит;
- в) ? Кбайт = ? байт = 12288 бит.

Жинақтау деңгейі

Сұрақтың орнына сәйкес сандарды жазындар.

- а) 1 Мбайт = ? Кбайт = ? байт;
- б) 1 Гбайт = ? Мбайт = ? Кбайт;
- б) 2 Тбайт = ? Гбайт = ? Мбайт;
- в) ? Гбайт = 1536 Мбайт = ? Кбайт.

Бағалау деңгейі



«Ең үлкен өлшем бірлік» туралы хабарлама дайындаңдар. Ақпараттың өлшем бірлігін есу реті бойынша бағалаңдар.



1.2. Ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқа өлшем бірліктеріне ауыстыру

НЕ ҮЙРЕНЕСІНДЕР?

Ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқа өлшем бірліктеріне ауыстыру жолдарын

ТҮЙІН СӨЗ

Ақпараттың өлшем бірліктері
Единицы измерения информации
Units of information

Ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқа өлшем бірліктеріне ауыстыру үшін бірнеше мысал келтіреміз.

АНЫҚТАНДАР

«АҚПАРАТ» сезінің ақпараттың өлшемін бит бірлігімен анықтаймыз. Егер 1 символ 1 байтқа тең болса, онда берілген сезіндің өлшемі қанша байтқа тең болады?

ЕСТЕ САҚТАНДАР



Егер ақпарат өлшемін үлкен бірліктен кіші бірлікке (байттан битке) ауыстырысақ, онда көбейту амалын қолдану керек (байттар санын 8-ге көбейтеміз). Мысалы, 8 байт = 64 бит, 4 байт = 32 бит, 30 байт = 240 бит (1.2-сурет).

Биттен байтқа ауыстыру үшін бөлу амалы қолданылады.

Мысалы,
32 бит : 8 = 4 байт.
64 бит : 8 = 8 байт.



1.2-сурет. Ақпаратты бір өлшем бірліктен басқа өлшем бірлікке ауыстыру кескіні

Ең үлкен бірліктен кіші бірлікке ауыстыру ережесін жазыңдар.

БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

1. Көлденеңінен 1200 түрлі түсті нүктеден, тігінен 600 нүктеден құралған суретті сақтау үшін талап ететін ақпараттың көлемін есептеңдер.



Әрбір түрлі түсті нұктесінде 1 байтпен кодталады, яғни 256 түстердің бірін иемденеді.

Тапсырманы орындау үшін алдымен суретте қанша нұктесінде 1 байтпен кодталады, яғни 256 түстердің бірін иемденеді.

$$1200 \times 600 = 720\ 000 \text{ нұктесі} = 720\ 000 \text{ байт.}$$

Байтты килобайтқа айналдырамыз:

$$720\ 000 : 1024 = 703,125 \text{ Кбайт.}$$

Жауабы: суретті сақтау үшін 703,125 Кбайт қажет.

2. 200 беттен, бір беті 60 жолдан және бір жолда 80 символдан тұратын кітапта қанша килобайт ақпарат бар?

Тапсырманы орындау үшін алдымен, бір бетте қанша символ болғанын анықтаймыз:

$$60 \times 80 = 4800 \text{ символ.}$$

Кітапта қанша символдың (байтпен) бар екендігін анықтаймыз:

$$4800 \times 200 = 960\ 000 \text{ символ} = 960\ 000 \text{ байт.}$$

Байтты килобайтқа айналдырамыз:

$$960\ 000 : 1024 = 973,5 \text{ Кбайт.}$$

Жауабы: Кітапта 973,5 Кбайт ақпарат бар.



Білу және түсіну деңгейі



- Ақпаратты үлкен бірліктен кіші бірлікке (байттан битке) аудастыру процесі қалай орындалады? Мысалдармен түсіндіріңдер.
- Ақпаратты кіші бірліктен үлкен бірлікке (байттан битке) аудастыру процесі қалай орындалады? Мысалдармен түсіндіріңдер.
- «Компьютер» сөзінің ақпараттық өлшемін біт бойынша анықтаңдар.
- 1 гигабайтта қанша мегабайт бар?
- Ақпаратты бір өлшем бірліктен басқа өлшем бірлікке аудастыру кескінін түсіндіріңдер (1.2-сурет).



Қолдану деңгейі



- Берілген ақпараттың өлшемін бірлігін басқа өлшем бірлікке аудастыру арқылы үяшықтарды толтырыңдар (1.1-кесте).

1.1-кесте

1 байт	=		бит
128 бит	=		байт
1 Кбайт	=		бит



Жалгасы

1,5 Кбайт	=		байт
2048 байт	=		Кбайт
2 Мбайт	=		Кбайт
81920 бит	=		Кбайт
1,5 Мбайт	=		байт

2. Оқулықтың әрбір бетінде 40 жол, әрбір жолында – 60 символ бар. Оқулықтағы ақпараттың өлшемін анықтандар.

**Талдау деңгейі**

Өз смартфонында барлық достарыңың аты-жөні мен телефондарын сақтайтын ақпараттың көлемін анықтандар.

**Жинақтау деңгейі**

Егер 256 беттен, әр беті 95 жолдан, әр жолы 80 символдан тұратын кітапты сыйымдылығы 2 Гбайт флешкага жазса, флешкада қанша орын қалады?

Бағалау деңгейі

Фотосуреттің өлшемі 4000×1500 нүктеден тұрады. Әрбір нүктеке сонша түстен тұрады. Оны кодтау үшін 2 байт қажет. Берілген фотосурет қанша орын алады?

1.3. Компьютерлік жад**НЕ ҮЙРЕНЕСІНДЕР?**

Компьютерлік жад
түрлерінің қызметін
сипаттауды

ТҮЙІН СӨЗ

Компьютерлік жад
Компьютерная память
Computer memory

Заманауи компьютерлерде әртүрлі сақтау құрылғылары бар. Есте сақтау құрылғылары – деректер мен командаларды жазу (енгізу), сақтау және оқу (шығару) үшін керек құрылғы. Сақтау құрылғысы компьютерде жад міндетін атқарады.



ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Компьютерлік жад – бұл ақпаратты сақтау немесе есте сақтау құрылғысы. Жад компьютердің негізгі белгінің бірі болып табылады.

Компьютерлік жад *iшкі* және *сыртқы* болып екіге бөлінеді.

Сыртқы жад ақпаратты ұзақмерзімді сақтауға негізделсе, ал *iшкі* жад компьютерлік жүйелер үшін қолданылады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Жедел жад – процессордағы орындалатын программалар мен өндөлетін деректерді жазуға, есептеуге және сақтауға арналған шағын жедел есте сақтау құрылғысы (1.3–1.4-суреттер).

Компьютерді жүктегеннен кейін жедел жадқа ақпарат жүктеледі. Ақпарат компьютер жұмыс істеп тұрғанға дейін сақталады. Компьютерді өшіргеннен кейін барлық ақпарат жадтан өшеді.



1.3-сурет. Компьютерге арналған
жедел жад
Kingston DDR3 4Gb, 1333MHz, DIMM




1.4-сурет. Ноутбукқа арналған
жедел жад
Kingston 4Gb/2800MHz DDR4
DIMMXMP




ЕСТЕ САҚТАНДАР

Кэш-жад – бұл шағын көлемді жылдам есте сақтау құрылғысы. Ол микропроцессор мен жедел жад арасындағы ақпараттарды алмасу жағдайында қолданылады.

Кэш-жадтың екі түрі болады: процессорда орналасқан *1-ши деңгейлі кэш-жад* және статистикалық жадтың жоғары жылдамдықтағы (SRAM) микросхемалары орналасқан *2-ши деңгейлі кэш-жад* (1.5–1.6-суреттер).



1.5-сурет. Процессор және кэш-жад



1.6-сурет. Жоғары жылдамдықтағы микросхемалар орналасқан кэш-жад

Егер де кэш-жадқа қажетті ақпарат берілмей қалса, онда процессор оны тікелей жедел жадтан оқиды. Кэш-жад компьютердің жұмыс істей жылдамдығын арттыру үшін қолданылады.



CMOS-жад компьютерді баптау (күні, уақыты, құпиясөз) мен оның конфигурациялары туралы деректерді ұзақ сақтауға негізделген (1.7-сурет). Ол үшін аналық тақшада орнатылған орташа жылдамдықтағы арнайы электрондық схемалар қолданылады.



1.7-сурет. CMOS-жад

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Тұрақты жад (ROM) – деректерді сақтауға арналған жад. Ол ешқандай өзгерістер енгізілмейтін деректерді сақтау үшін қолданылады.



1.8-сурет. Тұрақты жад

Жадтағы деректер даярлану кезінде тұрақты түрде құрылғыға арнайы сақталады (1.8-сурет).

Тұрақты жадқа:

- біріншіден, процессор жұмысын басқару программысы жазылады;
- екіншіден, дисплейді, пернетақтана, басу құрылғысын басқару программысы жазылады;
- үшіншіден, компьютер программыларын іске қосу мен оның жұмысын аяқтау процесі жүргізіледі;
- төртіншіден, құрылғыларды тестілеу жүргізіледі.




ЕСТЕ САҚТАНДАР

Бейнежад (VRAM) – кодталған бейнелер сақталатын жедел есте сақтау құрылғысының бір түрі.

Бейнежад графикалық ақпараттарды сақтау үшін қолданылады (1.9-сурет).

Есте сақтау құрылғысы оның құрамындағы деректерді бірден екі құрылғыға – процессор мен дисплейге қолжетімді болатындей етіп ұйымдастырады. Сондықтан экрандағы бейнелер жадтағы бейнедеректердің жаңаруына байланысты өзгеріп отырады.



1.9-сурет. Бейнежад

ЕСТЕ САҚТАНДАР

Сыртқы жад (*сиртқы есте сақтау құрылғысы (СЕСК)*) программалар мен деректерді ұзақ уақыт сақтауға арналған. Ол процессорға тәуелсіз, компьютер іске қосулы немесе өшірулі жағдайға байланыссыз жұмыс істей береді.

Сыртқы жадтан процессорға ақпараттар келесі тізбек бойынша үздіксіз беріліп отырады:



Қатты магниттік дискілер (КМД немесе HDD), иілгіш магниттік дискілер (ИМД), магниттік ленталар (стримерлер), оптикалық дискілер (CD-ROM), магниттік-оптикалық дискілер сыртқы жад құрылғылары болып табылады (1.10-сурет). Мұндай дискілердің атқаратын қызметіне



үлкен көлемдегі ақпараттарды сақтау, сұраныстар бойынша ақпараттарды жазу мен оны жіберу жатады. Компьютердің сыртқы жадына енетін құрылғылар үнемі жақартылып отырады. Заманауи талаптарға сай сыртқы жад құрылғыларының өнімділігі, өлшемі мен сыртқы түрі де өзгертіліп отырады.



1.10-сурет. Сыртқы жад құрылғылары

Білу және түсіну деңгейі



1. «Компьютерлік жад» үгымын қалай түсінесіңдер?
2. Ишкі және сыртқы жад не үшін қажет?
3. Ишкі және сыртқы жадқа салыстырмалы талдау жасандар.
4. Кэш-жад дегеніміз не?
5. Кодталған бейнелер қайда сақталады?
6. Тұрақты жад қандай қызмет атқарады?



Колдану деңгейі



1. Жад түрлері мен оның қызметі арасындағы сәйкестікті табындар (1.2-кесте).



Жад турлери мен оның қызметі арасындағы сәйкестік

1.2-кесте

№	Жадтың қызметі	№	Жад түрлері
I	Ақпараттарды компьютерді жүктеу мен оны іске қосар алдында сақтайды	A.	Ішкі жедел жад (ЖЕСК)
II	Аралық есте сақтау құрылғысы мен процессор арасындағы ақпараттарды алмастыруға арналады	B.	Сыртқы қатты диск: флеш-диск
III	Кодталған бейнелерді сақтауга арналған жад	C.	Ішкі тұрақты жад (ТЕСК)
IV	Ақпараттарды компьютерді қосқанға дейін сақтайды	D.	Сыртқы лазерлік диск (оптикалық), флеш-диск
V	Компьютерді өшіргеннен кейін үлкен колемдегі ақпараттарды сақтайды	E.	Ішкі кэш-жад
VI	Көлемді ақпараттар сақталады және ол ақпараттарды басқа компьютерлерге аудыстырады	F.	Бейнекад

Жауабы:

I.	II.	III.	IV.	V.	VI.

2. Компьютерде орынданадар:

- а) «Құрылғылар диспетчерін» ашындар.
- ә) Компьютерге жалғанып тұрған құрылғыларды белгілеңдер.
- б) Флешканы салындар.
- в) «Құрылғылар диспетчерінде» қандай өзгерістер болды?





3. Кестені қажетті ақпараттармен толтырыңдар (1.3-кесте).

1.3-кесте

Қызметі	Адам	КОМПЬЮТЕР
Ақпаратты сақтау		
Ақпаратты өндіру		
Ақпаратты қабылдау		Енгізу құрылғысы
Ақпаратты жіберу	Сөз, қозғалтқыш жүйелері	




Талдау деңгейі

Компьютерлік жад түрлері бойынша кластер құрастырындар.

Кластер құрастыру түсіндірмесі.

Кластер – бұл ақпараттың негізгі мағыналарындағы байланыстарды кескін арқылы үйымдастыру формасы.

Ол оқу материалын жинақтап, жалпылауға мүмкіндік беретін бейне болып табылады (1.11-сурет).



1.11-сурет. Кластер






Жинақтау және бағалау деңгейі



- Компьютерлік жадтың түрлері бойынша инфографиканы құрастырыңдар.
- «Жад» сөзі шығатындағы етіп, анаграмма қурастырыңдар.

1.4. Файлдардың өлшемі



Бірдей мазмұндағы түрлі файлдармен жұмыс істеу барысында файл типтерін жиі салыстыру қажет. Өз талаптарыңа сәйкес файлды ғана таңдайсыңдар. Мысалы, Word 97-2003 мәтіндік процессорында жазылған құжаттар файлының кеңейтілуі .doc болса, ал Word 2007 мәтіндік процессоры мен одан да жаңартылған нұсқаларда жазылған құжаттар файлының кеңейтілуі .docx болады.




1.12-сурет. Файлдардың кеңейтілуі .doc және .docx



Қазіргі кезде .doc және .docx файлдары жиі қолданылады. Бірақ программалық қолданбаның жаңартылуына байланысты .doc кеңейтілуі аз қолданылып жүр.


ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗІНДЕР

Екі мәтіндік файлдың арасындағы айырмашылықты білу үшін шағын зерттеу жүргізіндер. Ол үшін тандалған файлға тінтуірдің оң жақ батырмасын басып, жанама менюдегі **Қасиеті (Свойства)** командасын пайдаланыңдар (1.13-сурет).



1.13-сурет. Файл қасиеті





1.14-сурет. Мәтіндік файлдарды салыстыру

1.14-суретте көрсетілгендей, файл өлшемдерінің бір-бірінен айырмашылығы бар екендігін байқауға болады. Кеңейтілуі .doc болатын файлдың өлшемі 28,9 Мбайт болса, ал кеңейтілуі .docx болатын файлдың өлшемі 26,6 Мбайтқа тең. Біз құжаттардың мазмұны бірдей болғанмен, мәтіндік файл өлшемдерінің өртүрлі екендігін байқауымызға болады. Екі файлдың арасындағы айырма 2,6 Мбайтты құрайды.


Салыстыру бойынша бірдей акпараттардың қандай форматта жазылғанына байланысты дискіде оның қанша орын алғатындығын білуге болады.

Бейнеленуі бірдей, бірақ кеңейтілуі өртүрлі екі графикалық файлдың келесі мысалын қарастырайық.

Бірдей мазмұндағы екі графикалық файлдың өлшемін салыстыру үшін TIFF және JPEG графикалық файлдарын таңдаймыз (1.15-сурет).

Алдымен, TIFF форматындағы файлды талдан көрейік. Аталған формат бейнелерді сақтау үшін көп қолданылады. Мұндай формат түрлі кеңістіктері түстерді (8, 16, 32 және 64 бит) қанық береді. TIFF графикалық қосымшаларда кеңінен колдау табады және полиграфияда жиі қолданылады. TIFF форматында сақталған бейнелер файлды сақтағаннан кейін де сапасын жоғалтпайды. Онда сақталған файлдардың өлшемі ете үлкен болады. Мысалы, ашылған файлдың өлшемі – 12,5 Мбайт.





1.15-сурет. Графикалық файлдарды салыстыру

JPG форматындағы файлдар танымал графикалық файлдардың форматы. Аталған форматтағы файлдар ең кіші өлшемде сығып сақталса да, бейненің сапасы жоғалмайтындығын өзіміз қолданып жүрген суреттерден жиі байқауга болады. 1.14-суретте берілген бейнелердегі файлдың өлшемі – 2,45 Мбайт. Екі файлдың өлшемін салыстыран кезде олардың арасындағы айырмашылық – 10,5 Мбайтты құрайды.

Біз күнделікті өмірде **бейнеформаттарды** жиі қолданамыз. Қазіргі кезде **бейнефайлдардың** бірнеше жынытығы бар. Бейнеформаттардың өзіндік ерекшеліктері болады. Сондықтан қандай бейнеформаттың сапасы жоғары және қандай бейнеформатты пайдалану тиімді? деген сұрақ туындейді. Енді 1.16-суретте берілген бейнефайлдардың кейбір форматтарының топтамасын қарастырайық.

Аудиоформаттардың (дыбыстық файл) көптеген түрлері бар. Өсіреле MP3 және WAV форматтары жиі қолданылады. Мұндай форматтарғы файлдар .mp3, .wav, .ogg, .wma кеңейтілуімен ерекшеленеді.

WAV – алғашқы аудиоформаттардың бірі. Аталған формат сығылмagan аудиожазбаларды сақтау үшін қолданылады. Онда бір минутта жазылған дыбыстар орта есеппен 10 Мбайтты құрайды.

MP3 (MPEG Layer-3) – әлемде кеңінен тараған дыбыстық форматтардың түрі. **MP3** форматы көптеген құрылғыларда қолданылғанымен дыбыс сапасына байланысты ең жақсы форматтарға жатпайды.





3GP форматы, файлдың кеңейтілуі .3gp – бұл мобильдік экранға негізделген контенттің бейнеформаты. Сапасы өте тәмен, өлшемі де шағын.



MOV форматы, файлдың кеңейтілуі .mov – бұл Apple-дагы QuickTime плеерына арналған бейнеформат. Мұндай файлды таңдау кезінде оның басқа да сипаттамаларына назар аудару керек: файлдың өлшеміне, кеңейтілуіне және т.б.



AVI форматы, файлдың кеңейтілуі .avi – бұл кеңінен танымал формат. Оnda бейненем қатар аудио мен мәтіндер де болуы мүмкін. Бейне және дыбыс синхронды шығады.



MPEG-4 форматы, файлдың кеңейтілуі .mp4 – бұл заманауи бейнеқұрылғыларға негізделген кеңінен танымал формат. Мұнда кеңінен танымал бейнекодектер (codec) енеді. Бірақ бейненің сапасы сыгу кезінде біртіндеп жойылады.

1.16-сурет. Бейнефайлдар форматтарының топтамасы

Аудиоформатқа деректерді сыгу үшін «codec» атты кодтау алгоритмі қолданылады. Мысалы, MP3 форматында MPEG Layer-3 кодек қолданылса, ал MP4 форматында түрлі кодектер қолданылуы мүмкін.

Ал MP3 форматында дыбыстық ақпаратты сыгуда файлдардың өлшемі кішірейеді. Файл өлшемін азайтқанда дыбыстық сапасы жоғалады. Сондықтан ол дыбыстарды адамдар ести алмайды.

Бірдей мазмұнмен түрлі форматтағы файлдарды сақтау және оларды жіберу кезінде өлшемі ең кіші файлдарды қолдану тиімді болып табылады.



Білу және түсіну деңгейі



1. Бірдей мазмұндағы, бірақ түрлі форматтағы файлдарды қандай тәсілдермен салыстыруға болады?
2. .doc және .tiff кеңейтілуімен сақталған файлдардың .docs және .jpg кеңейтілуі арқылы сақталған файлдардан ерекшелігін анықтаңдар?
3. Қандай жағдайда .docs немесе .tiff форматтарын таңдар едіңдер?
4. Файл өлшемін кішірейту үшін файлдың қандай форматын таңдау керек?
5. Кеңінен таралған бейнефайлдардың форматын мысалдар келтіру арқылы түсіндіріңдер.
6. MP3 және WAV аудиоформаттары арасында қандай айырмашылық бар?





Қолдану деңгейі



- Екі мәтіндік құжат құрылдар: Word-та .doc және Блокнотта .txt.
- «Салыстыру алгоритмі» атымен файлды сақтаңдар.
 - Word мәтіндік процессоры мен Блокнотта құрылған құжаттарды ашып, салыстыру жүргізіңдер.



Талдау деңгейі

Файлдардың өртүрлі форматтагы берілуін топтастырыңдар (кесте-лік, дыбыстық, мәтіндік, бейнелік т.б.).

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11



Жинақтау деңгейі



Зерттеу жүргізіндер:

Өз тәжірибелерінде қандай форматтагы (мәтіндік, графикалық, аудио және бейне) файлдарды жиі қолданасыңдар?

Сендердің телефондарындағы программалық қолданба қандай аудио және бейнеформаттарды қамтамасыз етеді?




Бағалау деңгейі

1. Егер қатты дискіде 1000 суретті .jpg кеңейтілуімен сақтасақ, онда ол дискіде қанша орын алады? (Бір суреттің өлшемі – 5 Мбайт).
2. Компьютерлік графиканы не үшін сұылған түрде қолданады?



1.5. Әртүрлі форматтағы файлдардың архивтерін құру және архивтен шыгару



Мәліметтердің көлемін ықшамдау – компьютердің пайда болу кезінен туындаған мәселе. Мәліметтерді сызу өрекеті көлемді файлдармен жұмыс істеу барысында қолданылады. Сызу дәрежесі файлда жадтың сақтау көлемін кішірейтуге байланысты болады. Алдын ала сығымдалған барлық мәліметтер оңай сығылады. Мысалы, жұмыс істеп тұрган файлдар, мәтіндер және кескіндер. Қазіргі кезде мәліметтерді сызу екі жағдайда орындалады, атап айтқанда:

- 1) түрлі ақпарат тасымалдаушыларда мәліметтерді ұзак уақыт сақтау үшін;
 - 2) байланыс арналары бойынша мәліметтерді жіберу үшін қажет.
- Мәліметтерді сызу жағдайында **архив** деп аталатын файл пайда болады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Архив – бұл сығылған бір немесе бірнеше файлдардан тұратын файл.

Архивтелген файлдардың кеңейтілуі zip, arj, rar және басқа да болуы мүмкін. Файлдардың кеңейтілген түрі архиватор программасына байланысты болады.

Архиватор **программасы** – бұл арнайы программалар бойынша жеке файлдарды немесе файлдар тобын сыгуға негізделген программа.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Файлдарды сызу процесі **архивтеу** деп аталады.

Архивтен шыгару – сығылған файлдарды қалпына келтіру.



WinRAR, WinZip және WinArj сияқты архиватор программының үш ерекшелігі бар:

- операциялық жүйенің түрлі платформаларында қолдану мүмкіндігі бар;

- архивтің барлық түрімен жұмыс істей алады;
- архивті жоғары дәрежеде сұға алады.

Жанама меню арқылы файлдарды архивтеудің қарапайым түрін қарастырайық.

БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

WinRAR архиватор программында деректерді архивтеудің (архивтен шығарудың) еki төсілі бар, олар: программа терезесін қолдану немесе жанама меню. Жанама меню арқылы файлды архивтеудің (архивтен шығарудың) қарапайым тәсілдерін бірге орындаімсыз (1.17-сурет).




1.17-сурет. Файлды архивтеу

Жаңа архивті құру үшін келесі алгоритмді орындаңдар:

1. Файлдарды (файлдар тобын) немесе бұманы беліп алу үшін **Ctrl** пернесін және тінтуірдің сол жақ батырмасын басыңдар.
2. Ерекшеленген файлдарға тінтуірдің оң жақ батырмасын басқан кезде жанама меню пайдада болады (немесе **Shift+F10** пернелері арқылы).
3. Жанама менюдегі **Add to archive...** (Добавить в архив...) командасын таңдаңдар.





1.18-сурет.

Архивтің атауы мен параметрлері

4. **Archive name and parameters** (Имя и параметры архива) сұхбат терезесінде **Browse...** (Обзор...) батырмасына басыңдар (1.18-сурет).

5. **Archive name** (Имя архива) жолына (файл немесе бума аты бойынша) архив атауын жазу немесе берілген атауды өзгеріссіз қалдырыңдар.

6. 1.18-суреттегі **Archiving options** тобынан **Create solid archive** архивтеу параметрін таңдаңдар.

Compression method (Сығу әдісі) тізімінен **Best** жолын таңдаңдар.

7. Ок батырмасына басыңдар.


8. Кеңейтілуі .rar болатын бір үздіксіз файл құрылады.

SFX-архивін құру үшін (sel fextractor), **General** (Общие) тіркеме бетінен **Create solid archive** параметрін таңдау керек. Компьютерде архивтеу болмаса да, мұндай архив түрі кез келген компьютерде тінтуірдің сол жақ батырмасын екі рет шерткенде ашылады.

ТӘЖІРИБЕ ЖАСАНДАР

1. Кез келген компьютер арқылы файлды архивтен шығаруды орындаңдар (1.19-сурет).
2. Файлды архивтен шығару алгоритмін талқыландаңдар.
3. Өздігінен ашылатын архивтерді құрыңдар.
4. Архивтің тиімділігін анықтаңдар.





1.19-сурет. Архивтен шыгару

Білу және түсіну деңгейі



1. «Архивті құру» және «Архивтен шыгару» терминдерінің мәнін өз сөздерімен түсіндіріңдер.
2. Қандай архивтеу программасын білесіңдер?
3. Архивтік файл деген не?
4. Архивтеу немесе архивтен шыгару деген не?
5. Файлды архивтеу немесе архивтен шыгару түсінігін Вenn диаграммасы бойынша баяндаң беріңдер.

Колдану деңгейі



1. WinRAR архиватор программасының көмегімен файлдың архивін құрып, одан шығарыңдар.
2. Мәтіндік, графикалық, дыбыстық және бейнелік файлдары бар Дайындау бұмасын құрыңдар.
3. Архив атауымен жұмыс бұмасын құрыңдар.
4. Архив бұмасында келесі атпен төрт ішкі бума құрыңдар: Құжаттар, Графика, Дыбыс және Бейне.
5. Word мәтіндік процессорында 1.4-кестені құрыңдар. Кестеге Дайындау бұмасындағы файлдар атауы мен олардың өлшемін жазыңдар.

Файлдардың атауы мен өлшемі

1.4-кесте

Мәтіндік файлдар		Графикалық файлдар		Дыбыстық файлдар		Бейнелік файлдар	
Атауы	Өлшемі	Атауы	Өлшемі	Атауы	Өлшемі	Атауы	Өлшемі
Барлығы		Барлығы		Барлығы		Барлығы	
Құжат.rar		Сызба.rar		Дыбыс.rar		Бейне.rar	
Өлшемі		Өлшемі		Өлшемі		Өлшемі	



6. WinRAR архиватор программасының көмегімен Дайындау бума-сындагы Құжаттар.rar, Сызба.rar, Дыбыс.rar, Бейне.rar архивтелген файлдарды архивтен шыгарындар. Архивтен шыққан файлдарды атауына сәйкес бумага орналастырындар: Құжаттар, Сызба, Дыбыс және Бейне.



Талдау деңгейі

1. Тұжырым жасаңдар: файлдардың ішінде қайсысы тез сығылады? Құжаттар, Сызба, Дыбыс және Бейне бумаларының атауына сәйкес файлдарды архивтен шыгарындар: Құжаттар.rar, Сызба.rar, Дыбыс.rar, Бейне.rar.
2. Жұмыс бумагасына Самораспаковка.exe атауымен берілген SFX-архивін құрындар және оның көмегімен Дайындау бумагасындагы барлық файлдарды архивтен шыгарындар.
3. Самораспаковка.exe арқылы архивтелген файлдарды ашындар.
4. Архивтелген файлдарды вирусқа тексеру:
 - WinRAR программасын ашындар.
 - Alt+D пернелерінің көмегімен «Улкен файлдар» және «Кіши файлдар» бумагасындагы архивтелген файлдарды вирусқа тексеріндер.
5. Енгізу алаңына қатысты жылжымалы тізімнен том көлемін таңдап, көптөмдүк архивті құрындар. «Улкен файлдар» бумагасындагы сыйымдылығы 700 Кбайт болатын томдарға бөлінген файлдарды архивтендер.




Жинақтау және бағалау деңгейі



Компьютерлеріңе орнатылған архиватор программасының программалық нұсқасын жазындар.

1. Жиі қолданбайтын файлдар үшін архивтелген файл құрындар.
2. Түрлі типтегі архивтелген файлдарға зерттеу жүргізіндер:
 - 1) «Көлемді файлдар» бумагасын ашындар;
 - 2) WinRAR программасын ашындар.
- Архивтеу төсілдеріне сәйкес бумагады барлық файлдарды архивтеуді орындаңдар:
 - жанама меню көмегімен;
 - WinRAR программасында (1.20-сурет) Добавить (Add...) батырмасы арқылы пароль (құпиясөз) мен архив құру (Ctrl+P).
3. «Файлдарды архивтеу» кестесін толтырып, файлдың өлшемін анықтандар.





1.20-сурет. Файлдарды анықтау

4. .mp3 және .jpg форматында сығылған файлдардың мүлдем, не толықтай архивтелеғенение көз жеткізіндер.

5. «Шагын файлдар» бұмасын ашындар.

Архивтеу тәсілдеріне сәйкес бұмадагы барлық файлдарды архивтеуді орындандар:

- жанама меню көмегімен;
- WinRAR программасы менюі көмегімен;
- құпиясөзбен архив құрындар.

6. «Файлдарды архивтеу» кестесін толтырып (1.5-кесте), файл өлшемі қаншага кішірейтілгендей анықтаңдар.

7. Файл мен оны архивтегеннен кейінгі өлшемінің бірдей екендігіне көз жеткізіндер.

«Файлдарды архивтеу» кестесі

1.5-кесте

Файлдың аты	Файлдың типі	Файлдың нақты өлшемі	Файлдың архивтегеннен кейінгі өлшемі	Файлдың өлшемі қанша есес кішірейді





Деректер архиві – ақпараттардың сыртқы тасымалдаушыларда немесе компьютердегі деректер сақталатын көшірмесі.

Сыртқы тасымалдаушылар көмегімен архивтеген деректерді қалпына келтіруге болады.

ӨЗДЕРІНДІ ТЕКСЕРІҢДЕР

1. Ақпараттың ең кіші өлшем бірлігі қалай аталады?

- a) байт;
- b) бит;
- c) Кбайт;
- d) Мбайт;
- e) Гбайт.

2. 8 биттен тұратын ақпараттың өлшем бірлігі қалай аталады?

- a) Кбайт;
- b) МБайт;
- c) байт;
- d) Гбайт;
- e) бит.

3. 1 Кбайт қанша байтқа тең?

- a) 64;
- b) 8;
- c) 1024;
- d) 256;
- e) 32.

4. 1 символ қанша байтқа тең?

- a) 64;
- b) 8;
- c) 1024;
- d) 1;
- e) 32.

5. Компьютерлік жад дегеніміз не?

- a) ақпаратты сақтау немесе есте сақтау құрылғысы;
- b) процессор;
- c) пернетақта;



- d) компьютердің негізгі бөліктерінің бірі;
- e) микропроцессор.

6. Компьютерлік жадтың қандай түрлері бар?

- a) кэш-жад;
- b) ішкі;
- c) ішкі және сыртқы;
- d) тұрақты жад;
- e) бейнежад.

7. Ишкі жадтың түрлерін атаңдар:

- a) қатты диск, флешка, сыртқы дискілер;
- b) CD/DVD дискілер, бейнежад, тұрақты жад;
- c) жедел жад, кэш-жад, тұрақты жад және бейнежад;
- d) компьютерге немесе ноутбукке арналған жедел жад;
- e) есте сақтау құрылғысы, процессор.

8. Файлдарды сыйғу процесі деп аталады:

- a) архивтеу;
- b) архивтен шыгару;
- c) вирустан қорғау;
- d) архивтендіру;
- e) архиватор программалары.

9. Архиватор программалары....

- a) WinRAR, WinZip, WinArj;
- b) MSWord, MSExcel;
- c) C++, Pascal;
- d) Блокнот;
- e) Eset, Norton.

10. Мәтіндік файлдың кеңейтілуі:

- a) .jpg;
- b) .doc;
- c) .tiff;
- d) .txt;
- e) .docx.



11. Бейнефайлдың көнектіліуі:

- a) .doc;
- b) .mp3;
- c) .jpg;
- d) .exe;
- e) .ppt.

12. 4 Кбайт қанша байтқа тең?

- a) 5120 байт;
- b) 4000 байт;
- c) 4096 байт;
- d) 2000 байт;
- e) 4000 байт.

13. Компьютерлік жад қанша түрге бөлінеді?

- a) бейнежад, кэш-жад;
- b) тұрақты жад, сыртқы жад, ішкі жад;
- c) CMOS-жад, кэш-жад;
- d) сыртқы және ішкі жад;
- e) жедел жад, бейнежад, кэш-жад.

14. 1 Гбайт неге тең?

- a) 1024 Кбайт;
- b) 1000 Кбайт;
- c) 1024 Мбайт;
- d) 1000 Мбайт;
- e) 4 бит.

15. Ақпараттың өлшем бірлігі?

- a) 1 бод;
- b) 1 бар;
- c) 1 бит;
- d) 1 кг;
- e) 1 фут.

ІІ БӨЛІМ

ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ҚАУПСІЗДІК

2.1. Компьютерлік желі және олардың жіктелуі



Мәліметтер мен ресурстарды ортақ пайдалану үшін компьютер желіге қосылу керек. Бір кабельмен екі компьютер жалғанған желі қарапайым желі деп аталса (2.1-сурет), ал бірнеше компьютерлер жалғанған желі күрделі желі деп аталады. Сондықтан желілер жергілікті және ауқымды болып бөлінеді.



2.1-сурет. Екі компьютер жалғанған желі кескіні

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Компьютерлік желі – бұл компьютерлер арқылы ақпараттарды жіберу арналарымен байланысқан жүйе.

Телекоммуникация – ғаламдық желі арқылы ақпараттармен алмасу жүйесі.




Компьютерлік желілер:

- масштабы;
- компьютер жұмысын желіде үйымдастыру типі;
- топология;
- ақпаратты тарату ортасы бойынша жіктеледі.

ОЙЛАНЫП, ЖАУАП БЕРИНДЕР

Компьютерлік желілер масштабы бойынша жергілікті, аймақтық, ауқымды болып бөлінеді (2.2-сурет). 2.2-суретте қандай масштабты компьютерлік желілер қамтылған?



2.2-сурет. Компьютерлік желілер масштабы

Бір гимарат немесе бір кәсіпорын ішінде шарын топтардың өзара байланысқан қуралдарымен жұмыс істеуін жергілікті желі (LAN) деп атайды.


Аймақтық желілер, Интернет (MAN) – бұл аудан, қала немесе мемлекет ішіндегі біртекtes мекемелер компьютерлерін біріктіретін жүйе.

Ауқымды желі (WAN) – бір-бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан жергілікті желілердің бірігүі. Ең көп тараған желі Интернет болып табылады.

Компьютерлер жұмысын желіде үйымдастыру

Компьютер жұмысын желіде үйымдастырудың түрлі өдістері бар, оның ішінде компьютерлік желілердің 2 негізгі типін қарастыруға болады: *бір рангілік желі және серверге негізделген желі* (2.3-сурет).





2.3-сурет. Компьютерлер жұмысын желіде үйымдастыру

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Сервер – арнағы программалық жабдықтамасы бар қуатты компьютер.

Сервер түрлеріне: файл-сервер, принтер-сервер, қолданбалар сервері, пошталық сервер, факс-сервер, коммуникациялық серверлер, каталогтар қызметінің сервері және т.б. жатады.

Компьютер-сервер – көптеген пайдаланушылар арасындағы қорларды орталық компьютер арқылы бір арнаға үйлестіру. Желіге тұрақты қосылмаған компьютердерді **клиент** немесе **абонент** деп атайды.

Компьютерлерді желіге қосу үшін түрлі құрылғыларды қолдануға болады. Атап айтсақ: компьютер, үялы телефон, концентратор, коммутатор, маршрутизатор және енгізуудің сымсыз нүктелері (2.4-сурет).



2.4-сурет. Концентратор, коммутатор, маршрутизатор



Компьютерлік желілер топологиясы

Топология компьютерлердің, кабельдердің және басқа да желілер белгітерінің физикалық орналасуын сипаттайты (2.5-сурет).



2.5-сурет. Топология түрлері

Жергілікті есептеуіш желінің шина төрізді, сақина төрізді, жұлдыз төрізді, ұялы және иерархиялық сияқты физикалық топологиясы кеңінен тараган.


ТАЛДАП, БАҒАСЫН БЕРІНДЕР

Жұлдыз төрізді топологияға қосылудың орталық нүктесі болады. Олар концентратор, коммутатор немесе маршрутизатор сияқты құрылғылар.

Жергілікті желі бірнеше топқа жіктеледі.

2.6-суреттегі үлгіге қарап, құрылғылардың топология түрлеріне жіктелуін сипаттаңдар.





2.6-сурет. Жергілікті желінің топтық жіктелуі

Ақпаратты тарату ортасының типтері:

- сымдық (есулі қос өткізгіш; коаксиальды кабель; оптикалық);
- сымсыз (радиобайланыс (Wi-Fi, WiMAX); инфрақызыл байланыс; СВЧ-байланыс (Bluetooth) (2.7–2.8-суреттер).
- Li-Fi – жарық көмегімен ақпараттарды жіберу.

Ойланып, желіге қосылу мүмкіндігін қамтамасыз ететін құрылыштарды атаңдар және Интернет желісіндегі ақпараттарды негізге ала отырып, олардың анықтамасын жазындар.





2.7-сурет. Сымдық байланыс



2.8-сурет. Сымсыз байланыс

Білу және түсіну деңгейі



- Масштаб бойынша желі қалай жіктеледі?
- Бір рангілік желінің серверден қандай ерекшелігі бар?
- WI-FI желісінен Bluetooth-дың қандай айырмашылығы бар?
- Вірнеше қабатты компьютерлі үйлердегі компьютерлерді біріктіру қажет. Бұл жағдайда желінің қандай топологиясы мен кабельдің қандай типін және ақпаратты таратудың қандай құралдарын қолдануға болады? Ойларыңды негіздеңдер.
- З смартфонды өзара біріктіру үшін желінің қандай типін таңдайсыңдар? Таңдауларыңды негіздеңдер.

Қолдану деңгейі



Сұлбаны толтырыңдар.





Талдау деңгейі

Жергілікті есептеуіш желінің кеңінен тараган физикалық топологиясын атаңдар.

Компьютер сыйныбында 10 компьютер бар. Ол компьютерлерді желіге қосудың түрлі тәсілдерін ойластырыңдар.

- Суретін салыңдар.
- Кез келген екі абонент арасында ақпаратты жөнелтудің ең қысқа бағыт-бағдарын оңтайлы тәсіл арқылы табыңдар.
- Желінің типтеріне сәйкес біріктірудің артықшылығы мен кемшілігін қарастырып, кестені толтырыңдар (2.1-кесте).

2.1-кесте


Желінің бағалау олшемі	Шина тәрізді	Сақина тәрізді	Жұлдыз тәрізді	Иерархиялық	Аралас	Логикалық
Сымның экономикалық шығыны						
Заңсыз қосылу мүмкіндігі						
Желінің қадіксіз жұмысына абоненттің қосылу мүмкіндігі						
Ақпараттеги серверсіз алмасу мүмкіндігі						
Компьютердің бұзылуы абоненттің желідегі жұмысына зөр етеді мә?						



Жинақтау деңгейі



2.9-суретте бейнеленген желілер топологиясын анықтаңдар.



2.9-сурет. Әртүрлі желілердің топологиясы






Бағалау деңгейі

Шағын зерттеу жүргізілдер. Әуежайда, ірі супермаркеттерде, үйде немесе сыйныпта желілердің қандай топологиясын қолдануға болатынын анықтаңдар.

2.2. Вирустан қорғау қауіпсіздігі

Компьютерді зиянды программалардан қорғау



Адамға тірі ағза ретінде түрлі вирустар жұғатынын білеміз. Ал компьютердің вирустың әсерінен «ауырып қалуы» немесе оны «жүк-тырып алуы» мүмкін бе? Одан қалай сақтанамыз, компьютерді қалай қорғап, «емдеуімізге» болады? Компьютердің зақымдалуының себебі **компьютерлік вирустар** болып табылады.

ЕСТЕ САҚТАНДАР



Компьютерлік вирус – арнайы жазылған шағын көлемді программа.

Вирустар өз-өзінен көбейіп, өздерінің көшірмелерін жасап, жасырын түрде компьютерде тұрған ақпараттарға, құжаттарға зақым келтіруі, кейде оларды өшіріп тастауы мүмкін.

Зиянды программалар – («*malicious software*» сөзінің қысқартылған нұсқасы – «*Malware*» сөзі) компьютерге, серверге немесе компьютерлік жерліде сақталатын мәліметтерге зиян келтіруге негізделетін арнайы программалық жабдықтама.



Мұндай зиянды программаларға жататындар:

Құрттар – бұл желі бойынша көшірмелерін таратуға арналған программа.

Тыңшы программалар – компьютерді пайдалануышының рұқсатсыз әрекеттері туралы ақпарат жинайтын программалық жабдықтама.

Трояндық программалар – бұл санкцияланбаған пайдалануушының әрекеті кезінде орындалатын зиянды программа. Осы программа арқылы келесі әрекеттер орындалады:

- деректерді өшіреді;
- деректерді бүгаттайды;
- деректерді өзгертеді;
- деректерді көшіреді;
- компьютердің және компьютерлік желінің жұмысын баулатады.

Вирус – бұл сендердің компьютерлеріце басқа зақымдалған компьютерлерден, тасымалдаушылар немесе желі (жергілікті, Интернет) арқылы енүі мүмкін. Вирустың мынадай түрлері бар:

1. Жүктеуші вирустар. Мұндай вирустар компьютерді іске қосу жағдайында жүктелетін ішкі программаларды орнатуға және жүктеу секторларына (иілгіш немесе қатты диск) зақым келтіреді.

2. Файлдық вирустар – .com, .exe, .sys файл кеңейтулеріне зақым келтіріп, компьютердің өшуіне дейін алып келеді.

3. Скрипт вирустар файлдық вирустардың бір ерекше түріне жатады. Скрипт вирустар орындауға мүмкіндік беретін файл типтерін зақымдайды, мысалы, **html**.

4. Макровирустар. Макрокомандалар (макростар) қойылған құжаттарды зақымдайды. Бұл вирустар мәтіндерді немесе электрондық кестелерді өңдеу қолданбаларына жиі енгізіледі, себебі мұндай типтегі файлдарда макростар жеңіл қойылады.

5. Желілік вирустар – компьютерлік желі бойынша таралады. Ауқымды желіні пайдалануышылар үшін ең негізгі қауіп – желілік вирустар болып табылады. Желілік вирустар құрамына Интернет-құрт және трояндық (Trojan және Backdoor) программалар енеді.



ЕСТЕ САҚТАНДАР

Компьютердің вируспен зақымдалғандығын білдіретін негізгі белгілері:

- қалыпты жұмыс істеп тұрған программалар жұмысын тоқтатады немесе дұрыс жұмыс істемейді;
- компьютер баюу жұмыс істейді;
- операциялық жүйені жүктеу мүмкін емес;
- файлдар мен бумалардың жоғалуы немесе олардың ішіндегі мәліметтердің өзгеруі мүмкін;
- файл нұсқаларының күні мен уақытының өзгеруі мүмкін;
- файл көлемі өзгеруі мүмкін;
- дискідегі файл санының көнеттен көбеюі мүмкін;
- жедел жад көлемі айтарлықтай азауы мүмкін;
- көнеттен экранға хабарламалардың немесе суреттердің шығуы мүмкін;
- дыбыстық сигналдың өздігінен пайда болуы мүмкін;
- компьютер жұмысының жиі тұрып қалуы және істен шығуы мүмкін.

ТАЛДАНДАР

2.10-суретте компьютерде вируспен жұмыс істей алгоритмі көрсетілген. Компьютерге вирустың қандай жағдайда енуі мүмкін екендігін берілген сызба бойынша түсіндіріп, талданадар.



2.10-сурет. Компьютерде вируспен жұмыс істей алгоритмі





2.11-сурет. Вирустан қорғау программаларының түрлөрі

Вирустан қорғау программаларының түрлөрі (2.11-сурет):

- **детектор-программа** – вируспен зақымдалған файлдарды табуға негізделген. Детектор программасының кемшілігі осы программаны жақтаушыға белгілі вирустарды ғана табады;
- **доктор-программа** – вируспен зақымдалған файлдарды тауып қана қоймай, оны «емдеуге» арналады. Файлдан вирус программаларды ешіріп, бастапқы қалпына алып келеді;
- **фильтр-программа** – компьютермен жұмыс істеу барысында вирустың барын алдын ала хабарлайды. Вирустың көбейгенге дейін жағдайын сақтап қалады. Вирустарды жоюдың басқа да программаларын қолдану талап етіледі;
- **ревизор-программа** – вирустан белсенді өрі сенімді түрде қорғауға арналған.

Компьютерді вирустан қорғау шаралары:

- вирустан қорғау программалары көмегімен компьютерді жүйелі түрде тексеріп отыру;
- Интернеттегі, электрондық поштадағы немесе әртүрлі тасымалдаушылардағы ақпараттарды тексеріп отыру;
- ақпарат деректерінің резервтік кешірмесін алу және лицензияланған программалық жабдықтаманы қолдану.

Ақпараттарды қоргаудың барлық түрлерін пайдалана алатын болсақ, жоғары деңгейдегі қауіпсіздікке жету мүмкін болады.

Жаңа вирустардың пайда болуына байланысты вирустан қорғау программаларын үнемі жаңартып отыру қажет.

360 Total Security вирустан қорғау программасының жұмысына тоқталайық. Программа бес модульге негізделген: Avira және Bit defender тиімді вирустан қорғау ядролары, 360 Cloud «бұлттық» жүйені талдау, QVMII вирустарын айқындаудың проактивтік технологиясы және System Repair қалыптастыруши құралдар жиынтығы.




360 Total Security вирустан қорғау программасы нақты уақыт аралығында зиянды файлдардың барлығын тексереді, вирустан қорғау сигнатураларын күнделікті толықтырып, қоргалатын орта объектілерін талдаپ отырады.

ТӘЖІРИБЕ ЖАСАНДАР

Көпшілікке мәлім вирустан қорғау программаларын талдаңдар. Интернеттен «360 Total Security» атты вирустан қорғау программасын табыңдар. Компьютерге осы программаны жүктендер (2.12-сурет). Жүктелген программаның көмегімен компьютерлеріндегі вирусты жанжақты тексеруден еткізіңдер.

Мына сұрақтарға жауап беріңдер:

Жүйедегі қажет емес объектінің қандай модульдің көмегімен тазарттура болады? Құрылғының жұмысын жылдамдатып, жақсартуға бола ма?



2.12-сурет. 360 Total Security вирустан қорғау программасы

Вирустан қорғау программаларының атқаратын қызметі:

- жедел жадпен жүктелетін диск секторларын вирустардан тексеру;
- жеке файлдарды вирустардан тексеру.

Вирустан қорғау программаларының атқаратын қызметтері:

Біріншіден, тұрақты қорғау қызметіне *вирустан қорғау мониторы* енеді. Вирустан қорғау мониторы компьютерге операциялық жүктеу



кезінде іске қосылады. Ол программа жұмысын зиянды әрекеттерден тексерे отырып, фондық жүйелік процесс ретінде жұмыс атқарады.

Вирустан қорғау мониторының негізгі міндеті зиянды программалардан қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Екіншіден, вирустан қорғау сканері. Ол алдын ала таңдалған кесте бойынша кез келген уақытта іске қосылады. Вирустан қорғау сканері вирус жүқтүрган программаларды жедел жадтан, компьютердің қатты және желілік дискісінен іздеу процесін жүргізеді.

Білу және түсіну деңгейі



1. Сендерге вирустың қандай түрлері белгілі?
2. Зиянды программаларды кім және не үшін жасады?
3. Компьютерде вирустың пайда болғанын қалай білуге болады?
4. Вирустан қорғау программаларының ішінде қандай программалар жиі қолданылады?
5. Өз компьютерлерінде қандай вирустан қорғау программаларын қолдана-сындар?
6. Барлық вирустар қандай да бір вирустан қорғау программын бейтарап-тандыруы мүмкін бе? Бұл жағдайда сендер не істер едіңдер?

Колдану деңгейі



Егер компьютерлеріңе вирус кірсе, не істер едіңдер? Компьютерді вирустан тазалау үшін қандай әрекеттерді орындаисындар?

Талдау деңгейі

Түрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, зиянды программалардың жұмыс істеу принципі мен «зияндылық» әрекеті бойынша топтандар.

Жинақтау деңгейі

1. Форматталған «флешкаға» вирустың енуі мүмкін бе?
2. Түрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, трояндық программыны зерттендер.





Бағалау деңгейі



2.13-суреттегі Вени диаграммасын толтырыңдар. Компьютерлік вирус пен вирустан қорғау программалары арасындағы ерекшеліктерді жазыңдар. Оларды не біріктіретінін түсіндіріңдер.



2.13-сурет. Вени диаграммасы



Вирустан қорғау программалары келесі қызметтерді атқарады: файлдарды тексеру, дискінің жүктелген секторлары мен жедел жадқа енген және жаңадан пайда болған вирустарды іздеу.

Пайдаланушының талабы бойынша қорғану қызметтерінің біріне **вирустан қорғау сканері** жатады. Оны пайдаланушы кез келген уақытта немесе кестеге сәйкес жүктей алады. Ол жедел жадтан, қатты және желілік дискілерден зиянды программаларды іздеу қызметін атқарады.



ӨЗДЕРІҢДІ ТЕКСЕРІҢДЕР

1. Компьютерлік желі деген не?

- a) Интернет желісі бойынша ақпараттармен алмасу процесі;
- b) ақпараттар жіберу арналарымен байланысқан компьютерлер жүйесі;
- c) ақпараттарды Интернет желісі арқылы ұжыммен бірге қолдану жүйесі;
- d) компьютерлердің желі арқылы бір-бірімен байланысуы;
- e) Интернет желісі арқылы ақпараттарды жіберу процесі.

2. Компьютерлік желі түрлерін атаңдар:

- a) Интернет;
- b) Wi-Fi, Интернет;
- c) жергілікті және ауқымды;
- d) спутниктік, Интернет;
- e) сымды және сымсыз.

3. Желілер топологиясын атаңдар:

- a) шина тәрізді, сақина тәрізді;
- b) шина тәрізді, ұялы, логикалық;
- c) сақина тәрізді, жұлдыз тәрізді;
- d) шина тәрізді, сақина тәрізді, жұлдыз тәрізді, ұялы, иерархиялық, логикалық;
- e) жұлдыз тәрізді, ұялы, иерархиялық.

4. Желіге қосылу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қандай құрылыштар қолданылады?

- a) концентратор, коммутатор, маршрутизатор, компьютер;
- b) модем, компьютер, сымсыз қолжетімді нүкте;
- c) компьютер, концентратор, сервер;
- d) сервер, модем, сымсыз қолжетімді нүкте;
- e) компьютер, коммутатор, маршрутизатор, концентратор, сымсыз қолжетімді нүкте.

5. Коммутатор –

- a) кез келген компьютерді Интернет желісіне қосатын құрылғы;
- b) компьютер желісін бірнеше жүйемен байланыстыратын құрылғы;
- c) бірнеше компьютерді бір желіге топастыратын құрылғы;
- d) түрлі желілерді ақпараттарды алмасу хаттамалары бойынша біріктіретін құрылғы;
- e) Интернет желісімен бірнеше компьютерді бір-бірімен байланыстыратын құрылғы.



6. Компьютерлік вирус – бұл ...

- a) арнайы жазылған шағын көлемді программа;
- b) шағын көлемді компьютерлік программа;
- c) зиянды программалардан компьютерді қоргайтын арнайы программа;
- d) компьютердің дұрыс жұмыс жасауына кедергі келтіретін зиянды программалардан қоргайтын арнайы программа;
- e) компьютерді вирустан қоргайтын арнайы программа.

7. Детектор программа:

- a) вируспен зақымдалған файлдарды табуға негізделген;
- b) вируспен зақымдалған файлдарды тауып қана қоймай, оны емдеуге арналған;
- c) компьютермен жұмыс жасау барысында вирустың барын алдын ала хабарлауға негізделген;
- d) вирустардан белсенді өрі сенімді түрде қорғауға арналған;
- e) компьютерді вирустан қорғауға негізделген.

8. Доктор программа:

- a) вируспен зақымдалған файлдарды табуға негізделген;
- b) вируспен зақымдалған файлдарды тауып қана қоймай, оны емдеуге арналған;
- c) компьютермен жұмыс жасау барысында вирустың барын алдын ала хабарлауға негізделген;
- d) вирустардан белсенді өрі сенімді түрде қорғауға арналған;
- e) шағын көлемді арнайы программа.

9. Фильтр программа:

- a) вируспен зақымдалған файлдарды табуға негізделген;
- b) вируспен зақымдалған файлдарды тауып қана қоймай, оны емдеуге арналған;
- c) компьютермен жұмыс жасау барысында вирустың барын алдын ала хабарлауға негізделген;
- d) вирустардан белсенді өрі сенімді түрде қорғауға арналған;
- e) компьютердің жұмыс жасауына зиян келтіретін программалардан қорғауға негізделген.

10. Кеңінен тараған вирустан қорғау программалары:

- a) AVP, Norton AntiVirus, DrWeb, Касперский программы;
- b) MS-DOS, Norton AntiVirus, DrWeb, Касперский программы;



- c) MS WORD, Norton AntiVirus, DrWeb, Касперский программы;
- d) Eset, Norton;
- e) Блокнот, Eset, Norton.

11. Сервер дегеніміз не?

- a) процессор;
- b) арнайы программалық жабдықтамасы бар жадтың көлемі үлкен әрі қуатты компьютер;
- c) орталық компьютер;
- d) жадтың көлемі үлкен, әрі арнайы программалық жабдықтамасы бар компьютер;
- e) программалық жабдықтамалары бар шағын компьютер.

12. Компьютер жұмысын желіде үйымдастыру типін атаңдар:

- a) коммутатор, абонент;
- b) маршрутизатор, концентратор;
- c) бір ранглік және серверге негізделген желілер;
- d) компьютер, үялы телефон;
- e) модем, сервер.

13. Телекоммуникацияны қалай түсінесіндер?

- a) ғаламдық желі арқылы ақпараттармен алмасу жүйесі;
- b) жергілікті желі арқылы ақпараттармен алмасу жүйесі;
- c) компьютер арқылы ақпараттармен алмасу жүйесі;
- d) үялы телефон арқылы ақпараттармен алмасу жүйесі;
- e) орталықтандырылған компьютер арқылы ақпараттармен алмасу жүйесі.

14. Интранет дегеніміз не?

- a) бір сынып ішіндегі желі;
- b) шағын топтардың бір ғимарат ішінде өзара байланысқан құралдарымен жұмыс жасауы;
- c) екі компьютерді байланыстырған желі;
- d) сыныптағы бірнеше компьютердің желіге жалғануы;
- e) бір мекеме ішіндегі желі.

15. Желі түрлерін атаңдар:


- a) LAN;
- b) MAN;
- c) WAN;
- d) LAN, MAN, WAN;
- e) MAN, WAN.



ІІІ БӨЛІМ

ТАПСЫРМАЛАРДЫ ӘЛЕКТРОНДЫҚ КЕСТЕ ҚОМЕГІМЕН ШЕШУ

3.1. Мәтіндік процессордағы кестелер



Мәтіндік процессорда кестелер кез келген мәтінді, суреттерді, объекттерді және басқа да элементтерді жинақтап құжатқа орналастыру үшін қолданылады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Кесте – бағандар мен жолдарда реттеліп берілетін ақпарат.
Кейбір мәліметтердің анық көрінуі үшін құжат жазуда қолданылатын объект.

Кесте бағандар мен жолдардан тұрады.

Баган мен жолдың қызылсызы ұяшық деп аталады. Ұяшықтарға түрлі ақпараттар (сандар, мәтіндер, формуулалар т.б.) жазылады.

3.1-суретте кестенің құраушылары (компоненттері) берілген:

- кестені жылжыту маркері;
- ұяшықтар арасындағы интервалдар;
- жолдың соцындағы символдар;
- ұяшықтар соцындағы символдар;
- кестенің өлшемін өзгерту маркері;
- ұяшықтар алаңы.



The diagram shows a 3x4 grid of cells. Labels with arrows point to specific parts:

- Кестенің жылжыту маркери** (Cells containing data)
- Ұяшыктар арасындағы интервалдар** (Intervals between rows)
- Жолдың соңындағы символдар** (Symbols at the end of the row)
- Ұяшыктар аланы** (Area of the cells)
- Жолдың соңындағы символдар** (Symbols at the end of the row) - this label appears twice
- Кестенің орнындағы езгерту маркери** (Cells with changes)


3.1-сурет. Кестенің құраушылары

БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

Кестені түрлі тәсілмен құруға болады. Құжатқа кестені кірістіру үшін курсорды (мендерді) кестені қоятын орынға әкелу керек.

Бірінші тәсіл:

1. Кірістіру (Вставка) менюіндегі **Кесте** (Таблица) тізімдемесін (3.2-сурет) ашындар.
2. Кестені кірістіру (Вставка таблицы) тізімінен Кестені кірістіру (Вставка таблицы) белімін таңдаңдар.
3. Кестені кірістіру (Вставка таблицы) терезесінде жолдың және бағанның санын көрсетіңдер.
4. Оқ батырмасын басындар.



3.2-сурет. Кесте құру



Екінші тәсіл:

1. **Кірістіру (Вставка)** менюіндегі қосымша беттен **Кесте (Таблица)** тізімдемесін ашындар.

2. **Кестені кірістіру (Вставка таблицы)** тізімінен керекті жол мен бағандарды ерекшелендер (кестенің ең үлкен өлшемі – 10x8).

3. Тінтуірдің сол жақ батырмасын бір рет шертіндер.

Үшінші тәсіл (кестені салу):

1. Менюдегі **Кірістіру (Вставка)** қосымша беттен **Кесте (Таблица)** тізімдемесін ашындар.

2. **Кестені салу (Нарисовать таблицу)** бөлімін таңдаңдар;

3. Алдымен қарындашпен кестенің сыртқы сызықтарын, содан кейін ішкі бөлігінің сызықтарын сызындар.

4. Кестенің түрі мен өріс енін орнатқаннан кейін кесте элементтерін **форматтауға** көшуге болады.

5. MS Word мәтіндік процессорында кестені форматтау бірнеше командалармен орындалады. Енді біз мәтінді форматтаудың негізгі тәсілдерін қарастырамыз.

КЕСТЕ САҚТАНДАР

Форматтау дегеніміз мәтіннің сыртқы түрін өзгерту процесі.

Мәтінді форматтау – бұл өрістерді, абзацты және шегіністі енгізу, мәтінді туралау (сол жағы, он жағы, ортасы және ені бойынша), жол аралық интервал, графикалық объектілерді кірістіру, орфографиялық тексеруді жүзеге асыру және т.б.).

Кестедегі мәтіннің сыртқы түрін өсерлеп өзгерту әдістерінің біріне қаріпті өзгерту жатады. Қаріпті өзгерту үшін мәтіннен бөліп алған үзінділер мен ұшықтағы сөздер қолданылады.

Қаріптің жазылуы мен түрін өзгерту үшін **Басты (Главная)** қолданбасындағы **Қаріп (Шрифт)** тобы пайдаланылады. Қаріптің ашылған тізімінен қажеттісін таңдау, **Қаріп өлшемі (Размер шрифта)** тізімінен символдың өлшемі анықталады.

Кестені форматтау үшін кестені белгілең, **Конструктор қолданбасынан** Кесте стилі тобын таңдаймыз. **Қосымша параметрлер** батырмасымен **Кіріктірілген стильдер** терезесінен кестелерді жылдам безендіру үшін кез келген стильтің таңдауға болады.

Microsoft Word командаларының көмегімен бірнеше секунд ішінде






3.3-сурет. Конструктор қосымша менюі

кестені безендіруге болады. Кестені құрғаннан кейін оны безендіру Конструктор (3.3-сурет) және Макет (Кестемен жұмыс) менюлері арқылы орындалады.

Конструктор менюінің көмегімен келесі өрекеттерді орындаімyz:

- Кестені салу (Нарисовать таблицу) командасындағы қарындашпен бағандарға және жолдарға сзықтар қосуға немесе өшіргішпен ешіруге болады (3.4-сурет).



3.4-сурет. Кестемен жұмыс

- Шегара салу (Нарисовать границы) командасты арқылы кесте шегарасы сзықтарының түрін, қалындығын, түсін өзгертеміз.

- Кестелер стилі (Стили таблиц) командасты көмегімен кестенің қажетті стильдерін таңдаймыз.

Макет менюінің көмегімен келесі өрекеттерді орындауға болады: (3.5-сурет)

- Жолдың биіктігі мен бағанның енін түзету (Выравнивать высоту строк и выравнивать ширину столбцов) командалары арқылы жолдар/бағандардың биіктігі мен енін өзгерте аламыз.





3.5-сурет. Макет меню

- **Ұяшықты бөлу (Разделить ячейку)** командалары арқылы бір ұяшықты бірнеше ұяшыққа бөлеміз.
- **Кестені бөлу (Разделить таблицу)** командалары арқылы бір кестені екіге бөлуге болады.
- **Мәтін бағыты (Направление текста)** командасы арқылы ұяшықтарды мәтін бағытын өзгерту орындалады.
- **Сұрыптау (Сортировка)** командасы арқылы кесте ішіндегі мәліметтерді сұрыптау жүзеге асады.

Білу және түсіну деңгейі



1. Кесте не үшін қолданылады?
2. Кестені құрайтын негізгі компоненттерін атаңдар. Олар не үшін қажет?
3. Кестені құрудың қандай тәсілдерін білесіңдер?
4. Мәнерлерді (Стиль) қолдана отырып, кестені қалай құруға болады?
5. Қарындашты қолдану арқылы кестені қалай құруға болады?
6. Кестемен жұмыс істегендеге қандай қосымша беттер пайда болады?



Колдану деңгейі



1. Word мәтіндік редакторында төрт бағаннан және төрт жолдан тұратын кесте құрындар.
2. Кестені ерекшелеп, қаріп типін Arial және өлшемін 12 pt етіп таңдаңдар.
3. Бірінші жолдың ұяшықтарын біріктіріп, кестеге тақырып қойындар.
4. Заттардың қасиеті туралы мәліметті кестеге жазындар.
5. Егер кестені толтыру кезінде бағанның енін өзгертулерің келсе, онда меңзерді бағанның шегарасына орнатқанда екі бағытты нұсқама пайда болады, тінтуірдің сол жақ батырмасын ұстап тұрып бағанның енін қалаганыңдарша үлкейтіп немесе кішірейте аласындар (3.1-кесте).



3.1-кесте

Кейбір заттардың қасиеті			
Атауы	Оттегі	Темір	Сү
Агрегаттық күйі	Газ	Қатты	Сұйық
Түсі	—	Сұр	—

Кестеге қосымша бір жол қосындар және оған заттың иісі туралы мәліметті жазындар (3.2-кесте).

3.2-кесте

Кейбір заттардың қасиеті			
Атауы	Оттегі	Темір	Сү
Агрегаттық күйі	Газ	Қатты	Сұйық
Иісі	—	—	—
Түсі	—	Сұр	—

6. Өздерің курган кестені форматтаңдар (3.3-кесте):

- алдымен кестенің тақырыбын ортага қойындар. Ол үшін тақырып жолын ерекшелеп, **Ортасына (По центру)** батырмасына, содан кейін **Жартылай қарайту (Полужирный)** батырмасына басындар;
- улгіде көрсетілгендей етіп кестенің жиектерін сыйындар.

3.3-кесте

Кейбір заттардың қасиеті			
Атауы	Оттегі	Темір	Сү
Агрегаттық күйі	Газ	Қатты	Сұйық
Иісі	—	—	—
Түсі	—	Сұр	—


Конструктор менюінен **Шегара (Границы)** командасын таңдаңдар; сыйықтың енін 2.25 пт етіп алындар; **Кесте стилі (Стили таблицы)** командасын таңдау арқылы кестені безендіріндер.





Талдау деңгейі

«Қазіргі заман адамына өте қажетті құрал» тақырыбына сөзжүмбақ құрындар (3.6-сурет).



3.6-сурет. Сөзжүмбақ



Жинақтау деңгейі



1. Өздерінің үй кітапханаларында сақталған 5–7 кітап туралы мәліметті жазып, кестесін құрындар. Кестеде қанша баған болу керек және олардың қалай аталағынын ойластырындар. Кестеге қосымша 3 жол қосып, оны толтырындар.

2. «Сабақ кестесі» атымен кесте құрындар (3.4-кесте).

1. Microsoft Word 2010 мәтіндік процессорын іске қосындар.
2. Кестені құрындар («Сабақ кестесін» қара).
3. Немірленген бағанды солға қарай жылжытып, тінтуірдің көмегімен қажетті енін орнатындар. Басқа барлық ұяшықтардағы мәтінді ортасы бойынша тураландар.
4. 1, 2,... сандарын тізім ретінде енгізу үшін **Кірістіру** командасын пайдаланындар.



5. Апта күндері мен сабактың нөмірлерін жартылай қою қаріппен ерекшелендер.
6. Кесте үшінші тарына қажетті мәтінді енгізіңдер.
7. Жанама менің көмегімен бағаның енін 3 см, жолдың биіктігін 1,5–2 см етіп қойыңдар.
8. Ултіде көрестілгендей етіп, ішін түспен бояңдар.

3.4-кесте

Сабак кестесі

	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сөрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1.	Математика	Қазақ тілі	Математика	Орыс тілі	Дене тәрбиесі	Математика
2.	Информатика	Музыка	Әдебиет	Әдебиет	Математика	Қазақ тілі
3.	Әдебиет	Орыс тілі	Орыс тілі	Математика	Биология	Ағылшын тілі
4.	Дене тәрбиесі	Математика	Ағылшын тілі	Қазақ тілі	Сызу	Қазақстан тарихы
5.	Қазақстан тарихы	География	Қазақ тілі	Ағылшын тілі	Орыс тілі	Сынып сағаты
6.	Ағылшын тілі	Қазақ әдебиеті	Биология	Өзін-өзі тану	География	

Бағалау деңгейі

Зерттеулер жүргізіндер. Кестені құру тәсілдерінің ішінен әмбебап тәсілді анықтаңдар.



3.2. Электрондық кесте элементтерін форматтау




MS Excel-де деректерді форматтау үшін *форматтау тәсілі* қолданылады. Кестені форматтауда ұяшық немесе ақпараттар аймағы ерекшеленген болуы тиіс. Форматталған ұяшықтар (оларға жаңа формат қолданылmasa немесе ескісі жойылmasa) өзінің форматын сақтайды.

Ұяшықты көшірген кезде оның форматы да көшіріледі.

Ерекшеленген ұяшықтардағы форматтарды басқа ұяшыққа жылдам көшіру үшін Негізгі (Главная) менюден Алмастыру буфері (Буфер обмена) тобындағы Үлгі бойынша форматтау (Форматирование по образцу) командасын орындау қажет (3.7-сурет).

Форматтау кезінде:


- мәліметтер типіне (сан, күні, мәтін және т.б.),
- қаріп түсіне,
- құю (заливка) түсіне,
- шегараларға (границы),
- туралуға өзгерістер енгізіледі.



3.7-сурет.


Үлгі бойынша форматтау

Сандардың разрядтылығын өзгерту үшін **Сан (Число): Разрядтылығын үлкейту (Увеличить разрядность)** немесе **Разрядтылығын кішірейту (Уменьшить разрядность)** қолданылады (3.8-сурет):




3.8-сурет. Сандың разрядтылығы





3.9-сурет. Қаріп (Шрифт) тобындағы командалар



3.10-сурет. Мәтінді туралуа

БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

Бағанның енін немесе жолдың биіктігін өзгерту келесі өрекеттермен орындалады:

- О Бір немесе бірнеше бағанды ерекшелендер.
- О Ақ түсті кестелік мәңзер қара түске ⇔ өзгертілгеннен кейін бағандар ішіне ақпараттарды енгізу үшін мәңзерді орналастырыңдар.
- О Үяшықтың енін үлкейтіп немесе кішірейту үшін тінтуірдің сол жақ батырмасын баса отырып, оны оңға, не солға қарай жылжытыңдар.
- О Тінтуір батырмасын босатыңдар.
- О Егер бірнеше баған ерекшеленетін болса, онда бір ғана бағанның енін өзгерту арқылы ерекшеленген бағандардың енін өзгерте аламыз.

Бағанның енін терілген мәтіннің көлеміне сәйкес өзгертуге болады.
Мысалы:

- О Мәтін терілген болса, мәңзерді баған атауының шетіне жақындастыңдар да, тінтуірдің сол жақ батырмасын басып тұрып бағанның енін керегінше созыңдар.
- О Бағанның шегарасы үяшықтағы терілген сездің ұзындығына сәйкес автоматтты түрде тураланады (3.11-сурет).



Ерекшеленген аймақтағы түсті, елшемді және асты сызылған қарпіті, бояу түсін және шегараны өзгерту өрекеттері **Негізгі (Главная)** менюдегі **Шрифт** тобының командалары арқылы жүзеге асады (3.9-сурет).

Кестенің бірнеше үяшықтарын **Біріктіру (Объединить)** және **Ортасына орналастыру (Поместить в центр)** Негізгі (Главная) менюіндегі **Туралуа (Выравнивание)** командаласы арқылы орындалады.


Үяшықтағы ақпаратты ортасына орналастыру үшін **Туралуа (Выравнивание)** тобындағы командаларды орындеймиз (3.10-сурет).

Үяшық ішіндегі **Мәтіннің жазылу бағыты Негізгі (Главная)** менюдегі **Бағдарлау (Ориентация)** командаласы арқылы іске асады.

	A	B		A	B
1			1		
2	қыргүйек		2	қыргүйек	
3	қазан		3	қазан	
4	қараша		4	қараша	
5	желтоқсан		5	желтоқсан	
6			6		

3.11-сурет. Автоматты туралуа

Excel-де кестені форматтаудың дайын үлгілері (Стили таблиц) берілген (3.12-сурет). Егер бұл үлгілер пайдаланушының талаптарын қанағаттандырымаса, онда оның өзіне қажетті үлгідегі кестені құруға мүмкіндігі бар.




3.12-сурет. Форматтау мәнерлері

Кесте шегарасын қою үшін келесі әрекеттер орындалады:

- Үяшықтарды таңдаңдар.
- Негізгі (Главная) тіркемесінен Шегаралар (Границы) менюіндегі тізімді ашындар.
- Қажетті шегара стилін таңдаңдар.



- О Шегара (границы) тобының құралдарымен шегараларды сыйзуға, түсін және сыйзық типтерін өзгертуге болады (3.13-сурет).



3.13-сурет. Шегараларды белгілеу

Қаріптің түсін өзгерту үшін келесі әрекеттер орындалады:

- О Қаріп түсін өзгертертін ұяшықты таңдаңдар.
- О Негізгі (Главная) тіркемесіндегі Шрифт командасын таңдаңдар.
- О Түс (Цвет) белімінен қажетті түстерді таңдаңдар.

БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

Кестені құру кезінде барлық деректерді қолмен енгізуудің қажет еместігі электрондық кестенің ерекшелігін айқындаиды. Қайталанатын деректерді енгізу барысында олардың автоматтты түрде енгізілетіндігі және оның белгілі бір заңдылықтары негізге алынады.

Бұл процесті жүзеге асыру үшін Толтыру маркерін (Маркер заполнения) қолданамыз (3.14-сурет).



– Толтыру маркеріне тінтуір меңзерін жүгірткенде ол қара крест (+) түріне өзгереді.

– Тінтуірдің сол жақ батырмасын басып тұрып қажетті үшшыққа дейін төменге (немесе онға, немесе солға) қарай тартыңдар.

– Тінтуір батырмасын жіберіндер. Мәндер автоматты түрде көшіріледі.

Сонымен қатар **Толтыру маркері** көмегімен сандық реттілікті, күнімен жұмыс күндерінің реттілігін жылдам форматтауға, автоматты түрде толтыру тізімімен жұмыс істеуге болады.



3.14-сурет.
Толтыру маркері

Білу және қолдану деңгейі



1. Электрондық кестедегі форматтау деген не?
2. Үяшықтар қандай команда арқылы бірігеді?
3. Excel кестесінде матінді диагональ бойынша жазуға бола ма?
4. Баганың енін немесе жолдың биіктігін қалай өзгертуге болады?
5. Шегаралар не үшін қолданылады?
6. Қаріптің түсін қалай өзгертуге болады?
7. Мәтіндік процессордагы кестеден электрондық кестенің қандай айырмашылығы бар?
8. Толтыру маркері (Маркер заполнения) не үшін қолданылады?



Қолдану деңгейі



1. Сәйкестікті анықтаңдар (3.5-кесте):

3.5-кесте

Анықтамасы	Аталуы
1. Ақпараттарды кесте түрінде беруге және оларды автоматты түрде өндөуге негізделген қолданба	a. Электрондық кесте
2. Ақпараттарды кесте түрінде беруге және оларды автоматты түрде өндөуге негізделген арнайы программалар пакеті	b. Excel
3. Жеке беттерде ақпараттарды (деректер) сақтайтын файл	c.. .xlsx
4. Excel кітабының кұрамды белігі	d. Excel-дің жұмыс кітабы
5. Excel процессорында құрылған файлдардың кеңейтілуі	e. Үяшың
6. Жұмыс парагында баған мен жолдардың қызылсызы	f. Жұмыс парагы



61

2. Үлгі бойынша кестеге ақпараттарды енгізіп, форматтаңдар (3.6-кесте):

3.6-кесте

Доллар курсы: Еңбекақыны есептеу						
№	Тері, аты-жөні	Есептелді	Салықтар		Теңгемен беру	\$-мен беру
			табыс 5%	зейнетакы 10%		
1		108 000				
2		105 000				
3		135 000				
Барлығы						
Ең үлкені						
Ең кішісі						
Орташа						

Талдау деңгейі

Төмөнделгі тізімдердің ішінен форматтауга қатысты сәйлемдерді белгілеңдер (3.7-кесте):

3.7-кесте

1	Ұяшықтагы мәтіндерді өзгерту
2	Қаріптің түсін өзгерту
3	Ұяшыққа енген мәліметтерді өзгерту
4	Ұяшықты оң жақ шеті бойынша туралау
5	Ұяшықтың өлшемін өзгерту
6	Ұяшықтарды беліп алу
7	Шегараларын орнатып, өзгерту
8	Ұяшыққа бояу құюды өзгерту
9	Мәліметтер типін (мәтін, күні, саны т.б.) өзгерту
10	Қандай да бір символдарды өзгерту
11	Ақпараттарды өшіру





Багалау деңгейі

3.15-сурет бойынша зерттеу жүргізіндер. Кестедегі деректер не үшін керек? Ол деректермен қандай есептеу түрлерін жүргізуге болады? Берілген кестеде деректерді автоматты түрде есептеуге бола ма?

		Орташа балл: 0,00	0,67	1,00	1,33	1,67	2,00	2,33	2,67	3,00	3,33	3,67	4,00	4,00
Гимназия №1		Тапсырым мен бағыту жүмысындағы жағынан Ең жоғары балл												
Мұғалжан Атас-жані		Тапсырым мен бағыту жүмысындағы жағынан Ең жоғары балл												
Сынып/жоба		Тапсырым мен бағыту жүмысындағы жағынан Ең жоғары балл саны:	0											
Жыл/семестр/түрісін		Ең жоғары балл саны:	0											
Окүшіның тегі	Окүшіның номірі	Орташа мөні	Врілтік бағалау	Орташа балл (GPA)										
Уланғазы Сара	1	1,00%	F	0,00										
Алишев Даниир	2		F											
			F											
			F											
			F											
Сыныптың үлгірімі		Орташа мөні	Орташа бағалау	Орташа балл (GPA)										
Орташа мөні		1,00%	F											
Ең жоғары балл		1,00%	F											
Теменін балл		1,00%	F											

3.15-сурет. Деректерді есептеу

3.3. Деректер форматы

НЕ ҮЙРЕНЕСІНДЕР?

Деректер типінің форматы

ТҮЙІН СӨЗ

Деректер типтері
Типы данных
Data types

Excel электрондық кестесінде деректер типінің форматтары қандай? Деректер типтерін форматтаудың түрлерін қарастырайық.



ЕСТЕ САҚТАНДАР




Деректер форматы:

- **Мәтін** – бұл ұяшықтардағы символдар (сөздер мен жолдар) жиынтығын қамтитын деректер типі. Мысалы, мәтін кестенің тақырыбын енгізу үшін қолданылады.
- **Сан** – бұл ұяшықтардағы бүтін немесе нақты типті қамтуға арналған деректер типі.
- **Формулалар** – бұл типтегі ұяшықтарға есептеулер жүргізеді, қасиеті мен мәнін тексереді, ұяшықтар арасындағы байланысты адрестік сілтеме көмегімен құру үшін қолданылады.

БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

Ұяшықта деректердің бейнелену форматын көрсету үшін ұяшықты немесе ұяшықтар диапазонын ерекшелеп алыңдар. Ерекшеленген бөлім бойынша тінтуірдің оң жақ батырмасын басқан кезде жанама меню ашылады. Тізімнен **Ұяшықтар форматын** (**Формат ячеек**) таңдаңдар. Сандар (**Число**) параптасына өтіңдер (3.16-сурет). Өзіңе қажетті деректер форматын таңдаپ, **ОК** батырмасына басыңдар.




3.16-сурет. Ұяшықтар форматы




Деректер форматын өзгертуудің басқа да бірнеше тәсілдері бар:

1-тәсіл. Негізгі (Главная) тіркемесіндегі Число тобынан таңдау арқылы Үяшықтар форматы (Формат ячеек) терезесін шақыруға болады.



2-тәсіл. Жылжымалы менюден белгін таңдаганда, Басқа сандық форматтар (Другие числовые форматы) пункті пайда болады. Егер оны таңдасақ, онда экранға Үяшықтар форматы (Формат ячеек) терезесі шығады (3.17-сурет).



3.17-сурет. Деректер типінің форматы

Деректер форматын келесідей жіктеуге болады (3.17-сурет):

- **Жалпы (Общий)** – ағымдағы формат болып табылады.
- **Сандық (Числовой)** – бүтін немесе нақты сандарды көрсету форматы. Мұнда ондық таңбаларды қосуға, өшіруге және разрядтардың тобын беліп көрсетуге болады.
- **Ақша (Денежный)** – сандарды ақша бірлігінде көрсету форматы.
- **Күні/уақыт (Дата/время)** – санды күні/уақыт бірліктерінде көрсету форматы. Excel-де күндері бүтін сандар арқылы беріледі. Мысалы, 08.02.2017 күні сан түрінде 42473 деп беріледі, ол 01.01.1900 бастапқы уақытынан күндердің санын білдіреді. 01.01.1900 күнінен бұрынғы күндер Excel-де мәтін ретінде берілген болатын.



– **Пайыздық (Процентный)** – нақты сандарды пайыз түрінде көрсету форматы. 0 саны 0% деп көрсетілсе, ал 1 саны 100% деп көрсетіледі.

– **Бөлшек (Дробный)** – нақты сандардың бөлшек түрінде берілу форматы (3.18-сурет).

– **Барлық формат (Все форматы)** – осы нұсқаның көмегімен сандардың берілу типін түрлендіріп, жазуға болады. Мысалы, 13.01.17 күні ДД.ММ.ГГ. түрінде көрінеді, егер оны МММ.ГГ өзгертсек онда күн «қаңтар.13» деп өзгертіледі.

	A	B	C	D	E	F
1	Сандық	Ақша	Күні	Пайыз	Бөлшек	Маска бойынша
2	7712305,17	7712 305,17	01.01.2017	100%	2/7	8 қантар
3			02.01.17			

3.18-сурет. Түрлі деректер форматы

ОЙЛАНЫП, ЖАУАП БЕРІНДЕР

Үяшықты форматтау деректер типіне тәуелді ме? 3.19-суреттегі деректерді қалай форматтауга болады? Егер үяшықта мәтін болса, онда деректер үяшықтың қай белгінде форматталады? Сандық және басқа да деректерді форматтау үяшықтың қай белгінде орындалады?

Сандар мәтін түрінде форматталған

3.19-сурет. Түрлі деректер типтерінің форматталуы



Өріске деректерді енгізу кезінде өрістегі деректер типін автоматты түрде тексеруге және енгізілген деректерді тексерудің қосымша ережелерін орнатуға болады. Бұл өріске жазылған деректерге түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Мәндер басқа өріске жазылған жағдайда да оларды тексеруді орындаі аламыз (3.20-сурет).

F	G	H	I	J	K	L	M	N
Деректер типтері								
Салем!	Матіндік формат	25						
100%								
1001								
1000,00								
08.01.2017								

3.20-сурет. Енгізілген мәндердің жазылуын шартқа сәйкес тексеру

Электрондық кестеде есептеулерді жүргізу үшін **формулалар** жиек колданылады. Кестеде есептеулерді орындау өрнегі формула болып табылады. (=) немесе (-), (+) таңбаларынан кейін арифметикалық өрнектер жазылады, олар сандардан, үяшықтар (\leftarrow сілтемелер) адресінен, математикалық амалдардың (+, -, /, *) символдарынан тұрады.

ЕСТЕ САҚТАНДАР



Формула — деректерді есептеу мен талдауға арналған Excel-дің арнаійы құралы.

Үяшықта формуланы енгізу «=» теңдік таңбасынан басталып, «Enter» пернесін басумен аяқталады. Үяшықтарға орналасқан сандар гана формулага енгізіледі.

Формуладағы сілтемелер үяшықтар адресін көрсетеді. Сілтемелер **Салыстырмалы (Относительные)** (A1, B2, C5) және **абсолютті (\$A1, \$B\$2, C\$5)** болып белгіленеді. Диапазон **A1:C8, G1:H7** және т.б. болып белгіленеді.


Ағындағы уақытта үяшыққа жазылған формула түріндегі сілтемелер **Салыстырмалы (Относительные)** болып келеді. Бұл жағдайда формулаарды бір үяшықтан екінші үяшыққа көшіру барысында сілтеме адресі өзгереді де, абсолютті адрестеу өзгермейді.



БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

Екі санды бөлу мысалын қарастырайык.

А1 үшін алғындар. Формула жолына «=> таңбасын енгізіп, одан кейін 100/5 өрнегін жазып, Enter батырмасына басындар, нәтижесінде үшінші 20 саны пайда болады (3.21-сурет). Ал формула жолында = 100/5 өрнегі бейнеленеді.



3.21-сурет.

Формуланы қорыту



Білу және түсіну деңгейі



1. Электрондық кестедегі деректер форматтарын атаңдар.
2. Қандай жағдайларда бірдей немесе түрлі деректер типін қолдануға болады?
3. Жалпы формат қай кезде қолданылады?
4. Деректер форматын қалай өзгертуге болады?
5. Формула қандай белгіден басталады? Қандай формулаларда арифметикалық амалдар қолданылады?
6. Салыстырмалы адрестеу дегеніміз не?
7. Абсолюттік және салыстырмалы адрестердің айырмашылығы қандай?



Қолдану деңгейі



1. Ондық сандар үшін «сандық» форматын қолданып, **Разрядтар тобыны болуші** (Разделитель группы разрядов) аумағына белгіше қоя отырып, разрядтар тобына боліндер.
2. Ондық санга **Ақша форматын** (Денежный) және валюта шартты белгісін орнатындар. Мысалы, рубльді қазақстандық теңгеге ауыстырындар. Сонда 56,89 саны Т56,89 түріне ауыстырылып жазылады.



Талдау деңгейі



1. Төменде берілген (3.8-кесте) деректерге бөлшек форматын енгізіңдер.

3.8-кесте

Дәстүрлі формат	Бөлшек форматы
5,6	5 3/5
30,3	30 3/10
25,5	25 1/2

2. Компьютер парақшасына сыныптастарының тұған күнін (күні/уақыт форматы бойынша) енгізіңдер. Үшінші қа сандарды дұрыс енгізуде автоматты түрде тексеру қызметіне назар аударындар.






Жинақтау деңгейі

Мәтіндік формат – деректер қалай енгізілсе, солай бейнеленетін формат.

Мысалы, 456 санын енгізіп, оны мәтін түріне, одан кейін сан түріне форматтаңдар. Мәтінді сол жаққа, ал санды оң жаққа форматтаң жазыңдар.

456	<- мәтін
456	<- сан

Ұяшықтар форматы (Формат ячеек) сұхбат терезесіндегі **Туралау (Выравнивание)** өрісі арқылы ұяшықтардағы мәндерді форматтаңдар. Бұл форматтау деректер типін орнатқанинан кейін орындалады (3.22-сурет):



3.22-сурет. Туралау бөлімі

Мына әрекеттерді: Қаріп, шегара, ұяшықты бояу, кестелер және т.б. командаларды қолдану арқылы өзгерістер енгізіндер.




Бағалау деңгейі

- Бір ұяшыққа сабактың басталу уақыты жазылуы тиіс (Уақыт форматында). 1-сабак 8 сағат 30 минутта басталады, ал соңғы сабак 15 сағат 25 минутта аяқталады деп жазу ұсынылады. Сабактың үзактығы – 40 минут. Ұяшыққа автоматты түрде енгізетін деректерге тексерулер жүргізіп отыру қажет.




2. Ұяшықтарға Қорғаныс (Зашита) орнату үшін **Формат** терезесіндегі Қорғаныс (Зашита) бетшесін қолданыңдар (3.23-сурет). Электрондық кестедегі ұяшықтарды кімнен және нeden қорғайды және ол не үшін қажет?



3.23-сурет. Защита (Қорғаныс) бетшесі

3.4. Шартты форматтау



Шартты форматтау – бұл электрондық кестедегі тиімді форматтау күралдарының бірі. Ол ұяшықтарды құрамына қарай автоматты және тандамалы түрде форматтауды жүргізеді. Шартты форматтауды үйрену үшін сандарды «ұлкен, кіші, тең» таңбаларын қолдану арқылы мәндерді салыстырудан бастайык.

БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

Түрлі ұяшықтарғы мәндерді салыстырып, деректерді талдау жіңі кездеседі. Бұл жағдайда ұяшықтарды белгілі бір анықталған өлшемдерді қанагаттандыратындей етіп ерекшелеп, бөліп алған ыңғайлыш. 3.24-сурете бағалы қағаздар бойынша ай сайынғы кіріс мәндері берілген жұмыс құжаты көрсетілген.



1	Мәліметтерді салыстыру негізінде шартты форматтау	
2		
3	Айы	Kіріс (%)
4	қантар	2,6
5	ақпан	2,5
6	наурыз	3,1
7	сәуір	2,9
8	мамыр	3,2
9	маусым	2,7
10	шілде	2,4
11	тамыз	2,3
12	қырғүйек	2,7
13	қазан	3,3
14	қараша	3,1
15	желтоқсан	2,9

3.24-сурет. Шартты форматтау үшін берілген мәліметтердің бастапқы мәндері

B4:B15 ұяшықтарын шартты форматтауда кірістің 2,8-ден кіші орташа мәндерін ашық қызыл түспен, ал мәтін қызыл түспен ерекшеленетіндей етіп берейік.


Бұл әрекеттерді орындау үшін **B4:B15** ұяшықтар диапазонын ерекшелеп аламыз. Шартты форматтауды қолдану үшін **Басты (Главная)** меню тақтасындағы **Шартты форматтау** батырмасына басыңдар. Ұяшықтарды ерекшелеп, жылжымалы менюден **Кіші (Меньше)** командаларын таңдаймыз (3.25-сурет).

1	Мәліметтерді салыстыру негізінде шартты форматтау	
2	Айы	Kіріс (%)
3	қантар	2,6
4	ақпан	2,5
5	наурыз	3,1
6	сәуір	2,9
7	мамыр	3,2
8	маусым	2,7
9	шілде	2,4
10	тамыз	2,3
11	қырғүйек	2,7
12	қазан	3,3
13	қараша	3,1
14	желтоқсан	2,9

3.25-сурет. Шартты форматтауды қолдану



Кіші (Меньше) құрылымынан шартты форматтау сұхбат терезесі ашылып, Ұяшықтарды форматтау (**Форматировать ячейки**) тізбегі шығады. Содан кейін **Кіші (Меньше)** құрылымына форматталатын ұяшыққа салыстырылатын мәнді енгіземіз (күні немесе ұяшықтың адресі). Онда 2,8 санын көрсетеміз. Ашылған тізімнің оң жақтағы белгінен форматталу тәсілін (Ұяшықтарды және мәтінде бояу: «Светло-красная заливка и темно-красный») таңдаймыз. 3.26-суретте мәтін қоңыр-қызыл түспен, ал ұяшықтар ашық-қызыл түспен боялғандығы көрсетілген.



3.26-сурет. Шартты форматтауды баптау

Бұл шартты форматтауды орындаудың ең қарапайым мысалы.

ТӘЖІРИБЕ ЖАСАНДАР

Шартты форматтауда орындалған әрекеттер түсінікті болуы үшін директор енгізілген ұяшықтар тобын ерекшелейміз.

Шартты форматтаудағы Белгішелер жиындары (Наборы значков) командасын таңдағанда, сандық деректер енгізілген ұяшықта бағыты әртүрлі бағыттауштар шығады (3.27-сурет).

Үнсіз келісім бойынша программа бөлініп алынған диапазонда орта мәннен үлкен, ортадан кіші және орта мәнге тең мәндерді анықтайды.

Ережеге сәйкес форматтау үшін **Қосымша ережелер (Другие правила)** пункті пайдаланылады.



The screenshot shows a Microsoft Excel spreadsheet titled 'Книга2 - Microsoft Excel'. The 'Format' ribbon tab is active. A context menu is open over a table containing data about countries and their percentages. The menu is expanded to show the 'Conditional Formatting' section, which includes options like 'Правила выделения ячеек' (Formatting rules), 'Правила отбора первых и последних значений' (Rules for top and bottom values), 'Использование' (Use), and 'Выборка значков' (Icon sets). The 'Icon sets' option is currently selected.

Айы	Кіріс (%)
Алматы	2,6
Ақтөр	2,5
Ақтөз	3,1
Семей	2,9
Мәмбет	3,2
Мұстағам	2,7
Алғара	2,4
Талдықорған	2,3
Кыргызстан	2,7
Ақжайын	3,3
Ақтау	3,1
Жаптасан	2,9

3.27-сурет. Белгішелер жиындары


Егер үяшықта мәтін, сан немесе күні енгізілсе, шартты форматтау үшін қажетті үяшықты белгілең, Шартты форматтау (Условное форматирования) батырмасына басу керек. Содан соң Алғашқы және соңғы мәндерді іріктеу ережелері (Правила отбора первых и последних значений) белімінен Орта мәннен жоғары (Выше среднего) бөлімі таңдалады (3.28, 3.29-суреттер).

The screenshot shows a Microsoft Excel spreadsheet titled 'Книга2 - Microsoft Excel'. The 'Format' ribbon tab is active. A context menu is open over a table containing data about countries and their percentages. The menu is expanded to show the 'Conditional Formatting' section, which includes options like 'Правила выделения ячеек' (Formatting rules), 'Правила отбора первых и последних значений' (Rules for top and bottom values), 'Использование' (Use), and 'Выборка значков' (Icon sets). The 'Icon sets' option is currently selected.

Айы	Кіріс (%)
Алматы	2,6
Ақтөр	2,5
Ақтөз	3,1
Семей	2,9
Мәмбет	3,2
Мұстағам	2,7
Алғара	2,4
Талдықорған	2,3
Кыргызстан	2,7
Ақжайын	3,3
Ақтау	3,1
Жаптасан	2,9

3.28-сурет. Алғашқы және соңғы мәндерді іріктеу ережелері





3.29-сурет. Орта мәннен жогары белімі арқылы алғашқы және соңғы мәндерді іріктеу ережелері

Білу және түсіну деңгейі




- Шартты форматтау қандай мақсатта қолданылады?
- Шартты форматтауды қолдану үшін ұяшық диапазондарымен қандай ерекшелтер орындалады?
- Ұяшыққа «Белгішелер» (Значки) не үшін қойылады?
- Шартты форматтау үшін тагы қандай төсілдер қолданылады?
- Қате жазулары бар ұяшықтарды анықтау үшін шартты форматтауды қолдануға бола ма?

Колдану деңгейі



- Ұяшықтагы теріс мәндерді қызыл түспен бояу үшін шартты форматтауды пайдаланыңдар.
- Осы айдың бір аптасындағы шығындар кестесін құрастырыңдар. Шығындар тәнге арқылы өрнектелсін (3.30-сурет).






3.30-сурет. Шығындар кестесі

Шартты форматтаудан Белгішелер жиыны (Набор значков) командасы арқылы шығындар деректері енгізілген үяшықтарға ұнған белгішени таңдап, қойындар. Үяшықтағы 5 түрлі белгіше нені бейнелейді?



Талдау және жинақтау деңгейі

3.31-суретте «5»-ке оқитын оқушылар тізімі ашық-қызыл түске, «4»-ке оқитындар сары түске, «3»-ке оқитындар жасыл түске, ал Улгермеушілер – қызыл түске боялған. Бұл әрекеттер қалай орындалатынын түсіндіріндер.



3.31-сурет. Бағаларды шартты форматтау





Бағалау деңгейі



Өзің тұрған өңіріндегі ауа температурасының өзгеруін шартты форматтау арқылы ерекшелендер.

Үлгі ретінде 3.32-суретті пайдаланыңдар. Бұл суретте шартты форматтау арқылы температура деректерінің үлгісі берілген. Мұнда жоғары, орта және теменгі мөңдерге түсті шкаласмен белгілеу өдісі қолданылған.

A	B	C	D	E
1	Алматы қаласындағы температура			
2	температура	наурыз	сәуір	мамыр
3	жоғары	15	20	25
4	ортаса	8	7	20
5	теменгі	4	5	10
6				
7				

3.32-сурет. Температураның ауытқуы

3.5. Кесте элементтерінің графикалық ұсынылуы

НЕ ҮЙРЕНЕСІНДЕР?

Электрондық кестеде диаграмма құруды

ТҮЙІН СӨЗ

Диаграмма
Diagram

Кесте элементтерін графикалық түрлендіру үшін диаграммалар қолданылады. Мысалы, сыныптағы 25 оқушының 2-үй оқу озаты, 12-сі оқу екпінділері және қалғаны ортаса оқытындар деп сөзбен айтқаннан, оны диаграмма түрінде көрсету көрнекі әрі үғынықты болады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР




Диаграмма – сандық ақпаратты көрнекі (графикалық) түрде ұсыну.



Диаграммалардың келесі типтері кездеседі (3.33-сурет):

- гистограмма;
- сыза;
- дөңгелек;
- жолақ;
- аумақтық;
- нүктелік;
- биржалық;
- беттік;
- жапырақты;
- аралас.



3.33-сурет. Диаграмма типтері

Диаграмманың әрбір типі **түрге** белінеді. Мысалы:

- топтық гистограмма. Мұнда категория бойынша мәндерді салыстыру көрсетіледі;
- жинақталған гистограмма. Мұнда мәндердің жалпы қосындысына әрбір мәннің үлесі енгізіледі;
- нормаланған жинақтаушы гистограмма. Мұнда мәндердің жалпы қосындысына енетін әрбір мәннің пайыздық үлесі көрсетіледі. Сонымен бірге гистограмма элементтерінің формасын – жазық, көлемді, цилиндрлік түрін де таңдауға болады.

БІРГЕ ҚҰРАМЫЗ

Бір апта ішінде үш сатушының сатқан тауарына сәйкес графикалық талдау жүргізейік.

Алдымен гистограмма типінің қалыпты түрдегі диаграммасын салу үшін тәмендегі тапсырмаларды орындандар:


3.34-суреттегі мәліметтерге сәйкес кесте құрындар.

A	B	C	D	E	F	G	H
Газет сату							
1	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сб	Жс
2	34	35	33	32	36	39	41
3	1 - сатушы						
4	2 - сатушы	28	29	26	25	28	24
5	3 - сатушы	25	23	24	25	25	30
6							

3.34-сурет. Газет сату кестесі



1. Диаграмма құру үшін A2:H5 үяшықтарының диапазонын белгілең, Диаграмма бөлігінен гистограмма түрін таңдаңдар (3.35-сурет).



3.35-сурет. Диаграмманы кірістіру

2. Сонда 3.36-суреттегідей диаграмма шыгады.



3.36-сурет. Газет сату гистограммасы




ТӘЖІРИБЕ ЖАСАНДАР

Диаграмманы ерекшелегеннен кейін онымен жұмыс істеуге арналған қосымша беттер: **Конструктор және Макет** (3.37-сурет) ашылады.

Диаграммага түрлі параметрлерді енгізу қажет, олар: тақырып аты, осі, торсызығы, ақыз (легенда), мәліметтер таңбасы, сандық мәліметтерді және мәліметтер кестесін қосу.


Диаграмманың шартты белгілеулері орналасқан аймақ **Ақыз (Легенда)** деп аталады (түсі және сатушы нөмірі).

Конструктор қосымша беті арқылы диаграмманың стилі мен түрін өзгертип, диаграмманы жеке парапқа орналастырып көрінддер.



3.37-сурет. Конструктор мен Макеттің қосымша беттері


Макет қосымшасының көмегімен диаграмма мен ось атауын енгізіп, ақызды басқа орынға орналастырындар да, диаграмма атауын қойындар (3.38-сурет).



3.38-сурет. Диаграмма атауын кірістіру


Егер тінтуірдің сол жақ батырмасын екі рет шерту арқылы диаграммадан бір мәліметті белгілесендер, мысалы, осьті, онда **Ось форматы (Формат оси)** командасымен ось параметрін өзгертуге болады (3.39-сурет).





3.39-сурет. Ось форматы

Нәтижесінде әрбір сатушының күн сайын сатқан тауар мөлшерін көрсететін диаграмма пайда болады (3.40-сурет).



3.40-сурет. Дайын диаграмма






Білу және түсіну деңгейі



- Диаграмманың қандай түрлері бар?
- Неге бір диаграмманың бірнеше түрлері болады?
- Дайын диаграмманың деректер таңбасын өзгертуге бола ма?
- Диаграмма түрін қалай өзгертуге болады?
- Диаграмманы белгілеленде электрондық кестеде қандай қосымша беттер ашылады?
- Диаграммада деректерді максималды түрде көрсету үшін оны қалай баптау керек?
- Диаграмманы қалай жоюға болады?
- а) 3.41-суретте графиктердің қандай түрлері көрсетілгендерін түсіндіріңдер.
б) Неге бір координата жазықтырында екі график көрсетілген?
б) Қай график толық ақпарат береді?



3.41-сурет. Графиктердің түрлері




Қолдану тәсілі



3.42-суреттегі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 нөмірлері диаграмма элементтерінің атауларын көрсетеді. Оларды жазып алып, диаграмманың осы элементтері қандай мақсатта қолданылатынын түсіндіріңдер.





3.42-сурет. Диаграмма элементтері



Талдау тәсілі

1. 3.9-кестедегі мәліметтер бойынша дөңгелек диаграмма құрындар.

3.9-кесте

	A	B
1	Континент ауданы	
2	Континент атауы	Ауданы (млн. шарш. км)
3	Еуропа	10,00
4	Азия	43,40
5	Солтүстік Америка	24,71
6	Оңтүстік Америка	17,84
7	Австралия	7,66
8	Антарктида	14,10
9	Африка	30,30
10	Қорытынды:	148,01



2. Егер дүниежүзінде О қан тобындағы адамдар саны 46 %-га жуық, А тобындағылардың саны 34 %-га жуық, ал АВ – ең сирек кездесетін қан тобы 3,5%-га тең болса, онда адамдардың қан тобына қарай бөлінуінің дөңгелек диаграммасын құрындар.

Бағалау тәсілі



Қала экологиясының жақсаруына біріншіден қоршаган ортага түрлі ластаушы заттарды тастауды азайту жатады.

Табигат ортасында қағаздың шіруіне – 10 жыл, консерві банкісіне – 90 жыл, темекі фильтріне – 100 жыл, полиэтиленді пакетке – 200 жыл, пластмассаға – 500 жыл, айнага – 1000 жыл уақыт қажет.

- Excel электрондық кестесінде осы кестені толтырып, оған атау беріңдер.

- Үш түрлі диаграмма құрып, оның ішінен толық ақпарат беретін диаграмма түрін таңдаңдар.

Аталған фактіні орманда полиэтилен пакетін немесе бөтелке лактыра尔 алдында естеріце түсіріңдер.

3.6. Электрондық кестеде процесстерді модельдеу



Адам өздерінің іс-тәжірибелерінде түрлі модельдерді қолданады, яғни ол әрі қарай өзіне қажет болатын объектінің, құбылыстың немесе процестің үлгісін қарастырады. Модельдеудің бірнеше түрі бар: ақпараттық, математикалық, компьютерлік, физикалық, құрылымдық және т.б. Адамдар жинақталған барлық ақпараттың негізінде кез келген модельді қарастырады және оны өзгерте алады. Ол қандай да бір объекті, процесс немесе құбылыстарды зерттеу үшін құрылады. Мұндай жағдайда адам объектінің ақпараттық моделін қарастыра алды делінеді.



«Модель» термині латын тілінен (modulus) аударғанда «өлшем» деген мағынаны білдіреді. Негізінен модель үгымы белгілі бір білім саласындағы фактілер, заттар мен құбылыстардың көрінісі ретінде түсінілдіріледі.

ЕСТЕ САҚТАНДАР



Модельдеу – объектілерді, процестерді және құбылыстарды зерделеу мен зерттеу үшін модельді құрастыру процесі.

Экономикалық, экологиялық, биологиялық және физикалық процесстерді зерттеу үшін олардың моделі құрылады. Осыған орай өлемде модельдеу процесінің дамуы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Казіргі кезде компьютер арқылы әртүрлі модель сұлбасын жасай аламыз. Сондықтан компьютерлік модельдеудің қалай жасалатынын білу маңызды әрі қажет.

3.43-суретте әртүрлі процестерді зерттеу барысындағы модельдеу кезеңдері берілген.



3.43-сурет. Модельдеу кезеңдері

Коршаған ортандың ластануына байланысты электрондық кестеде экологиялық модельдеу түрін қарастырайық.

БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

1. Тапсырманың қойылуды

Өнеркәсіптік қоқыстың көлдерге лақтыру нәтижесінде судың ластану деңгейі бірінші, екінші, үшінші және одан кейінгі тәуліктерде қандай болады? Егер бір тәулікті ластану деңгейінің кемігені анықталса, онда көл суы қанша уақыттан кейін пайдалануға жарамды болады?

3.10-кестеде ұсынылған параметрлердің мәндері бойынша экологиялық модельдеуге зерттеулер жүргізіндер.



3.10-кесте

Зат	C_0 (мг/л)	$C_{\text{коэ}}$ (мг/л)	K
Коргасын	5	0,03	1,12
Мырыш	1,5	0,05	1,05
Фтор	0,2	0,05	1,01

Шартты белгілері: C_0 – зиянды қоспалардың бастапқы концентрациясы; $C_{\text{коэ}}$ – зиянды қоспалардың шектік концентрациясы;

K – зиянды қоспалар концентрациясының күнделікті кему коэффициенті.

2. Модельдеудің міндеттерін анықтау

Зерттеу объектісі – зиянды заттардың концентрациясы. Кестеге мәндерді енгізу үшін Excel электрондық кестесін пайдаланамыз.

3. Модельді жобалау

а) Есептің математикалық моделін құру:

– Аргументтерді, нәтижелері мен олардың арасындағы байланысты анықтау.

– Есептің математикалық моделін жазамыз:

$$C_1 = C_0 / K$$

$$C_2 = C_1 / K = C_0 / K^2$$

$$C_3 = C_2 / K = C_0 / K^3$$

$$C_n = C_0 / K^n \quad \text{немесе} \quad C_n = C_{n-1} / K$$

– n бүтін мәнін анықтау.

– формуладағы алдыңғы C_{i-1} мәні бойынша C_i мәнін есептеу.

в) Экологиялық процестердің компьютерлік моделін құру (3.44-сурет):


A	B	C
Экологиялық модель		
Бастапқы мәншеттер		
5	C_1 – зиянды қоспалардың бастапқы концентрациясы	
0,03	$C_{\text{коэ}}$ – зиянды қоспалардың шектік концентрациясы	
1,12	K – концентрацияның тоуліктік төмендеу коэффициенті	
Есептеу кестесі		
B	K	C_1
0	1,12	5
$=A8+1$	$=B8$	$=C8/B9$
43	1,12	0,04
44	1,12	0,03

3.44-сурет. Электрондық кестеде экологиялық процестерді модельдеу



- Электрондық кестеде экологиялық процесстерді модельдеу.
- Есептеулер жүргізу үшін деректердің алғашқы мәндерін тізбектей енгізе отырып, формулаларын жазамыз.
- Есептеулер жүргізуге сәйкес кестені белгілеп аламыз. **Маркерді толтыру (Маркер заполнения)** командасы арқылы есептеулер формуласын көшіріп, қажетті нәтижені алғанша есептеулерді жалғастырамыз.
- Қорғасын, мырыш, фтордың параметрлерінің бастапқы мәндерін езгертіп, модельдеуге компьютерлік тестілеу жүргізіндер.
- Үтірден кейін 2 таңбалы ондық сандарды енгізу үшін **Ұяшықтар форматын (Формат ячеек)** орнатындар.
- Кесте элементтерін форматтауды орындаңдар.
- Ұяшықтарды және ластану деңгейінің мәнінің белгілі бір нормага жеткен жағдайын басқа түспен болу үшін шартты форматтауды қолданындар.
- Зиянды қоспалардың бастапқы концентрациясына сәйкес бағанның графигін салындар (3.45-сурет).

Экологиялық модель: Өзеннің ластану деңгейі



44

3.45-сурет. Экологиялық модель функциясының графигі

4. Модельдеуді зерттеу

Есептер шартында қолданылған формулаға сәйкес модель құрастыру.



5. Нәтижелерді талдау

A4 үяшығының мәні мен $C_{\text{кое}}$ -ғы С бағанының мәндерін салыстырыңдар. Бұл жағдайда үяшықта C_1 мәні алынуы керек. Бұл мән **A4** мәнінен кіші немесе тең болуы тиіс.

Егер мұндай үяшық бар болса, онда C_1 үяшығына сәйкес мән шығу керек. Бұл мән **A4** үяшығындағы мәнге тең, не одан кіші болады. Егер мұндай үяшық бар болса, онда A_1 үяшығына сәйкес мәнді анықтаймыз. Ол тәулік нөмірі болып табылады.

Алған нәтижениң экологиялық интерпретациясы

44 күннен кейін ластанудың деңгейі қалыпты жағдайға жетеді.



Білу және түсіну деңгейі



- Модельдеу дегеніміз не?
- Модельдеу қандай кезеңдерден тұрады?
- Математикалық модельдеудің компьютерлік модельдеуден айырмашылығын атаңдар.
- Модельдеуді тестілеу дегеніміз не? Компьютерлік тестілеу қалай жүргізіледі?
- Нәтижелерге талдау не үшін жүргізіледі?
- Әрбір модельдің мән-мағынасы неде екендігін анықтаңдар:
 - театрлық қойылымға костюм таңдау;
 - оқулық макеті;
 - глобус;
 - географиялық атлас;
 - су молекуласы құрылымының моделі (орналасу);
 - квадрат тендеу;
 - отбасы генеалогиялық (түбірлес сөздер) ағашы;
 - адам қаңқасының макеті;
 - шаршының ауданы;
 - пойыз қозғалысының кестесі;
 - ойыншық автомобиль моделі;
 - сабак кестесі;
 - ұшақтың ұшы.



Көлдану деңгейі



3.46-суретте берілген геометриялық модельдің көлемін есептөңдер.


Ұзындығы – a , қызып алғынған қағаз белгінің ұзындығы – b .

Математикалық модель

Есептеу формулалары:

$$c = a - 2b - \text{төменгі жағының ұзындығы};$$

$$S = c^2 - \text{түбінің ауданы};$$



3.46-сурет.
Геометриялық
модель



$V = Sb$ – көлемі, мұндағы a – картон қағазының ұзындығы, b – қыып алынған қағаз белгінің ұзындығы.

Компьютерлік модель

Модельдеу үшін электрондық кестені қолданыңдар. Кестеде ақпараттық және математикалық модельдер мына түрде біріктірілген:

- бастапқы мәліметтер – басқарылатын параметрлер;
- аралық есептеулер;
- нәтижелер.

Тапсырма:

- Ұсынылған үлгі бойынша бастапқы деректер аумағын толтырыңдар (3.47-сурет).
- Математикалық модельдің есептелеңген мәліметтерін қолдана отырып, электрондық кестенің бағанында есептеулер жүргізетін кесте құрастырыңдар.
- Деректердің қандай типтері пайдаланылатын болады?
- Ұяшықтарда деректерді форматтауды орындаңдар.
- Кестедегі деректерді графика түрінде қалай бейнелеуге болады?

Жәшіктерді желімдеу туралы есеп

Бастапқы деректер	
Қабырганың ұзындығы	40
Қыықты ұлкейту қадамы	1

Есептеулер

Аралық есептеулер			Нәтижелер
Қыықтың ұзындығы	Қабырганың ұзындығы	Түбінің ауданы	Көлемі
1			

3.47-сурет. Электрондық кестедегі үлгі



Жинақтау деңгейі



Асхананың 5 m^2 ауданын бояуга 1 құты бояу жетеді.

Төмендегі мәліметтерді пайдаланып, асхана қабыргаларын бояу үшін қанша құты бояу қажет екендігін анықтаңдар:

- Асхананың көлемі – $405 \times 310 \times 285 (\text{cm}^3)$;
- Кафель плиткалармен өрленген ауданы – 88% .





Бағалау деңгейі

Бүкіләлемдік тартылыс заңының ашылуына байланысты аңызды еске түсірейік. Аңыз бойынша Исаак Ньютоң алма ағашының түбінде отырган мезетінде оның үстіне бір алма үзіліп тұседі. Сол мезетте оған шешімнің дұрыс жолы ойга келді деген дерек бар. Бүкіләлемдік тартылыс заңы бойынша кез келген екі дененің тартылыс күші өз массаларына тұра пропорционал және олардың арақашықтығының квадратына көрінештес пропорционал:

$$F = G \cdot M \cdot m / r^2.$$

- Бұл формула табиғи құбылыстардың математикалық моделі болып табыла ма?
- Ауырлық күшінен ағашта өсken алманың жерге тусу моделі нақты болу үшін не іsteу керек?





Электрондық кесте диаграмманың бірнеше типін, оның ішінде, графиканы, дәңгелек диаграмманы және гистограмманы құруға мүмкіндік береді.

Графика функция аргументіне тәуелді мәндерді бейнелеу үшін қолданылады. Деректер өзгерісінің динамикасын бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Дәңгелек диаграмма бүтін шаманың кейір беліктерін бейнелеу үшін қолданылады. Әрбір белік секторға, ал бұрыштық өлшем шаманың белігіне тұра пропорционал болып түрлендіріледі.

Гистограмма (бағандық диаграмма) бірнеше шамаларды салыстыру үшін қолданылады. Шамалар тігінен немесе көлденеңінен бағандар түрінде бейнеленеді. Бағандар биқтігі (ұзындығы) бейнеленетін шама мәндеріне сәйкес болады.



ӨЗДЕРІНДІ ТЕКСЕРІНДЕР

- 1. Мәтіндік процессорда Кесте құру үшін қандай әрекеттерді орындау қажет?**
 - a) формат – шегара және аймақтардың ішін бөлу;
 - b) кесте қосу – кесте;
 - c) кесте – кесте қосу;
 - d) кесте құру – кесте;
 - e) кірістіру – кесте.

- 2. Кесте дегеніміз не?**
 - a) жол мен бағанның қылышы;
 - b) ұяшықтар жиынтығы;
 - c) жол мен бағанның жиынтығы;
 - d) бағандар мен жолдарда реттеліп берілетін ақпарат;
 - e) ұяшықтардың қылышы.

- 3. Кестені редакциялау мен форматтау үшін қандай қолданбалар пайдаланылады?**
 - a) көрініс;
 - b) құрастыруыш;
 - c) көрініс пен құрастыруыш;
 - d) кірістіру;
 - e) таспа.

- 4. Ұяшық дегеніміз не?**
 - a) жол мен бағандардың жиынтығы;
 - b) жол мен бағандардың қылышы;
 - c) кесте жолдары;
 - d) кестенің бағаны;
 - e) кесте.

- 5. Кестелік процессор – бұл ...**
 - a) кестелік мәліметтерді өндеуді қамтамасыз етуге негізделген программалық жабдықтама;
 - b) мәтіндерді енгізу, редакциялау мен форматтауга негізделген программалық жабдықтама;
 - c) сандық ақпараттарды енгізу, редакциялау мен форматтауга негізделген программалық жабдықтама;
 - d) графикалық ақпараттарды енгізу, редакциялау мен форматтауга негізделген программалық жабдықтама;
 - e) дыбыстық ақпараттарды енгізу, редакциялау мен форматтауга негізделген программалық жабдықтама.



6. Электрондық кестеде санды енгізу үшін қандай формат қолданылады?

- a) сандық;
- b) күні;
- c) уақыты;
- d) мәтін;
- e) символ.

7. Электрондық кестеде ұяшықтарды форматтауға енбейтін қызмет түрі:

- a) мәліметтер типін өзгерту;
- b) разрядтылықты үлкейту;
- c) біріктіру;
- d) шегаралар кою;
- e) баспаға шығару.

8. ... – бұл жұмыс параграфындағы сандық ақпаратты графикалық түрде ұсыну:

- a) диаграмма;
- b) сан;
- c) формула;
- d) кесте;
- e) мәтін.

9. Excel электрондық кестесі не үшін керек?

- a) мәтіндерді енгізу;
- b) есептерді жүргізу және диаграммаларды түргызу;
- c) эксперимент жүргізу;
- d) кестелік ақпараттармен жұмыс жасау;
- e) математикалық есептеулерді жүргізу және функциялардың графигін салу.

10. Excel электрондық кестесіндегі «Макет» диаграммасының 2-қадамында қандай параметрлер орнатылған?

- a) диаграмманы салуға негізделген мәліметтерді енгізу;
- b) диаграмманың орналасу орнын көрсету;
- c) сзықтар типін көрсету;
- d) диаграмма типін таңдау;
- e) функция графигінің типін таңдау.

11. Электрондық кестенің А2 : В4 диапазонында неше үяшық бар?

- a) 16;
- b) 2;
- c) 8;
- d) 4;
- e) 6.

12. Модельдеу – бұл процесс:

- a) сөздің кең мағынасында белгілі тапсырманы орындау үшін, нақты объектіні (процесс, құбылыс) оның кескінімен алмастыру;
- b) сөн салонында сөн көрсету;
- c) нақты тапсырманы бейресми орнату;
- d) объектінің ерекшелік белгілері жоқ, нақты объектіні (процесс, құбылыс) басқа материалмен немесе керемет объектімен алмастыру;
- e) қарастырылатын объектінің маңызды ерекшеліктерін анықтау.

13. Мектептегі білім беру процесін сипаттайтын ақпараттық модельге ... жатқызуға болады:

- a) сынып журналын;
- b) сабак кестесін;
- c) мектеп оқушыларының тізімін;
- d) оқулықтарының тізімін;
- e) көрнекі құралдар тізімін.

14. Сандық деректерді қабылдау және түсіндіруді жөнделдетуге мүмкіндік беретін, сандық мәндерді ұсынудың графикалық формасы деп аталады:

- a) сызба;
- b) блок-схема;
- c) карта;
- d) кесте;
- e) диаграмма.

15. Электрондық кестедегі диапазон – бұл:

- a) бір жолдағы барлық үяшықтар;
- b) бір бағандадағы барлық үяшықтар;
- c) көптеген рұқсат етілген мәндер;
- d) тікбұрышты форманың аймагын қалыптастыратын үяшықтар жиынтығы;
- e) кестенің еркін аймагы.



IV БӨЛІМ**ШЕШІМДЕРДІ ПРОГРАММАЛАУ****4.1. Программалау тілдері****ОЙЛАНЫП, ЖАУАП БЕРИҢДЕР**

Адам мен компьютер арасында байланыс қалай жүзеге асады? Компьютердегі барлық ақпарат, соның ішінде компьютерлік программалар қалай сақталады?


Кез келген программалау тілі программаны жазуға арналған жасанды программалау тілдеріне жатады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

Программалау тілі – компьютерлік программаларды жазуға арналған формальды таңбалық жүйе. Программалау тілі программаның сыртқы түрі мен әрекетін анықтайды, компьютердің басқаруымен орындалатын ережелер жиынтығын анықтайды.

Программалау тілі түрліше жіктеледі. Барлық программалау тілдері екі топқа бөлінеді: **процедуралық** және **процедуралық емес** (4.1-сурет).





4.1-сурет. Программалау тілдері

Процедуралық программалар – нақты есепті шешуге арналған жазбалар жүйесі. Мұнда компьютер бұл жазбаларды механикалық түрде орындау рөлін атқарады.

Процедуралық тілдер **төменгі** және **жоғары** деңгейдегі тілдер болып белінеді. Процессорлардың түрлі типтері әртүрлі командалар жиынтығына ие. Егер программалау тілі нақты процессор типіне бағытталса және оның ерекшелігін ескерсе, онда ол **төменгі деңгейдегі программалау тілі** деп аталады. Ол жадтан көп орын алмайды, әрі жылдам жұмыс істейді. Бұл тілдің көмегімен жүйелік программаларды, драйверлерді (компьютердің құрылғыларын басқаруға арналған программалар) және басқа да түрлі программаларды құруға болады.

Барлық төменгі деңгейдегі тілдер арнағы типтегі компьютерге арналған. Жоғары деңгейдегі барлық тілдердің қасиеті ортақ. Олар компьютердің командалар жүйесіне бағытталғандығында емес, арнағы алгоритм типінің жазбасына тән операторлар жүйесіне бағытталғандығымен ерекшеленеді.

ТАЛҚЫЛАҢДАР

Жоғарыда төменгі деңгейдегі программалау тілін қарастырдық. Енді 4.1 және 4.2-суреттер бойынша жоғары деңгейдегі программалау тілдерін талқылап көріңдер.





4.2-сурет. Программалау тілінің төменгі және жоғарғы деңгейі

Программалау тілдерінің белгілі бір зандалықтары бар, атап айтқанда: алфавиті, қызметші сезі, өзіндік жазылу ережесі болады. Мұндағы тілде жазылған **программалар, командалар немесе операторлар** сөйлемдер тізбегінен түзіледі.

Компьютер мәшинелік код тілін ғана түсінеді. Мәшине тілінде программалар мәшинеге тәуелді ете көп нәлдер мен бірлер тізбектілігінен түзіледі.

Транслятор (аударғыш) – адамға түсінікті тілдегі ақпаратты құрылғыға түсінікті тілге аударатын программалар. Трансляторлардың екі түрі бар: **компилятор және интерпретатор** (4.3-сурет).

Кез келген транслятор төрт негізгі міндетті шешеді:

- Программаны талқылайды, қатені іздейді және түзетеді немесе қатे туралы хабарлама береді.
- Егер қате жоқ болса, онда транслятор орындалатын программаны мәшинелік тілге түрлендіреді.
- Орындалатын программаны оңтайландырады.
- Орындалатын программа үшін мәшинелік жадты бөледі.



Транслятор (Translator) сөзін ағылшын тілінен аударғанда «аударушы программа» деген мағынаны білдіреді. Трансляторлар – жоғары деңгейдегі тілдің бірінде жазылған программаны мәшинелік командалардан тұратын программа түрлендірге ариалған программа.

КОМПИЛЯТОРЛАР

Compiler – ағылшын сөзі, жоғары деңгейдегі программаны компьютерге түсінікті мәшинелік тілдегі командаларға аударып, орындайтын программа. Мысалы: Free Pascal Compiler, C, C++ және басқалар.

ИНТЕРПРЕТАТОРЛАР

Interpreter – ағылшын сөзі, программаны мәшинелік тілдің командаларына аудармай, бірден орындайтын программа. Мысалы: Java Script, VB Script және басқалар. Кемшілігі – программаның орындалу жылдамдығы темен болады.

4.3-сурет. Трансляторлар

Білу және түсіну деңгейі



1. «Программалау тілі» ұғымын қалай түсінесіндер?
2. Программалау тілдерінің мәшинеге тәуелді және тәуелсіз болып белінү себебі неде?
3. «Транслятор» терминін қалай түсінесіндер?
4. Компиляторлар интерпретаторлардан қалай ерекшеленеді?
5. Транслятор қандай негізгі төрт міндетті шеше алады?

Колдану деңгейі



Программалау тілдерін деңгейлері бойынша жіктендер және өз өрекетінде 4.4-суретте көрсетілген кескін бойынша түсіндіріндер.



4.4-сурет. Программалау тілдерін деңгейлері бойынша жіктеу





Талдау және жинақтау деңгейі



«Программалау тілдері» атты шагын зерттеу жүргізіндер. Алынған ақпаратқа мәтіндік процессорда кесте құрындар.



Бағалау деңгейі

Тақырыпты жақсы меңгеру үшін интеллект-картамен жұмыс жасандар. Алдыңғы тапсырмадагы алынған деректерді қолданындар.

<https://www.mindomo.com/ru/> сілтемесін пайдаланып, ақпаратты интеллект-карта түрінде жүйелендер.

<https://sites.google.com/site/badanovweb2/home/mindomo> сілтемесіндегі ақпаратпен жұмыс жасау.

4.2. Программалау жүйесі

НЕ ҮЙРЕНЕСІНДЕР?

«Программалау тілдері» және
«Программалау жүйесі»
үғымдарын ерекшеледі

ТҮЙІН СӨЗ

Программалау жүйесі
Системы программирования
System programming

Компьютер ғана түсінетін мәшинелік код компьютерге ыңғайлыш жасалған. Компьютер мен пайдаланушының бір-бірін жақсы түсінуі үшін программалау жүйелері құрылған.

Программалау жүйесі пайда болғаннан бастап пайдаланушы пайдалануға ыңғайсыз тәменгі деңгейдегі мәшинелік командаларды аз қолдана бастады.

Программалау жүйесі жоғарғы деңгейдегі арнайы тілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Мұнда әрбір тіл үшін программалау жүйесі программа мәтінін енгізуші тілден мәшине тіліне автоматты турде аударуды жүзеге асырады.



Программалау жүйесінің көмегімен нақты программалау тілінде жаңа программа құрылады. Программалау жүйесінің негізін тіл құрайды.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Программалау жүйесі – компьютердегі есептерді программа-лауды автоматтандыруға арналған программалар кешені.

Программалаудың қазіргі жүйелері пайдаланушыға **программаны** **өндөудің** қуатты және ыңғайлы құралдарын ұсынып отыр. Программалаудың құрылымды жүйелерінің құрамы 4.5-суретте берілген.

Программалау жүйелерінің құрамы	компилятор немесе интерпретатор өндөудің кіркітілген ортасы мәтіндік программаларды құру мен редакциялау құралы стандартты программалардың кеңейтілген кітапханасы қателерді іздеу мен болдырмаяuga арналған реттеуші программалар пайдаланушымен «достық» қатынастағы диалогтік орта жұмыстың көптегезелі режимі қуатты графикалық кітапханасы қосымша анықтама қызметі басқа арнайы ерекшеліктері
---------------------------------	--

4.5-сурет. Программалау жүйелерінің құрамы

Қазіргі кезде кез келген программалау жүйесінде бірнеше программалық қамтама жүзеге асырылады, олар:

- **мәтіндік редактор** (Edit), программаның мәтінін редакциялайды және редакциялауды жүзеге асырады;
- **программаны жүктеуші** (Load), директориядан программаның қажетті мәтіндік файлын таңдауга мүмкіндік береді;
- **программаны орындаушы** (Run), программаның орындалу процесін жүзеге асырады;
- **компилятор** (Compile), программаның мәтінін мәшинелік кодқа синтаксистік және семантикалық қателермен бірге компиляциялау немесе интерпретациялауга арналады;



- реттеуші (Debug), программаны реттеуші және тестілеуші сервистік қызметті орындаиды;
- файлдар диспетчері (File), файлдарды сақтау, іздеу, жою және т.б. әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді.

Кеңінен тараған программалау жүйелеріне енетін программалау тілдері, атап айтқанда: *Turbo Basic, Quick Basic, Turbo Pascal, Turbo C*.

Сондай-ақ соңғы кезде төмендегідей программалау жүйелері де көп қолданылады:

- **Borland Delphi** (Дельфи) пакеті – Borland Pascal компиляторының жиынтығы, қолданбалы программалаудың кез келген есептерін тез, әрі тиімді түрде шешуге мүмкіндік береді.
- **Microsoft Visual Basic** пакеті – визуалды құралдарды қолдану арқылы Windows-программаларды құруға арналған ыңғайлыш және танымал құрал. Диаграммалар мен презентацияларды құруға арналған құралдарды қамтиды.
- **Borland C++** пакеті – DOS және Windows қолданбаларды құруға арналған танымал құралдардың бірі.

Білу және түсіну деңгейі



1. Программалау жүйесін деген не?
2. Программалау жүйесі нені қамтиды?
3. Қандай танымал программалау жүйесін білесіңдер?
4. Программаны құру үшін қандай компоненттер қажет?
5. Программалау жүйесінің негізі неліктен тіл болып табылады?
6. Қандай программалау тілдерін білесіңдер?
7. Программалау жүйесінің құрамына не кіреді?
8. Түрлі программалау тілдерінің әрекшелігі неде?
9. Программалау тілдері мен программалау жүйесі арасындағы әрекшелік неде?

Қолдану, талдау және жинактау деңгейі



1. Пікірді түзетіңдер:
 - Тек қана Паскальдің алгоритмдік тілі – төменгі деңгейдегі тіл болып табылады.
 - Жоғарғы деңгейдегі программалау тілі алфавит пен синтаксисті таңдаудан басталады.
 - Компилятор – программалау тілінен мәшинелік кодқа айналдыру интерпретаторы.
 - Компилятор ешқашан транслятор бола алмайды.



2. Алгоритм, программа, тіл, транслятор, компилятор, код, интерпретатор сөздерінен сөзжүмбәқ құрындар.

Бағалау деңгейі



«Программалау жүйесінің программалау тілінен ерекшелігі» тақырыбында эссе жазындар.

4.3 Деректер типтері



Деректерді өндөу үшін оларды жадта сақтау қажет. Сонымен қатар осы деректерге қалай жүгінеміз? Әдетте адамдар бір-бірін аттарымен шақырады, дәл сондай тәсіл программалауда да қолданылады: жадтың өрбір ұяшығына (немесе ұяшықтар тобына) өзінің жеке атауы беріледі. Бұл атауды қолданып, ұяшықтан ақпаратты оқуға және оған жаңа ақпаратты жазуға болады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Айнымалы (Переменная) – бұл атауы бар және қандай да бір мәнді сақтайтын компьютер жадындағы ұяшық. Айнымалының мәні программаның орындалуы кезінде өзгеріп отыруы мүмкін. Ұяшыққа жаңа мән жазған кезде ескі мән өшіріледі.

Айнымалы атауы латын әріптерінің және сандарының тізбегінен тұрады. Атау әріптен басталуы тиіс. Айнымалы атауында келесі символдар болмауы тиіс: , /, :, *, ?, “, <, >.

Айнымалы атауы мағынасына сәйкес таңдалады. Мысалы, егер жүрілген жолды есептеу керек болса, онда айнымалы атауын жолдың формуласын (s , v , t) жазудан бастайды.

100



Программадағы әрбір атауға (идентификатормен) бір тип байланысты болып келеді. Компилятор тұрғысынан қатаң бақылауды қажет ететін барлық операциялар типтің сәйкестігіне қарай орындалады. Қателер түзетілмеген жағдайда программа орындалмайды.

Мысалы, C++ тіліндегі программалау тілін жіктеуді қарастырайық. C++ тіліндегі айнымалыны хабарлау үшін, алдымен, осы айнымалының атауын, содан соң айнымалының типін көрсете керек.

C++ программалау тіліндегі деректер типін **көндейтілген** деп те атайды. «Көндейтілген» үғымы қосымша деректер типінен басқа өзінің деректер типін құруға болатындығымен түсіндіріледі. Сондықтан C++ тілінде көптеген деректер типтері кездеседі (4.1-кесте).

Деректер типтері

4.1-кесте

C++ тілінің негізгі деректер типтері	Айнымалыны хабарлау	Қабылдайтын мәндерінің диапазоны
int деректердің бүтін типі	int a; //бүтін типті a айнымалысын хабарлау	-2 147 483 648 / 2 147 483 647
Бүтін типті деректерге қосымша: <ul style="list-style-type: none"> • short – жадта алатын көлемін азайту арқылы деректер типін қысқартады • long – жадта алатын көлемін үлкейту арқылы деректер типін ұлгайтады • unsigned (белгісі жоқ) – оц мәндер диапазонын арттырады, мұндағы теріс мәндер диапазоны мұндай деректер типінде сақталмайды 		-32 768 / 32 767 -2 147 483 648 / 2 147 483 647 0 / 4 294 967 295
float – жылжымалы үтір деректер типі	float b; // b айнымалысын жылжымалы үтірлі деректер типінде хабарлау	-2 147 483 648.0 / 2 147 483 647.0



long float		-9 223 372 036 854 775 808.0/ 9 223 372 036 854 775 807.0
double – екілік дәлдіктегі жылжымалы үтір деректер типі	double c = 14.2; // double типінде айнымалыны инициализациялау	-9 223 372 036 854 775 808.0/ 9 223 372 036 854 775 807.0
char – деректердің символдық типі	char d = 's'; // char типінде айнымалыны инициализациялау	0 / 255
bool – деректердің логикалық типі	bool k = true; // k логикалық айнымалысын инициализациялау. Логикалық ернектерде екі нәтиже: true немесе false болуы мүмкін	0 / 255
void – мәні жоқ мәліметтер типі	Бұл тип көмегімен белгісіз типтері объектілер немесе мәнді қайтарып әкелмейтін функциялар көрсеткіштері беріледі	

char типі жеке символдар мен үлкен емес бүтін сандарды сақтауга қызмет етеді. Ол бір мәшинелік байтты құрайды. Теменде **char** типінің сипаттамасы келтірілген:

```
{
char symbol = 'A'; // char типіндегі айнымалыны хабарлау және
оны 'A' символымен инициализациялау
}
```

bool айнымалы типі (логикалық тип) 17 мәніне тең. **bool** айнымалы типі екі мәнге ие – 0 (жалған) немесе 1 (ақықат).

```
{
bool boolean = 17; // boolean атымен берілген bool айнымалы типі
}
```



БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

Char, short, int және **long** деректер типі берілген, олар бірге деректердің бүтін типін құрайды. Бұл деректер типі *таңбалық* (signed) және *таңбалық емес* (unsigned) болуы мүмкін.

Таңбалық емес типтерде барлық биттер мәндер үшін қолданылады. Таңбалық типтерде сол жақтағы бит таңбаны сақтау (0 – он, 1 – теріс) қызыметін атқарса, ал қалған биттер мәндер болып табылады.

Signed char (-128-ден 127-ге дейінгі мән) және **unsigned char** (0-ден 255-ке дейін) деректер типін сипаттауға мысалдар келтіріп түсіндіріндер.

Float, double және **long double** типтері жылжымалы үтір санына арналған және разряды мен диапазонының нақтылығымен ерекшеленеді.

Программада қандай да бір сан кездеседі, мысалы: 5, онда бұл сан **литерлік** немесе **литерлік тұрақты** деп аталады. Тұрақты, себебі біз оның мәнін **литерлік** өзгерте аламыз, ейткені оның мәні программаның мәтінінде кездеседі. Ол **литерлік** адрестелмейтін өлшем болып табылады: оның адресін білудің басқа тәсілі жоқ. Өрбір литерлік арнайы типке ие. Мысалы, 0 int типті, 3.14159 – double типті.

Білу және түсіну деңгейі



1. Айнымалы дегеніміз не?
2. Айнымалы аты қалай таңдалады?
3. Айнымалы қалай хабарланады?
4. Айнымалыларда қандай сипаттамалар болады?
5. Айнымалы типі дегеніміз не?
6. Қандай деректер типі құрамdas болып табылады?
7. Айнымалының типі қандай көрсеткіштері бойынша таңдалады?
8. Ең танымал айнымалылар типін атаңдар.
9. **int** не үшін қолданылады? Бүтін деректер типіне қандай қосымшалар қолданылады?
10. **float, double, char, bool** не үшін қолданылады?

Қолдану және талдау деңгейі



Түсініктемені толықтырып жазындар. Айнымалылар қандай деректер типімен жарияланған?

```
int a; // a айнымалысын хабарлау
float b; //
double c = 14.2; //
char d = 's'; //
bool k = true; //
```





Жинақтау деңгейі

Айнымалыларды сипаттандар:

- окушының тегін (бір символ);
- бүтін оц екі орынды санды;
- бүтін оц үш орынды санды;
- бүтін теріс төрт орынды санды;
- үлкен емес нақты орынды сандар;
- түстің атауы;
- арақашықтықты есептеу.




Бағалау деңгейі



Төменде берілген айнымалылардың қандай мәнінде синтаксистік қателер бар?

- 1) int car = 1024, auto = 2048;
- 2) int ival = ival;
- 3) int ival(int ());
- 4) double salary = wage = 9999.99;
- 5) cin >> int input_value;

4.4. Жоба интерфейсі



ОЙЛАНЫП, ЖАУАП БЕРИҢДЕР

Сендер өздерің жұмыс істеп отырган қолданбаның интерфейсі туралы ойландыңдар ма? Әзірленетін жобаның интерфейсі қандай болуы тиіс? Жобаның дизайнын әзірлеуде неге назар аудару керек?

«Пайдаланушы интерфейсі» үғымына үшөлшемді, анимацияланған және жаңа улгіде орындалған экрандағы сурет қана емес, пайдаланушы мен жүйенің арасындағы әрекет тәсілі де енеді.



Жобалар үшін интерфейсті құру сәйкесінше стандарттың пайда болуына әкеп тірдейді. Программаны жазу барысында программалаушыны компьютердің арнағы ресурстарын, өз күші мен уақытын жұмсамай, жобаның қызыметке жарамдылығы, тиімділігі мен технологиялығын қалай жүзеге асыру қажеттілігі қызықтырады.

Интерфейс дизайнында программалық өнімнің эстетикалық ұнамдылығына жауап беретін екі құрамды – декоративті және белсенді бөлікті беліп алуға болады. Белсенді элементтер – пайдаланушы интерфейсін басқарушы құралдар. Мысалы, Excel электрондық кестесі деректерді автоматтас түрде көшіруге арналған ыңғайлыш интерфейсті қамтиды. Яғни аталған программалық өнім интерфейсі пайдаланушы үшін қолайлы әрі жылдам әрекеттімен ерекшеленуі тиіс.

Пайдаланушы интерфейсінің өзара әрекеттесу негізіне сұхбат жатады. Ол – нақты уақыт аралығында жүзеге асырылатын ақпарат алмасу. Сұхбат нақты тапсырманың біріккен шешімін табуда ақпарат алмасуға және әрекетті жоспарлауга бағытталады.

Жоба интерфейсін дайындауға арналған екі тәсіл бар:

- 1) процедуралаға бағдарланған;
- 2) объектіге бағдарланған.

Процедураға бағдарланған тәсілде процедура мен операция үйымдағына негізделген пайдаланушымен өзара әрекеттің дәстүрлі моделі қолданылады. Осы модельде программалық қолданба пайдаланушыға кейбір әрекетті орындауды ұсынады, әрі мұнда пайдаланушы мәліметтерді анықтайды және оны орындау барысында күтілетін нәтиже алынады.

Объектіге бағдарланған тәсіл. Мұнда пайдаланушы тікелей әрбір объектімен әрекет етеді және бірнеше объектілердің қатысуы мүмкін операцияның орындалуын жүзеге асырады. Бұл жағдайда пайдаланушы объектілерді құрып, олардың параметрлерін өзгерте алады.

Процедураға бағдарланған интерфейстер үш типке бөлінеді: ыңғайлыш (*примитивті*), меню, навигация (графикалық).

- **Примитивті** – енгізу-шығару құрылғыларының көмегімен адамның компьютермен өзара әрекеттің үйымдастыратын интерфейсті атайды. Бұл интерфейс мәліметтерді, шешімдерді енгізуді, нәтижелерді шығаруды үйымдастырады.

- **Меню** – бұл пайдаланушыға тізімнен қажетті операцияларды тандауға мүмкіндік беретін интерфейс. Аталған интерфейсте әрекет тізбектілігін пайдаланушы анықтайды.

- **Графикалық пайдалануши интерфейсі** – пайдаланушымен кері байланысты жүзеге асыратын программалық қолданбаны интерактивті түрде сүйемелдеуге бағытталады.



Интерфейсті жобалауда қабылдау, есте сақтау және ақпаратты өндіреуге байланысты адамның психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескеру кажет.

Ақпаратты өндөу процесінде миға түскен мәліметтерді алдыңғылармен салыстырады, сондықтан кадрды ауыстыруды ми бірнеше уақыт бұгатталады. Қысқамерзімді жад – адамның ақпаратты өндөу жүйесінде аз орын алады. Қажетсіз ақпарат мида 30 секунд гана сақталады. Егер санды немесе символдар тобын енгізуіді есте сақтау қажет болса, онда санның мелшері 7 ± 2 -ден аспауы туіс.

Түс адам санасында фонды құрайды. Түс қатты тітіркендіргіш болып табылады, сондықтан интерфейсте түсті қолдануда абай болу керек. Түстердің көптігі назарды аударады және жылдам шаршатады. Интерфейсті бірыңғай түстік гаммада жасау үсінеліктердің түсті қабылдаудағы жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Мундай жағдайда пайдаланушыға түсті баптау мүмкіндігін білу керек.

Интерфейсте дыбыс назарды аудару үшін фон ретінде немесе қосымша ақпараттың көзі ретінде қолданылады. Дыбысты ажыратуды міндепті турде карастыру керек.

Пайдалануышы интерфейсін бағалау көрсеткіштері:

1. Жүйені меңгерудің және есте сақтаудың қарапайымдылығы.
 2. Жүйені пайдаланғандағы нәтижеге жету жылдамдылығы.
 3. Жүйені пайдаланудағы субъективті канаттанду.

Өндөудің кіркітірілген ортасын (ӨКО) (Интегрированная среда разработки) қарастырайық. Бұл программалық қолданбаны құрастыру үшін қолданылатын программалық құралдардың жүйесі. Ағылшын тілінде мұндай орта Integrated Development Environment немесе қысқаша IDE дег аталады.

ОКО интерфейсінде синтаксис жарығы (подсветка синтаксиса) қамтылған. Ол әртүрлі түстерді, қаріптерді және сызықтарды қолдана отырып, мәтіннің синтаксистік құрылымын ерекшеледі қарастырады. Бұл мәтіндік редакторда мәтінді оқуды жеңілдету, әрі визуалды қабылдауды жаксарту үшін колданылады.

ӨКО интерфейсінің маңызды белігінің бірі – ретке келтіру (отладчик), ол программадағы қателіктерді іздеуге арналған ӨКО модуль немесе жеке қолданба ретінде көрінеді. Ретке келтіру программаны орындау процесінде бақылау, орындау немесе мәнді өзгерту, сонымен қатар бақылауды немесе тоқтау шартын орнатуға және жоюға т.б. мүмкіндік береді.



ТАЛДАНДАР

Шешімдерді программалау үшін **Code::Blocks** тегін ӨКО қолданамызы (4.6-сурет), бұл программаны тек қана C/C++ тілдерінде ғана емес, сонымен қатар Fortran және С программалау тілдерінде де жазуға арналған орта. **Code::Blocks** компиляторы ағымдағы кодты (*.c, *.cpp файлдарын) жұмыс жасап тұрған программаға түрлендіреді. **Code::Blocks** программасын <http://www.codeblocks.org/downloads> сайтынан жүктең, компьютерге орнатыңдар (4.7-сурет).



4.6-сурет

[Download Code Blocks Portable version \(Zip Archive\)](#) - 33.00 MB | version: 16.01 | MD5/SHA1 signature

[Download Code Blocks Windows Installer](#) - 109.31 MB | version: 16.01 (with GCC and GDB debugger - recommended) | MD5/SHA1 signature

4.7-сурет. **Code::Blocks** ӨКО орнатуға сілтеме

Программаны жүктегеннен кейін негізгі терезенің интерфейсін оқып-үйреніңдер. **ӨКО**-дағы кодты енгізу үшін қандай редактор қолданылады? **Code::Blocks** ӨКО интерфейсі – синтаксис жарығы, жолдарды сұрыптауда, символдар кодын көрсету және т.б қызметтерімен қамтамасыз етілген бе?

Code::Blocks **ӨКО**-да шешімдерді программалауда жоғарыда құрылтын жоба интерфейсін жасау талаптары негізге алынған.



Білу және түсіну деңгейі



1. Жоба интерфейсін құру мақсаты қандай?
2. Пайдаланушы интерфейсі дизайннының қандай түрін білесіндер?
3. Интерфейс сапасы нені сипаттайты?
4. Компьютерлік интерфейсті дайындауда қандай жаңа ерекшеліктер бар?
5. Процедуралық бағдарланған интерфейсте қандай үш тип бар?
6. Пайдаланушы интерфейсті жобалауда қандай аспектілерді негізге алу қажет?
7. Пайдаланушы интерфейсін бағалаудың негізгі көрсеткіштерін атандар.
8. Үстел үсті компьютерінің интерфейсі ноутбуктен қандай белгілері арқылы ерекшеленеді?



107



Колдану деңгейі



Келесі сөздерге анықтама беріңдер.

Сұхбат;
Интерфейс;
Дизайн;
Сапа;
Программа;
Дыбыс;
Түс;
Пайдаланушы;
Программалаушы;
Жоба;
Меню;
Эргономика;
Фон.



Талдау деңгейі

Code::Blocks өндеудің кіркітілген ортасы интерфейсінің ерекшелігін атаңдар.



Жинақтау деңгейі

Пайдаланушының интерфейсті бағалау көрсеткіштеріне (қарапайымдылығы, ыңғайлылығы, жұмыс істеу жылдамдығы) сәйкес келетін сауалнама жобасын электрондық кестеде құрындар.



Бағалау деңгейі



Интернет көздерімен тоңтық зерттеу жұмысы. Интерфейс типтеріне сәйкес 4.2-кестедегі берілген ақпараттарды пайдаланып, бірнеше сайттардың жіктелуіне зерттеу жүргізіндер. Сайттардың ішінен мүмкіндігі жоғары интерфейсті бағаландар.

4.2-кесте

Интерфейс кластары	Ішкі кластары	Басқарушы құралдар тиปінің мысалдары
Символдық	Командалық интерфейс	Командалық жол
Графикалық	Қарапайым	Басқару пернелері
	Екіөлшемді	Меню Басқарудың графикалық элементтері
	Ушөлшемді	Конустық ағаш (ақпаратты пирамида түрінде визуализациялау)



4.5. Сызықтық алгоритмдерді программалау



Ең көп тараған программалау тілдерінің бірі – C++ болып табылады. C++ программалау тілі 1980-жылдардың басында пайда болды, оны жаһаған Bell Laboratories фирмасының қызметкери Беерн Страуструп.

Кез келген қазақ, орыс, ағылшын және басқа тілдер сияқты, программалау тілінде де *алфавит, синтаксис, семантика* терминдері қолданылады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Тіл алфавиті – мәтінде қолданылатын қарапайым белгілер жиынтығы.

Мысалы: C++ тілінің алфавиті:

- латын алфавитінің үлкен және кіші өріптерінен;
- араб цифрларынан: 0, 1, 2, ... 9;
- белгілерден: . . ; : ? ! ‘ ’ « » | / \ ~ _ ^ () { } [] < > # % & - = + *;
- бейнеленбейтін символдардан: бос орын, табуляция, жаңа жолға көшу және т.б.

// – түсіндірмeden басталатын таңбалар тізбегінен тұрады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Синтаксис – алфавит өріптерінен, ықтимал комбинациялардан (құрылымдар) тұратын ережелер жинағы. Синтаксисті сипаттау үшін метатіл (программаны сипаттайтын тіл) қолданылады. Мысалы: C++ тілінің синтаксисі: *main, cout, cin, int және т.б.*





Семантика – тілдің жеке құрылым элементтерінің мағынасын анықтайтын ережелер жинағы. Мысалы, C++ тілінің семантикасы: `#include <iostream>, using namespace std` және т.б.

Символдардан тіл лексемасы қалыптасады. Лексема – бұл:

- идентификаторлар;
- тұрақтылар;
- амал белгілері;
- түйін сөздер;
- бөлгіштер.

Идентификаторлар – әріптен немесе «_» сызу символдарынан басталатын латын алфавитінің әрпі, цифр және символдар тізбегі. (Мысалы: `_alf_a1`). C++ тілі бас және кіші әріптермен ерекшеленеді, сондықтан әртүрлі идентификаторлар болып табылады. Мысалы, book және BOOK – түрлі идентификаторлар.

Тұрақтылар – есепті шешу процесінде өзгермейтін шама. Программалау тілінде бекітілген идентификаторлар қызметі сөз деп аталады.

C++ программалау ортасында алгорitm **командалар** түрінде жазылады.

Программалау тілінде жазылған командалар **операторлар** мен **параметрлерден** тұрады.

Операторлар – программалау тілінде арнайы қызметті орындайтын бекітілген сөздер немесе символдар.

Параметрлер команда өрекетінің орындалуын нақтылайды. C++ тілінің әрбір операторы нүктелі үтірмен (`:`) аяқталады. Ол компиляторға командаңың аяқталғандығын хабарлайды.

Программалау тілінде жазылған алгорitm **программа** деп аталады.

Программаны жазудың негізгі кезеңдері:

1. C++ программалау тілінде программа жазу.
2. Code::Blocks өндеудің кіркітірілген ортасындағы мәтіндік редакторға программаны енгізу.
3. Объектілік файлды өндеудің кіркітірілген ортасында компиляциялау.
4. Егер компьютер программадан қате тапса, онда қате туралы хабарламаның шығуы.
5. Қатені жөндеу және программаны қайтадан компиляциялау.
6. Қате жоқ болса, онда программаны орындауға жіберу.



Арифметикалық өрнектерді орындау үшін math.h кітапханасынан арифметикалық амалдар мен математикалық функцияларды жазу қолданылады.

4.3-кестеде арифметикалық амалдарды және математикалық функцияларды C++ программалау тілінде жазу берілген.

4.3-кесте

Математикалық жазылу түрі	C++ тілінде жазылу түрі	Қызметі
+	+	қосу
-	-	алу
*	*	көбейту
/	/	бөлу
xy	pow (x,y)	X санының дәрежесі
$ x $	fabs (x)	X санының модулі
\sqrt{x}	sqrt (x)	X-тің квадрат түбірі

Математикалық өрнектің жазылу үлгілері:

Математикалық тілде жазылуды	C++ тілінде жазылуы
1. $x^2 - 7x + 6$	pow (x,2) - 7 * x + 6
2. $\frac{ x - y }{1 + xy }$	(fabs (x) - fabs (y)) / (float) (1 + fabs (x * y))


БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

Code::Blocks өндөудің кіріктірілген ортасын іске қосқаннан кейін, File → New → Project → Console Application → Go командасын орындаңдар (4.8–4.9-суреттер).


Code::Blocks-тың бірінші жобасын құру үшін келесі бейнекільмді көріндер: <https://www.youtube.com/watch?v=iZrtPgMEK8M>



111




4.8-сурет. Жаңа жобаны күрү



4.9-сурет. Console Application және C++ таңдау

Жобага ат қойып, ОК батырмасына басындар (4.10-сурет).



4.10-сурет. Code::Blocks жобаның атауы



Арифметикалық амалдарды: қосу, азайту, бөлу, көбейтуді орындағытын программаны қарастырамыз:

```
#include <stdafx.h>
#include <clocale>
#include <iostream>
using namespace std;
int main()
{
    setlocale(LC_ALL, "Russian");
    float c, c1, c2, c3, a, b; // үтірлермен бөлінген сандар
    cout << "а және б коэффициенттерін енгізіңдер" << endl;
    cin >> a >> b;
    cout << endl; //
    c = a / b; // сондай-ақ +, -, *.
    c1 = a + b;
    c2 = b - a;
    c3 = a * b;
    cout << "c = " << c << endl;
    cout << "c1 = " << c1 << endl;
    cout << "c2 = " << c2 << endl;
    cout << "c3 = " << c3 << endl;
    system("PAUSE");
    return 0;
}
```

Программаның түсіндірмесі беріледі. Сол жағында – программаның командалары, оң жағында – команданың қызметін түсіндіретін түсіндермелер.

```
#include "stdafx.h"
#include "clocale"
#include "iostream"

int main()

setlocale (LC_ALL,
"Russian");
```

//тақырыптық файлды қосу үшін қолданылатын команда. "stdafx.h", "clocale", "iostream" – тақырыптық файлдар атапы, бұрыштық жақшаның ішінде бос орын болмауы керек. Жаңа тақырыптық файлды қосу үшін #include жаңа команданы қолдану керек;

//Бос жақшалар main-де аргументтердің жоқ екендігін білдіреді;

//экранға орыс алфавиттерін шығару қызметі;



```

{
    // {фигуралы жақшалар программаның баста-
    луын білдіреді;

float c, c1, c2, c3, a, b; // үтір мен сандар;
cout << "а және b // мәтінді бейнелеу үшін қолданылады. Онда <<
коэффициенттерін // символы экранға мәтінді шығаруға жіберуді
енгізіндер" << endl
}
// }және негізгі программаның аяқталуы;

```

4.11-суретте Code::Blocks-те арифметикалық амалдарды орындау программы берілген.

```

1 #include <iostream>
2 using namespace std;
3
4 int main()
5 {
6     setlocale(LC_ALL, "Russian");
7     float c, c1, c2, c3, a, b; // Инициализация
8     cout << "Введите коэффициенты a и b" << endl;
9     cin >> a >> b;
10    cout << endl; // Несколько пустых строк
11    c = a / b; // Деление
12    c1 = a + b;
13    c2 = b - a;
14    c3 = a * b;
15    cout << "c = " << c << endl;
16    cout << "c1 = " << c1 << endl;
17    cout << "c2 = " << c2 << endl;
18    cout << "c3 = " << c3 << endl;
19    return 0;
20 }

```

4.11-сурет. Арифметикалық амалдардың орындалу нәтижесі

Білу және түсіну деңгейі



1. Тіл алфавиті деген не?
2. Айнымалы, идентификатор, тұрақты, қызметші сөздер терминдерін қалай түсінесіңдер?
3. Өңдеудің кіркітілген ортасы деген не? Оны қалай іске қосуға болады?
4. Алгебралық өрнекті есептеу ережесін мысалдар көлтіру арқылы түзкырым жасаңдар.
5. Программа деген не?
6. Программаны жазудың негізгі кезеңдері қандай?
7. Сызықтық алгоритмді программалауга мысал көлтіріңдер.
8. Code::Blocks ортасында деректер енгізу интерфейсін бағаландар.





Қолдану деңгейі



Программа үзіндісі берілген:

```
#include <iostream>
int main ()
{
    cout << "Hello, World!\n";
}
```

Программа үзіндісі:

- `#include` жолы нені білдіреді?
- `<< "Hello, World!\n";` сөйлемінің `cout` қызметші сезін қолданбаса мағынасы бола ма?
- `"Hello, World!\n";` жазуы қайда шыгарылады?
- С++ тілінің әрбір операторы неліктен нүктелі үтірмен аяқталады?
- «Жол – екі тырақшамен жабылған символдар тізбегі» сөйлемі дұрыс па?

2. Программаның орындалу нәтижесінде экранда қандай жазу шығады?

```
#include <iostream>
using namespace std;
setlocale (0, "Rus")
int main()
{
    cout << "Мен болашақ программалаушымын";
    cin.get();
}
```



Талдау деңгейі



1. Бейнефильмді қарандар:

<https://www.youtube.com/watch?v=CzI3eugoNV4> – «Hello, World!» жобасын құрындар.

2. Сабакта орындалған тапсырмаларды талдап, оқулықта берілген командаларға түсінкітеме беріндер.

Жинақтау деңгейі

1. Ромбының d_1 және d_2 диагоналдары берілген. Р периметрі мен S ауданын табындар.

2. 4.3-кестені пайдаланып, арифметикалық өрнекті құрастырып, сыйықтық алгоритмде жазындар.





Бағалау деңгейі

Программадагы қатені табындар.

```
#include <iostream>
using namespace std;
int main()
{
    int d1=10, d2=12, P, S, pold1, pold2; double a;
    S=d1*d2/2;
    cout<<"S="<<S<<endl;
    pold1=d1/2;
    pold2=d2/2;
    a=pold1*pold1+pold2*pold2;
    P=sqrt (a) *4;
    cout<<"P="<<P<<endl;
```



Идентификатор – латын әріптерінің, цифрлардың және асты сыйылған символдардың тізбегі. Мысалы, _a1f_a1. C++программалау тілінде үлкен және кіші әріптер бір-бірінен ерекшеленеді және олар түрлі **идентификаторлар** деп аталады. Мысалы, book және BOOK – түрлі идентификаторлар.

4.6. Тармақталу алгоритмдерін программалау

НЕ ҮЙРЕНЕСІНДЕР?

Тармақталу алгоритмдерін
программалау тілінде
жазуды

ТҮЙІН СӨЗ

Тармақталу алгоритмі
Алгоритм ветвления
Algorithm of branching

Барлық алгоритмдер сзықтық болмайды. Қандай да бір шартты орындау үшін бір өрекетті орындау керек, егер шарт орындалмаса,



онда басқа өрекетті орындау қажет. Ешқандай өрекет орындалмайтын жағдайлар да кездеседі. Мұндай жағдайда тармақталу алгоритмдерінің құрылымы қолданылады.

C++ программалау ортасында тармақталу алгоритмдерін сипаттау үшін **if** шартты операторы немесе тармақталу қолданылады. Шартты операторлар **толық** және **толық емес** формада болады. Толық формада шартты оператор құрылымы мынадай болады:

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



if (шарт) оператор 1; else оператор 2;

Бұл құрылым *егер шарт ақиқат болса – оператор 1, болмаса оператор 2* орындалады дегенді білдіреді.

Шартты оператордың **толық емес** формасының жазылуы:

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



if (шарт) оператор;

Бұл құрылым шарт орындалмаган және қандай да бір өрекетті орындау қажет болмаган жағдайда қолданылады.

Шартты оператордың синтаксисін жазу үшін оның өрекшеліктерін ескеру керек:

- өрнек жақшаның ішінде жазылады;
- міндетті түрде нұктелі үтір оператордан кейін қойылады.

Шарт кез келген логикалық өрнек болуы мүмкін. Логикалық өрнектер тендік және өзара қатынас амалдарымен құрылуы мүмкін (4.4-кесте).



Логикалық өрнектердің C++ программалау тілінде жазылуы		
C++ тіліндегі операция	Шарт	C++ тілінде жазылған шарттың мағынасы
<code>==</code>	<code>a == b</code>	а тең b
<code>!=</code>	<code>a != b</code>	а тең емес b
<code>></code>	<code>a > b</code>	а үлкен b
<code><</code>	<code>a < b</code>	а кіші b
<code>>=</code>	<code>a >= b</code>	а үлкен немесе тең b
<code><=</code>	<code>a <= b</code>	а кіші немесе тең b

БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

Пернетақтадан бүтін санды енгізіндер. Егер бұл сан 0-ден үлкен болса, онда программа «Бұл теріс сан», әйтпесе «Бұл оң сан» хабарламасын шығарады.

C++ тілінде алгоритмді тармақталу операторы арқылы жазамыз.

```
#include <iostream>
using namespace std;
int main()
{
    setlocale(0, " ");
    int m;
    cout << "Кез келген санды енгізіндер: ";
    cin >> m;

    if (m < 0) { // егер енгізілген сан 0-ден кіші болса.
        cout << "бұл – теріс сан. /n"; }
    else { // әйтпесе
        cout << "бұл – оң сан. \n"; }

    return 0;
}
```

Тармақ-
тalu
алгоритmi



Программа түсініктемесі: Егер мәйнімалысы 0-ден кіші болса, онда оған сәйкес хабарлама шыгады. Әйтпесе – басқа хабарлама шыгады.

Егер «if» немесе «else» белгінде тек бір оператор жазылса, онда фигуранты жақша қойылмайды.

C++ ортасында пернетақтадан мәліметтерді енгізіп, оларды экранға шығару үшін **cin** операторы қолданылады.



Білу жөне түсіну деңгейі



1. C++ ортасында тармақталу алгоритмін орындау үшін қандай оператор қолданылады?
2. Толық шартты оператордың құрылымын атаңдар.
3. Толық емес шартты оператордың құрылымын атаңдар.
4. C++ ортасында логикалық өрнектерді жазу үшін қандай тәндік пен қатынас амалдары қолданылады?
5. Шартты операторды жазу үшін қандай синтаксистік ережелерді сақтау қажет?
6. Шартты оператордың құрылымы қалай орындалады?



Колдану деңгейі



1. Төменде келтірілген программаның орындалу ретін түсіндіріңдер. Мұнда қандай шарт тексеріледі?

```
#include <iostream>
using namespace std;
int main ()
{
    setlocale (0, " ");
    int summa;
    cout<< "Кез келген санды енгізіңдер: ";
    cin>>summa;

    if (summa<100) {
        cout<< "Балмұздақ сатып аласың ба"<< endl;
    } else { // әйтпесе
        cout<<"Осы жолы балмұздақ ала алмаймын"<< endl;
    }
    return 0;
}
```

2. Программада кеткен қателерді табындар.

```
#include <iostream>
```



```

using namespace std;
int main ()
{
    int number;

    cout "Кез келген санды енгізіңдер:" ;
    cin>> number;
    cout<<"Енгіздіңдер:" <<number <<"/n";
    cin.get();
}

```



Талдау деңгейі

a және *b* айнымалыларының мәндерін салыстыру програмmasын шартты операторды қолдана отырып, жазыңдар. Егер *сан* үлкен болса, онда қағазға басып шығарыңдар.



Жинақтау деңгейі



Келесі есептерді шешу програмmasын жазыңдар:

1. Бүтін сан берілген. Ол жұп сан ба?
2. Берілген *x* бойынша *y*-ті есептейтін программа жазыңдар.

$$y = \begin{cases} x, & \text{мүндагы } x > 0 \\ \frac{1}{x}, & \text{мүндагы } x \leq 0 \end{cases}$$



Бағалау деңгейі

«C++ тілінің құрылымы» және тұжырымдамасы тақырыбына зерттеу жүргізіңдер.

Ескерту: зерттеу дереккөзі ретінде Бъери Страуструптың «Язык программирования C++» еңбегін пайдаланыңдар.



4.7. Кіріктірілген шарттарды программалау



Кіріктірілген шарттарды программалау үшін бірнеше тәсілдерді қолдануға болады. Оны бірнеше шартты операторды қолдану арқылы жүзеге асыра аламыз. if операторы басқа if операторының ішінде болса, онда оларды **кіріктірілген** деп атайды. Бұл тіркеме қажетті тексерулер санын азайту үшін қолданылады.

Бұл тиімді тәсіл болып табылады. Алайда аталған тәсіл программаның көрнекілігін төмендетеді. if операторын бір-екі реттен артық қолдану ұсынылмайды. Себебі екінші рет қолданудан кейін әрбір шартты оператордың шартын тексеру қынрай түседі. Кіріктірілген операторлар құрылымын қарастырайық.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

```
if (шарт) оператор;
    else
        if (шарт) оператор;
            else
                if (шарт) оператор;
                    else оператор;
```

Кіріктірілген операторлардың құрылымында әрбір if операторына тек бір ғана else операторы сыйкес келеді. Бұл операторлардың else if жиынтығы егер алдыңғы шарт орындалмаса, онда берілген шарт тексеріледі дегенді білдіреді. Егер ешбір шарт дұрыс болмаса, онда else операторының командасы орындалады.

ТАЛДАҢДАР

Кіріктірілген шартқа тәуелді программаның үзіндісі қандай хабарлама шығарады? Қанша шарт тексеріледі? Екінші шартта меншіктеу операторы емес, (==) теңдік операторы қолданылып тұр. Егер меншіктеу опе-



раторына шарт қойсак, онда шартты тексеруде айнымалы мәні өзгереді ме? Шарт орындалады ма, өлде жоқ па?

```

if (num < 10) // Егер енгізілген сан 10-нан кіші болса.
    cout<<"Бұл сан 10-нан кішиi "<<Endl;
else if (num == 10)
    cout<<"Бұл сан 10-ға тең "<<Endl;
else// өйттесе cout<<"бұл сан 10-нан артық"<<Endl;
}

```

**if
кіріктірілген
шартты
операторы**

Шартты оператор арқылы үш шарт тексеріледі.

- Бірінші – енгізілген сан 10-нан кіші болса;
- Екінші – сан 10-ға тең болса;
- Үшінші – сан 10-нан үлкен болса.

Ескерту. Екінші шартта тенденция тексеру барысында меншіктеу операторын емес, тенденция операторын “==” қолданамыз, ейткені біз шартты тексеру барысында айнымалының мәнін өзгерпейміз, тек оны 10 санымен салыстырамыз. Егер меншіктеу операторына шарт қоятын болсак, онда айнымалының мәні өзгереді, содан кейін шарт орындалады.

Айнымалының мәніне тәуелді бірнеше нұсқадан қандай да біреуін тандау үшін бірнеше кіріктірілген if операторын қолдануға болады. Оны кейде switch операторын қолдану арқылы да жаза аламыз. Switch құрылымы кіріктірілген if операторына қарағанда қолдану ыңғайлы.

ЕСТЕ САҚТАНДАР



Switch операторының құрылымы:

```

switch(/*айнымалы немесе өрнек */)
{
    case/*тұрақты өрнек1*/:
    {
        /*операторлар тобы*/;
        break;
    }
    case/*тұрақты өрнек2*/:
    {
        /*операторлар тобы*/;
        break;
    }
    //.
    .
    .
    default:
    {
        /*операторлар тобы*/;
    }
}

```



Switch таңдау операторының құрылымын талдайық:

- тақырып және оператор денесі фигуralы жақшадан тұрады;
- **switch** түйін сөзден кейін жақшада айнымалының аты жазылады.

Осы айнымалының мәніне байланысты бірнеше нұсқаның арасында таңдау жасалады;

- әрбір таңдауға **case** белгісі сәйкес келеді, олардан кейін айнымалының мүмкін болатын мәні және қос нұктесі тұрады;
- айнымалының мәні таңдаудың біреуіне сәйкес келетін болса, онда программа осы таңдауға сәйкес аудиады және одан кейінгі барлық операторларды орындайды;
 - **switch** операторынан шығу үшін **break** операторы қызметі қолданылады;
 - егер айнымалының мәні ешқандай белгіге сәйкес келмесе, онда программа **default** белгісіне өтеді.

БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

Пернетақтадан енгізілген екі санды қосу, азайту, көбейту, белуге арналған программаны жазу арқылы арифметикалық амалдарды орындаудың қарапайым мысалын қарастырайық.

```
#include <iostream>
using namespace std;

int main (int argc, char* argv [ ] ) //C++ программалау тілінде консолдық қосымшаларды құру барысында жолдар автоматты түрде құрылады
{
setlocale (0, "Rus");
int d; // switch-те таңдауға арналған айнымалы
int a,b; // операндтарды сақтауға арналған айнымалы
cout<<"Бірінші санды енгізіндер: ";
cin>>a;
cout<<" Екінші санды енгізіндер: ";
cin>>b;
cout<<" Өрекетті таңдаңдар: 1-қосу; 2-азайту; 3-көбейту; 4-белу: ";
cin>> d;
```



```

switch(d) // switch операторының басталуы
{
    case 1: // егер d = 1
    {
        cout<<a<< " + "<<b << " = "<<a + b <<"\n"; // қосуды орындау
        break;
    }
    case 2: // егер d = 2
    {
        cout << a << " - "<<b << " = "<<a - b <<"\n"; // азайтуды орындау
        break;
    }
    case 3: // егер d = 3
    {
        cout << a << " * "<<b << " = "<<a * b <<"\n"; // көбейтуді орындау
        break;
    }
    case 4: // егер d = 4
    {
        cout << a << " / "<<b << " = "<<a / b <<"\n"; // бөлуді орындау
        break;
    }
    default: // егер d кез келген басқа мөнге тең болса
        cout << "Дұрыс емес енгізу.\n";
    }
}

```

K
i
r
i
k
t
i
r
i
l
g
e
n
ш
а
р
т
т
ы
о
п
е
р
а
т
о
р
s
w
i
t
c
h

ТҮСІНДІРІНДЕР

Программаны талдап, оған түсіндірме жазықдар. Программада **d** бүтін типті айнымалысы мәлімденеді. Осы айнымалының мәні программадагы түрақты өрнекпен салыстырылатын болады. Енгізілген сандарды сақтау үшін а және **b** бүтін типті айнымалылары берілген. Сандарды енгізу үшін бүтін типті а және **b** екі айнымалыны енгіземіз. **switch** шартты операторында бастапқы кезеңде **d** айнымалысына талдау жасалады:

– егер айнымалы **d** = 1 болса, онда келесі операторлардың блогы орындалады;



- егер айнымалы **d** = 2 болса, онда келесі операторлардың блогы орындалады;
- егер айнымалы **d** = 3 болса, онда келесі операторлардың блогы орындалады;
- егер айнымалы **d** = 4 болса, онда келесі операторлардың блогы орындалады.

Егер **d** айнымалысының мәні ешқандай тұрақты өрнекке сәйкес келмese, онда программа кіріктірілген шартты басқаруға жіберіледі. Экранга қандай жол шығады?

switch операторы **default** сөзін қолданып та, қолданбай да жұмыс атқара алады. Егер айнымалының мәні ешқандай тұрақты өрнекке сәйкес келмese және **default** қызметші сөзі болмаса, онда программаны басқару **switch**-тен кейінгі бірінші операторға өтіп кетеді. Егер **break** операторын алып тастайтын болса, онда программа айнымалының мәнін тұрақты мәнмен салыстыра береді.

Білу және түсіну деңгейі



1. Қандай шарт кіріктірілген деп аталады?
2. if кіріктірілген операторының құрылымын атап беріңдер.
3. Кіріктірілген операторлар қалай орындалады?
4. Не себепті арнағы switch операторын қолданған тиімді?
5. break операторы не үшін қолданылады?
6. default операторы не үшін қолданылады?
7. Программада break және default операторының шартты болмауы кіріктірілген оператордың орындалуына әсер етеді ме?
8. if және switch кіріктірілген шартты операторлары бір-бірінен қалай ерекшеленеді?




Колдану деңгейі



1. Шеңбер радиусына тәуелді «Дәңгелек ішпіндегі нүктө», «Дәңгелек сыртындағы нүктө», «Дәңгелек шегарасындағы нүктө» хабарламалары шығатындаі кіріктірілген шартты операторын қолданып, программасын жазындар (4.12-сурет).

Code::Blocks-те программаны енгізіңдер. Компиляция жасаңдар. Енгізілген радиустарға сәйкес экранга шыққан хабарламаларға түсінкітеме беріңдер.





```

1 #include <iostream>
2 #include <iomanip>
3 using namespace std;
4
5 int main()
6 {
7     setlocale(LC_ALL, "Russian");
8     float R, x, y;
9     cout << "Введите значение радиуса: ";
10    cin >> R;
11    cout << "Введите значение координат: ";
12    cin >> x >> y;
13    if (x*x + y*y) < R*R) cout << "Точка ";
14    if (x*x + y*y) > R*R) cout << "Точка вне круга" << endl;
15    else cout << "Точка на границе" << endl;
16
17
18    return 0;
19 }

```

4.12-сурет. Программа компиляциясы және оның орындалуы

2. Программада жіберілген қатені табыңдар.

```

#include <iostream>
using namespace std;
int main()
{
    setlocale(0, "Rus");
    int osenka;
    cout << "Кез келген 2-ден 5-ке дейінгі цифрды енгізіңдер: ";
    cin >> osenka;
    if (osenka=5) // егер енгізілген сан 5-ке тең болса
        cout << "Сен ете жақсы оқисың./n";
    else if (osenka = 4) // егер енгізілген сан 4-ке тең болса
        cout << "Сен төрттікке оқисың./n ";
    else (osenka = 3) // егер енгізілген сан 3-ке тең болса
        cout << "Сен \"3\" алдың./n ";
    else// әйтпесе cout << "Сен \"2\" алдың./n ";

```

3. y функция мәнін есептөндөр:

$$y = \begin{cases} x - 12, & x > 0 \\ 5, & x = 0 \\ x^2, & x < 0 \end{cases}$$



Бұл тапсырманы орындау барысында кіркітірілген оператор мына-
дай түрде жазылады:

егер $x > 0$

онда

y -ті мына формула бойынша есептеңдер $y = x - 12$

әйтпесе

егер $x = 0$

онда

y -ті мына формула бойынша есептендер $y = 5$

әйтпесе

y -ті мына формула бойынша есептеңдер $y = \text{sqrt}(x)$;

Осы алгоритмге **if**, **else** кіркітірілген шартты операторларын қол-
данып, C++ тілінде программа жазындар.



Талдау деңгейі

Қалтаңда 1000 теңге бар. Егер кино билетінің құны 1000 тг болса, онда билет сатып ала аласың, егер билет құны 700 тг болса, онда сусын және билет алуға болады. Егер билет құны 1200 тг болса, киноны келесі жолы көргөзу турға келеді. Осы тапсырманы **Switch** операторын қолданып C++ тілінде программасын жазындар.



Жинақтау деңгейі

Апта күндерінің нөмірін (дүйсенбі -1, сейсенбі -2, ...) енгізіндегі, және ол жұмыс күні ме, жоқ өлде демалыс па, соны анықтайтын программа жазындар.



Бағалау деңгейі

Бір өлшемнен келесі өлшемге аударуды есептейтін программаны жазындар.

1 миль – 10668,8 м

1 миль – 500 құлаш

1 құлаш – 3 аршин

1 аршин – 16 миль

1 миль – 4,45 см

1 фут – 12 дюйм

1 дюйм – 0,3048 см

1 теңіз милі – 1852,2 м

1 пүт – 16,38 кг



4.8. Құрама шарттарды программау



if шартты операторында шарт беріледі, оның ақиқаттылығына байланысты қандай да бір оператор орындалады. Шарттың анықталған екі түрі бар – жай және құрама.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

! Жай шарт деп екі арифметикалық өрнекпен немесе екі мөтіндік шамамен (әйтпесе оларды операндалар деп атайды), төмендегі белгілердің біреуімен:
 < – кем, ...;
 > – артық,...;
 <= – кем... немесе тең;
 >= – артық... немесе тең;
 <> – тең емес;
 = – тең

байланыстырылып құрастырылған өрнекті айтамыз.

Жай шарттың мысалы:

$$\begin{aligned} A &>= D \\ X &<= 10 \\ 5 * X + 2 &= 4 \end{aligned}$$

ЕСТЕ САҚТАҢДАР

! Құрама шарттар – бұл бірнеше жай шарттан тұрады. Ол мынадай логикалық амалдармен байланыстырылған:
 not – ЕМЕС (болдырмау, инверсия);
 and – ЖӘНЕ (шарттардың бір уақытта орындалуы);
 or – НЕМЕСЕ (шарттардың біреуінің орындалуы).

Құрама шартта әрбір жай шарт жақшага алынады. Құрама шарттың мысалы:

$$\begin{aligned} (X &\geq -5) \text{ Or } (X \leq -10); \\ (A &> B) \text{ And } (B > C); \\ (Y &> 20) \text{ And } (Y < 50). \end{aligned}$$



C++ тілінде үш логикалық амал бар: **ЖӘНЕ**, **НЕМЕСЕ**, **ЕМЕС**. Логикалық амалдар бірнеше жай шарттардан құрама шарттарды құрайды. Олар программаның құрылымын жеңілдетеді. Логикалық шартты құруға арналған C++ программалау тіліндегі барлық логикалық амалдар 4.5-кестеде көлтірілген.

C++ программалау тіліндегі логикалық амалдар

4.5-кесте

Логикалық амалдар	Белгіленуі	Шарт	Қысқаша сипаттамасы
ЖӘНЕ	&&	$a == 3 \&\& b > 4$	Егер екі жай шарт ақиқат болса, онда құрама шарт ақиқат болады
НЕМЕСЕ		$a == 3 b > 4$	Егер жай шарттардың біреуі ақиқат болса, онда құрама шарт ақиқат болады.
ЕМЕС	!	! ($a == 3$)	Егер a 3-ке тең болмаса, онда шарт ақиқат

ТАЛДАҢДАР

Логикалық операторларды қолдану арқылы орындалатын программалардың мысалын қарастырайық.

ЖӘНЕ логикалық операторы. Программа қандай мәнді экранға шығарады: **True** немесе **false**?

```
#include <iostream>
using namespace std;
int main()
{setlocale(0,"Rus");
 Int one, two;
 cin>>one>>two;

if ((one==1) && (two==2))
cout<<"true";
else cout<<"false";
}
```

Кұрама шарттар



Программа **true** мәнін екі жай шарт ақиқат болғанда ғана орындаиды. Егер бірінші шарт жалған болса, онда екінші шарт тексерілмейді.

НЕМЕСЕ логикалық операторы:

```
#include <iostream>
using namespace std;
int main()
{setlocale(0,"Rus");
int one, two;
cin>>one>>two;

if ((one==1) || (two==2))
cout<<"true";
else
cout<<"false";
}
```



Құрама шарттар

true қайтару үшін бір шарттың орындалуы жеткілікті.

ЕМЕС логикалық операторы :

```
#include <iostream>
using namespace std;
int main()
{setlocale(0,"Rus");
int one;
cin>>one;

if (one!=1)
cout<<one<<" -1 емес ";
else cout<<one<<" - 1";
}
```



Құрама шарттар

Қандай жағдайда программада шарт орындалады?





Білу жөне түсіну деңгейі



1. Қандай шарт жай деп аталауды?
2. Қандай шарттар құрама деп аталауды?
3. C++ программалашу тілінде қандай логикалық амалдар бар?
4. Егер екі жай шарт ақиқат болса, онда қандай логикалық оператор қолданылады?
5. Егер шарттардың бірі орындалса, онда қандай логикалық амал қолданылады?
6. Құрама шарттарға қоршаган ортада кездесетін мысалдар келтіріндер.



Қолдану деңгейі



ЖӘНЕ, НЕМЕСЕ, ЕМЕС операторларының көмегімен төрт қаралайым логикалық өрнекті құрастырындар.



Талдау деңгейі

Х нүктесі **[A:B]** кесіндісінде жататынын анықтайдын программа құрындар. Егер нүкте **[A:B]** кесіндісінің бойында жатса, онда YES, втпесе NO жауабы экранга шыгады.



Жинақтау деңгейі



Нүкте координаталары бойынша қай ширекте жатқанын анықтайдын программа жазындар.



Бағалау деңгейі

Төмендегі тапсырмама программа құрындар.

a, b, c – кез келген үшбұрыштың қабыргалары берілген. Бір қабыргасының үзындығын қалған екеуінің қосындысымен салыстыру керек. Егер ең болмаса бір қабыргасы қалған екеуінің қосындысынан артық болса, онда үшбұрышта мұндай қабыргалар болмайды.



Интеллект-карта – кез келген процестерді, жағдаяттарды, ойларды немесе идеяларды визуалды формада түрлендіру техникасы. Мұндай карталарды құру мысалдарын ғылыми еңбектерде кездестіруге болады. Ең алғаш рет ағылшын психологі Тони Бьюзен Mind Maps танымал техникасын қолдануды бастаган.

Mind Maps термині «интеллект-карта», «ақыл картасы», «ойлау картасы», «менталдық карта» және т.б. карта түрлерінің мағынасын білдіреді. Ұғымдар, идеялар мен жағдаяттар арасындағы магыналық, себеп-салдарлық байланыстарды көрнекі түрде бейнелеу интеллект-картаның мәнін білдіреді.



ӨЗДЕРІНДІ ТЕКСЕРІНДЕР

1. Программалау жүйесі:

- a) пайдаланушыны тікелей тапсырмалардың шешімімен қамтамасыз етеді;
- b) программалау тілінде жаңа программаны құруға мүмкіндік береді;
- c) компьютердің барлық аппараттарының жұмысын және оларға пайдаланушының қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
- d) құжаттармен әртурлі әрекеттерді орындауға қолданатын программалар жиынтығымен қамтамасыз етеді;
- e) компьютерлік вирустардан қорғауды қамтамасыз етеді.

2. Программалау тілі – бұл ...

- a) компьютерлік программаларды жазуға арналған тіл;
- b) компьютерлік программаларды жазуға арналған табиғи тіл;
- c) компьютерлік программаларды жазуға арналған формалдау тілі;
- d) компьютерлік программаларды жазуға арналған мәшинелік тіл;
- e) компьютерлік программаларды жазуға арналған ағылшын тілі.

3. Алгоритм – бұл ...

- a) жекеленген іс-әрекеттерді орындау ережесі;
- b) кейбір командалар жиынтығының орындалу ретін көрсететін бағдарланған кескін;
- c) қойылған мақсатқа жетуге және орындаушыға түсінікті әрі дәл әрекеттер тізбегі;
- d) компьютер үшін командалар жиынтығы;
- e) есептеуіш желі хаттамасы.

4. Алгоритм сзызықтық деп аталады, егер ...

- a) ол бір әрекетті бірнеше рет қайталап орындастырай етіп құрылған болса;
- b) оның орындалуы бір немесе бірнеше шарттардың ақиқаттығына байланысты болса;
- c) алгоритм командалары қандай да бір шартқа тәуелсіз тізбектей орындалса;
- d) ол кесте түрінде ұсынылса;
- e) ол көмекші алгоритмнен тұрса.

5. Трансляторлар – бұл ...

- a) программа трансляциясын орындауға негізделген техникалық құрылғы;
- b) программа немесе техникалық құрылғы;
- c) ақпаратты аудиостыруға негізделген программа;
- d) программаның трансляциясын орындауға негізделген программа немесе техникалық құрылғы;
- e) программа трансляциясы.



6. Программалауда айнымалы ... сипатталады.

- а) атымен және типімен;
- б) атымен;
- с) атымен және мәнімен;
- д) мәнімен;
- е) атымен, мәнімен және типімен.

7. Программамен жұмыс жасау кезінде мәліметтердің бірнеше рет өзгеп ... деп аталады.

- а) белгі;
- б) айнымалы;
- с) тұрақты;
- д) амалдар;
- е) функциялар.

8. Сызықтық программалардың сипаттамалық белгілері ... болып табылады.

- а) программада циклдік оператордың болуы;
- б) программа жолында тек бір ғана оператордың болуы;
- с) тек меншіктеу операторларын қолдану;
- д) программада шартты өту операторының болуы;
- е) программаның жазылуындағы оператордың тізбектей орындалуы.

9. Техникада «интерфейс» термині кеңінен қолданылады. Интерфейс – үл ...

- а) түрлі құрылғыларды өзара байланыстыратын, сондай-ақ осы құрылғылармен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін техникалық және программалық құрылғылар жиынтығы;
- б) техникалық және программалық құрылғылардың кез келген жиынтығы;
- с) адамның компьютермен қарым-қатынасын қамтамасыз ететін программалық құрылғылар жиынтығы;
- д) техникалық және программалық құрылғылардың белгілі бір жиынтығы;
- е) компьютермен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін техникалық және программалық құрылғылар жиынтығы.

10. Программалау тармақтаған деп аталады, егер:

- а) ол бір әрекетті бірнеше рет қайталап орындаитындей етіп құрылған болса;
- б) оның орындалуы бір немесе бірнеше шарттардың ақиқаттығына байланысты болса;
- с) оның командалары қандай да бір шартқа тәуелсіз тізбектей орындалса;
- д) ол кесте түрінде ұсынылса;
- е) ол көмекші алгоритмнен тұрса.



133

11. Тілдің алфавиті – бұл ...

- a) осы тілдің мәтіндерінде қолдануға болатын қарапайым белгілердің жиынтығы;
- b) осы тілдің мәтіндерінде қолдануға болатын ағылшын әріптері;
- c) осы тілдің мәтіндерінде қолдануға болатын арнайы символдар;
- d) осы тілдің мәтіндерінде қолдануға болатын түйін сөздер;
- e) осы тілдің мәтіндерінде қолдануға болатын идентификаторлар.

12. Қандай шарт жай шарт деп аталады?

- a) бұл үш арифметикалық өрнектен немесе үш мәтіндік шамадан құрастырылған өрнек;
- b) бұл екі арифметикалық өрнектен немесе екі мәтіндік шамадан құрастырылған өрнек;
- c) бұл арифметикалық өрнектен немесе мәтіндік шамадан құрастырылған өрнек;
- d) бұл төрт арифметикалық өрнектен немесе төрт мәтіндік шамадан құрастырылған өрнек;
- e) бұл арифметикалық және мәтіндік шамадан құрастырылған өрнек.

13. Құрама шарт – бұл ...

- a) логикалық амалдардың көмегімен байланысқан бірнеше жай шарттардан тұратын шарт;
- b) жай шарттардан тұратын шарт;
- c) бірнеше жай шарттардан тұратын шарт;
- d) екі арифметикалық өрнектен немесе екі мәтіндік шамадан тұратын өрнек;
- e) бірнеше арифметикалық өрнектен немесе бірнеше мәтіндік шамадан тұратын өрнек.

14. Программаның кіріктірілген ортасы – бұл ...

- a) программалаушылар қолданатын программалық құралдар жүйесі;
- b) программалық қолданбаны жасау үшін программалаушылар қолданатын программалық қолданбасы;
- c) программалық құралдар жүйесі;
- d) ойындарды құруға арналған программалық құралдар жүйесі;
- e) программалық қолданбаны жасау үшін программалаушылар қолданатын программалық құралдар жүйесі.

15. Мөліметтердің символдық типін көрсетіндер –


- a) Float;
- b) Int;
- c) Char;
- d) Bool;
- e) Double.



V БӨЛІМ

ОБЪЕКТИЛЕР МЕН ОҚИҒАЛАРДЫ МОДЕЛЬДЕУ

5.1. Үшөлшемді модельдер



Модель үгымын күнделікті өмірде көптеп кездестіруге болады. Мысалы, әртүрлі мәшинелердің, ұшақтың, математикалық амалдар мен геометриялық пішіндердің, үйдің модельдері және т.б.

Кез келген зерттеуде қындық пайда болғанда оны модельдеу қажеттілігі туындайды.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Объект – бұл зат, оқиға, процесс, табигат құбылысы т.б.

Модель – нақты объектінің, процессті немесе құбылысты ықшам әрі шағын түрде бейнелеп көрсету үлгісі.

Зерттеуші үшін модель мен объектінің арасында үқастық болуы тиіс:

- модель мен объектінің физикалық сипаттамаларының үқастығы;
- модель мен объектінің жүзеге асыратын қызметтерінің үқастығы;
- объекті мен оның модельінің (әрекетінің) математикалық сипаттамасының бірдейлігі.

Бүгінгі күні 3D графикалық моделімен бейнеленетін әрекеттер көптеп кездеседі. 3D (3-Dimensional сөзін ағылшын тілінен аударғанда) – үшөлшемді объект деген мағынаны білдіреді. Соңдықтан 3D технологиясының өзектілігі белгілі. Фимарат, ұшақтар, көліктер, тұрмыстық техника, қаламдар, микросхемалар және компьютерлердің модельдері – бұл 3D технологиясының көмегімен құрастырылған модельдер.



ЕСТЕ САҚТАҢДАР

3D модельдеу – бұл объектінің үшөлшемді моделін құру процесі. 3D модельдеудің міндегі кез келген объектінің көлемді бейнесін жасау.

Заманауи технологиялардың қарқынды дамуы бізді қоршаған әлемді 3D әлемге көшіруге мүмкіндік беріп отыр.

ОЙЛАНЫП, ЖАУАП БЕРИНДЕР

- **3D** модельдеу әртүрлі жастағы балаларға не үшін қызықты?
- **3D** модельдеудің мүмкіндіктері балаларды не үшін ынталандырып отыр?
- **3D** көмегімен орындалатын объектілер мүмкін болмайтын нәрселерді көрге мүмкіндік береді. Келесі модельдерді құрастыруда **3D** өте тамаша құрал болуы мүмкін бе:
 - виртуалдық мұражайларда;
 - ойын индустрисында;
 - құрылышта;
 - теледидарда;
 - дизайн студиясында;
 - жарнамаларда;
 - полиграфияда;
 - өндірістерде;
 - үшақ пен автомобильдерде?

3D немесе үшөлшемді графика – компьютерлік графиканың негізгі бөлімдерінің бірі болып табылады. 3D графиканың құралдарының жиынтығымен формасы мен түсі бар көлемді объектілерді құруға болады. Жазықтықтағы үшөлшемді модельдер 3D графика көмегімен құрастырылады. Олар арнайы компьютерлік программалар арқылы орындалады. Қазіргі таңда мундай программалар өте көп.

3D редакторларға келесі программалар жатады:

- Punch Home Design;
- SketchUp (Google SketchUp);
- ArCon;
- Realtime Landscaping Plus;
- Turbo FLOORPLAN Landscape and Deck 12;



- FloorPlan 3D 12;
- Autocad;
- 3ds Max;
- Sierra Land Designer 3D 7.0;
- ArchiCad 17.

Үшөлшемді графиканы модельдеу үшін келтірілген 3D редакторлардың кез келгенін таңдауга болады.

ЕСТЕ САҚТАНДАР



3D редактор – бұл үшөлшемді модельдеу, анимациялау және визуализациялауга арналған программалық орта.

Коршаған ортадағы қарапайым объектілердің үшөлшемді модельін құрудың негізгі әдістерімен танысамыз.

Үшөлшемді бейнелерді модельдеу үшін бірнеше қадамдарды орындау білу қажет (5.1-сурет):



Модельдеу – үшөлшемді объекттің күру



Бояу – модельге суреттерді, текстураларды қою, материалдардың қасиеттерін ретке келтіру



Жарықтандыру – жарық көздерін орнату және баптау



Түсіру – саңнада түсіру нұктесін таңдау



Рендеринг – шынайы бейнені күру

5.1-сурет. 3D модельдерді орындау қадамдары

Бұтінгі таңда технология тез қарқынмен дамып келеді: 3D графика, 3D принтер және т.б. Үшөлшемді графиканы құрып қана қоймай, оны 3D принтер көмегімен қаразға басып шығаруға болады.



137



Білу және түсіну деңгейі



1. Электрондық кестеде модельдеуді қалай орындауга болатындығын еске түсіріңдер.
2. «Модель», «объект» сөздерін қалай түсінесіңдер?
3. 3D модельдеу нені білдіреді?
4. Қандай жағдайда 3D редакторы қолданылады?
5. 3D модельдеуге арналған қандай программалар бар?
6. Үшолшемді модельдеудің негізгі кезеңдерін атаңдар.
7. 3D принтер туралы не білесіңдер?



Колдану деңгейі



1. Мына ребуста қандай сөз жасырынганын табыңдар (5.2-сурет).



5.2-сурет. Ребус



2. Тестегі сұрақтардың дұрыс жауабын таңдаңдар:

1) Модель – бұл...

- қағазга объектілерді, процестерді немесе құбылыстарды бейнелеу;
- нақты объект, процесс немесе құбылыс туралы ықшамдалған түсінік;
- нақты объектіні, процесті немесе құбылысты ықшам, әрі шағын түрде бейнелеп көрсету үлгісі;
- кез келген материал арқылы орындалған ықшам объект.

2) Объекттің талдау мен мақсатын анықтау модельдеудің қандай кезеңінде жүргізіледі?

- модельді жасау;
- есептің қойылуы;
- компьютерлік эксперимент;
- модельдеу нәтижелерін талдау.



3) Объект, процесс немесе құбылыстар туралы мәліметтердің жиынтығы ... аталады.

- a) таңбалық модель;
- b) компьютерлік модель;
- c) ақпараттық модель;
- d) вербальдық модель.

4) 5.3-суретте модельдің қандай түрі бейнеленген?

- a) ойын;
- b) оқу;
- c) имитациялық;
- d) гылыми-техникалық.

5) Ушөлшемді бейнелерді салу кезеңдерінің ережелерін атаңдар:

- a) зерттелетін объекттің кеңістік-уақыттық сипаттамасы;
- b) модельдеу, бояу, жарықтандыру, түсірілім, рендеринг;
- c) бояуга, жарықтандыруга және рендерингке сәйкес объект қасиеттерін бөліп алу;
- d) зерттелетін объекттің түсірілімі мен бояу қасиеттерінің сипаттамасы.



5.3-сурет. Объект моделі



Талдау, жинақтау және бағалау деңгейі



1. Энциклопедия мен Интернет ресурстарын пайдалана отырып, топпен зерттеу жұмысын жүргізіндер. «3D әлемі туралы қызықты деректер» тақырыбы бойынша эссе жазыңдар.
2. Жаңа ақпаратты талдау, жинақтау және бағалау туралы зерттеу жұмысын жүргізіндер. Ушөлшемді графика үшін компьютерлік программаларды жіктеңдер.



5.2. Редакторға кіріктірілген объектілер



Ушөлшемді графиканы құруға мүмкіндік беретін компьютерлік программалар айтарлықтай көп. 3D редакторларының мысалы ретінде 3Ds Max, Blender, Sketch Up және т.с.с. редакторларды алуға болады.

Sketch Up – үшөлшемді модельдерді құруға, өндеуге және презентациялауға мүмкіндік беретін қарапайым құрал.

Ушөлшемді графиканы құру және редакциялауға арналған **Google Sketch Up 3D** программы жаңа үйренушілер үшін 3D объектілерін модельдеуге керек пакет болып табылады.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Sketch Up 3D программыны:

- архитектурада эскиздік модельдеу;
- гимараттарды модельдеу;
- жоғалып кеткен гимараттарды модельдеу;
- интеръер дизайны;
- ландшафт дизайны;
- сыртқы жарнаманың дизайны;
- өнімдерді 3D-принтерінде баспаға шығару үшін модельдеу және т.б. қолдануға болады.


БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ

Программаны //SketchUp.Google.com сайтынан жүктең, компьютерге орнатуға болады. <http://www.youtube.com/watch?v=oT0b00heZ1I&t=317s> <https://sites.google.com/site/eklocheva/uroki-po-sketchup> сайтынан SketchUp-тағы бейнероликтерді қараңдар.



Программаны келесі алгоритм бойынша іске қосындар:

1. Иске қосу (Пуск) батырмасына басындар, Барлық программаларды (Все программы) таңдаңдар.
 2. Добро пожаловать в Sketch Up терезесінен Шаблонды таңдауды (Выбрать шаблон) ашындар. Бірнеше шаблон нұсқаларының қажеттісін ішінен таңдаап алышадар.
 3. Начать использования Sketch Up батырмасына басындар.
- Sketch Up программасының интерфейсін қарастырайық. Программаның жұмыс терезесі бірнеше аймақтарға бөлінген (5.4-сурет):
- меню – мәтіндік менюлер жиынтығының тақтасы;
 - модельдеу аймағы программаның жұмыс үстелінің негізгі бөлігін алады. Бұл аймакта барлық модельдеу процесі жүзеге асырылады;
 - меню қатары экранның жоғары белгінде орналасқан, ол ағымдағы ашық түрган файлдың атын көрсетеді;
 - құралдар тақтасы менюдің төменгі бөлігінде орналасқан. Ол құралдармен және опциялармен жұмыс жасау барысында «көп талап етілетін» батырмалардың тобынан тұрады;
 - қалып-күй қатары модельдеу аймагының төменгі бөлігінде орналасқан;
 - тақтандың сол жақ бөлігінде жобаны идентификациялаудың бірнеше опцияларының батырмалары және нұсқаушы терезе (окно инструктора), яғни SketchUp программасымен жұмыс жасаудың анықтама терезесі орналасады.



5.4-сурет. SketchUp программасының жұмыс терезесі



Үшөлшемді кеңістіктегі объектілердің координаталары әдетте декарттық координаталар жүйесінде беріледі. X, Y және Z осьтері программага сәйкес қызыл, жасыл және көк сұзықтармен бейнеленеді. Ол жұмыс істеу барысында 3D кеңістіктегі әрекетті бақылауға көмектеседі. Осьтердің қызылсызы кезінде біздің құрылымның нақты елшемдерін бағалауға мүмкіндік беретін адам пайда болады. Адамды жанама менюдің көмегімен жасырып қоюға болады.

ТӘЖІРИБЕ ЖАСАНДАР

Құралдар тақтасы 20 батырмадан тұрады (5.1-кесте). Тінтуірдің оң жақ батырмасын құралдарға апарып басу кезінде пайда болатын жылжымалы анықтамадан құралдың қызметін оқып білуге болады.

5.1-кесте

Құрал-жабдықтар тақтасы

Құрал	Қызметі	Орындалатын іс-әрекеттер
1	2	3
	Таңдау	Басқа құралдармен және командалармен объектілерді өзгерту үшін таңдау
	Өшіргіш	Таңдалған объектілердің модельдерін тегістей немесе жүқарту
	Сызықтар	Сызықтарды салу
	Догалар	Догаларды салу
	Фигуралар	Фигураларды таңдау: тіктөртбұрыш, бұрылған тіктөртбұрыш, шеңбер, көпбұрыш
	Қысу және созу	Объектілердің жақтарын қысу және созу
	Жылжыту	Таңдалған қабыргаларды жазықтықта жылжыту




Жалгасы

1	2	3
	Орнын ауыстырыу	Объектілердің орнын ауыстыруға, созуга, көшірге және ретке келтіруге мүмкіндік береді
	Бұру	Объектілерді осытеріне сәйкес бұру, созу, көшіру және ретке келтіру
	Масштабтау	Таңдалған объектілерді масштабқа түсіру және созу
	Өлшеуіш (рулетка)	Арақашықтықтарды өлшеу, бағыттаушы сызықтарды немесе нүктелерді құру, сонымен қатар модельдерді масштабқа түсіру
	Мәтін	Мәтіндік жазбаларды салу
	Бояу (Заливка)	Модельдегі объектілерге түсті және материалды қолдану
	Айналдыру	Модельдің айналасында камераның көріну шегін өзгерту
	Панорама	Камераның шолу нүктелерін тігінен немесе көлденең бұру
	Өлшемі (Масштаб)	Камераның нүктелерін жақыннату немесе алыстату
	Масштабтау	Барлық модельді көрсету үшін нүктелерді жақыннату немесе жою
	3D Warehouse	3D Warehouse ашу
	Extension Warehouse	SketchUp-қа кеңейтілімді енгізу
	Layout	Layout-қа жіберу




«Тіктөртбұрыштың» 3D моделін құрындар. Объекттің модельдеу кезеңінен бастаңдар.

1. **Тіктөртбұрыш (Прямоугольник)** құралымен сақнаның (сцена) ортасынан үйдің іргесіне сәйкес өлшемді ала отырып салындар (5.5-сурет).




5.5-сурет. Тіктөртбұрыш құралы

2. Тіктөртбұрыштың бетін **Сығу және созу (Вдавить и вытянуть)** құралымен қажетті биіктікке дейін көтеріңдер (5.6-сурет).



5.6-сурет. Иргені құру




5.7-сурет. Қабырганы құру


3. **Жылжыту (Смещение)** құралы арқылы ішкі қозғалыспен қабырганың ішкі шегін белгілеңдер (5.7-сурет).

4. **Сығу және созу (Вдавить и вытянуть)** құралы арқылы сыртқы бетті төменге, іргенің үстіңгі деңгейіне (еденине) дейін сығындар (5.8, 5.9-суреттер).





5.8-сурет. Қабыргалардың ішкі шегі



5.9-сурет. Ишкі бетті қысу

5. **Тіктөртбұрыш (Прямоугольник)** құралымен қабырганың сыртқы бетіне есіктің орнын салып, **Сығу және созу (Вдавить и вытянуть)** құралының көмегімен оны қабырганың ішкі бетіне дейін сығындар.

6. **Айналдыру (Вращение)** құралымен үйдің моделін айналдырып қараңдар. Артық объектілерді **Өшіргіш (Ластик)** құралымен өшіріндер.

7. «Файл» менюінен **Сақтау** командасын таңдалап, модельдің атауын енгізіп, **Сақтау** батырмасына басындар.

SketchUp-та жоба *.skp форматында сақталады.



Білу және түсіну деңгейі



1. Ушөлшемді графиканы қуру мен редакциялау үшін қандай программалық орта қолданылады?
2. SketchUp программасының қандай мүмкіндіктерін білесіндер?
3. SketchUp программасын қалай іске қосуға болады?
4. SketchUp программасының интерфейсі Paint графикалық редакторынан қалай ерекшеленеді?
5. SketchUp редакторы қандай аймақтарға бөлінген?
6. X, Y және Z осьтері программада не үшін түрлі түстермен белгіленген?
7. Қандай құралдар жиі қолданылады деп есептейсіндер?
8. Қазіргі әлемде 3D редакторларын қуру қажеттілігі не үшін туындаған?
9. Өз өмірінде 3D редакторларын қолдануды қалай елестетесіндер?
10. SketchUp-та жобаларды сақтау үшін файлдың қандай кеңейтілуі қолданылады?





Колдану деңгейі



1. 5.2-кестедегі берілген құралдар мен орындалатын амалдарды сәйкестендіріңдер. Бос бағанга құралдардың атқаратын қызметін жазыңдар.

5.2-кесте

Құрал	Қызметі	Орындалатын әрекеттер
1	2	3
		Сызықтарды салу
		Басқа құралдармен және командалармен объектілерді өзгерту үшін таңдау
		Таңдалған объектілердің модельдерін өшіру, тегістеу немесе жүқарту
		Объектілердің шеттерін қысу және созу
		Таңдалған қабыргаларды жазықтықта жылжыту
		Догаларды салу
		Фигураларды таңдау: тіктөртбұрыш, бұрылған тіктөртбұрыш, шеңбер, көпбұрыш
		Объектілердің орнын ауыстыруға, созуга, көшіруге, ретке келтіруге мүмкіндік береді
		Объектілерді осытеріне сәйкес бұру, созу, көшіру және ретке келтіру
		Таңдалған объектілерді масштабқа түсіру және созу




Жалгасы

	Арақашықтарды өлшеу, бағыттаушы сзықтарды немесе нүктелерді құру, сонымен қатар модельдерді масштабқа түсіру
	Мәтіндік жазуларды салу
	Объектілерді модельдеуге түсті және материалды қолдану
	Камераның нүктелерін жақындату немесе алыстату
	Камераның шолу нүктелерін тігінен немесе көлденең айналдыру
	Модельдің айналасында камераны көрү шегін айналдыру
	SketchUp-қа кеңейтілімді енгізу
	Layout-қа жіберу
	Барлық модельді көрсету үшін нүктелерді жақындату немесе жою
	3D Warehouse ашу

2. <https://www.youtube.com/watch?v=Bfk8gGHVbDs> адресі бойынша бейнекі фильмдегі материалды негізге ала отырып, SketchUp программалық ортасында үйдің суретін салындар (5.10-сурет).





5.10-сурет. Үй



Талдау деңгейі




SketchUp программалық ортасының интерфейсіне талдау жасаңдар. Программандың қолданушылық интерфейсінің қандай тиімділігі мен кемшіліктері бар екендігін анықтаңдар.



Жинақтау деңгейі

Салыстырындар (5.11-сурет): берілген суреттер бойынша 2D графиканың 3D графикадан қандай ерекшеліктері бар екендігін анықтаңдар?



5.11-сурет. Роботтар бейнесі




Бағалау деңгейі

3D графикамен тиімді жұмыс жасау үшін саган компьютерді таңдау керек. Компьютер құрылғылары: корпус, қоректену көзі, процессор, бейнекарта, жүйелік блок, жедел жад, компьютерді салынудату жүйесі, винчестер. Ушөлшемді графикамен жұмыс жасайтындағы етіп құрылғыларды маңыздылығына сәйкес ретімен орналастыру керек. Қандай тізбекті таңдар едіндер?



5.3. Объектілердің үшөлшемді модельдері



БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ


3D үй модельін құрамыз.

Үйдің қабыргасын, терезесін және есігін салу.


Үйді модельдеу үшін **Құралдар тақтасындағы Қарындаш** көмегімен тіктөртбұрышты көлемді етіп салыңдар.

Есік сұлбасын **Тіктөртбұрыш** (Прямоугольник) құралы арқылы, содан соң ішкі ойықтарын **Сығу және Созу** (Вдавить и вытянуть) құралдарымен орындаңдар. **Айналдыру** (Вращение) құралымен модельді қарап шығып, объектінің артқы түсын **Өшірішпен** (Ластик) ешіріндер.

Осы әдіспен бірінші терезені саламыз. Бір қабыргада үш түрлі терезе болу керек. Қалған екеуін салу үшін солдан оң жаққа қарай орналасқан ойықтың барлық элементтерін жиектеме ретінде таңдаймыз. **Орын ауыстыру + Ctrl** опциясының мүмкіндіктерін қолдана отырып, терезенің екі көшірмесін алындар (5.12, 5.13-суреттер).



5.12-сурет. Есіктің орыны




5.13-сурет. Терезенің ойығы




Үйдің шатырын салу

Алдымен **Тіктөртбұрыш** (Прямоугольник) құралы арқылы үйдің төбесіне тікбұрышты салу керек (5.14-сурет). Карниздің көлеміне дейін үлгайтып, **Жылжытуды** (Смещение) жүзеге асырындар (5.15-сурет).




5.14-сурет. Төбенің тіктөртбұрышының құру




5.15-сурет. Карниздің көлемі

Сығу және Созу (Вдавить и вытянуть) құралдары арқылы қабырганы созындар (5.16-сурет). Артық қабыргаларын **Өшіргішпен** алып тастандар (5.17-сурет).



5.16-сурет. Тіктөртбұрышты көтеру




5.17-сурет. Артық қабыргаларды өшіру


Үйдің жеке элементтерін топтастыру үшін барлық объектілерді **Сызық** (Линия) құралымен беліп алып, содан кейін **Өзгерту – Топ** құру менюіне басындар.



Сызық (Линия) құралын қолдана отырып, үйдің жоғарғы жақ бөлігінің қақ ортасына кесінді сызықтар. Сол кезде көгілдір нүктеле пайда болады. Жоғарғы жазықтықты екі бөлікке бөліндөр. **Орын ауыстыру (Перемещение)** құралы арқылы шатырды көтереміз (5.18,5.19-суреттер).



5.18-сурет. Екі бөлікке болу




5.19-сурет. Шатыр

Сызық (Линия), Тіктөртбұрыш (Прямоугольник), Сығу және созу (Вдавить и вытянуть), Орын ауыстыру (Перемещение) құралдарын қолдана отырып, үйдің жетіспейтін элементтерін толықтырындар.

Тұтін шығару обьектісін саламыз және үйді өлшейміз

Дуга (Дуга) құралын таңдал, бастапқы нүктеден хорданың ұзындығымен созамыз да, соңғы нүктеге дейін тінтуір батырмасын шертеміз. Мендерді хордага перпендикуляр жылжытамыз да, қажетті биіктікке дейін көтереміз және үшінші рет шерту арқылы салуды аяқтаймыз.

Сызық (Линия) құралымен қосымша сызықты сызықтар. **Сығу және созу (Вдавить и вытянуть)** құралын қолдана отырып, пайда болған обьектіні жоғары көтереміз (5.20-сурет).



5.20-сурет. Тұтін шығару обьектісі



Рулетка құралы арқылы үйді өлшейміз. Тінтуірдің батырмасын өлшеудің бастапқы нүктесіне басып, нұсқағышты орналастырыңдар. Өлшеудің соңғы нүктесінде нұсқағышты басыңдар.

Бұру (Повернуть) құралын таңдағанда стандартты меңзер бағыттауыштары бар транспортир құралына өзгереді. Транспортир жұмысы басқа құралдар тәрізді сандық және шартты өлшемдермен бақыланады.

Масштабтау (Масштабирование) құралы үйдің және оның жеке элементтерінің пропорциясын және өлшемін өзгерту үшін қолданылады.

Білу және түсіну деңгейі




1. Ушөлшемді кеңістікте нүктенің қанша координатасы бар?
2. Қабыргалармен қоршалған жазық объект қалай аталады?



Колдану деңгейі



- 5.21-суреттегі сияқты екі қабатты үйдің суретін салыңдар.




5.21-сурет. Екі қабатты үй

Осы үйдің дизайны мен безендірілуін шыгармашылық тұрғыдан қарастырыңдар.

Үйдің макетін таңдау үшін жұмыс терезесінің сол жақ бөлігіндегі **Стильдер** командасы арқылы стильді таңдаңдар.

5.22-суретте стильдің бірнеше түрлері берілген.






5.22-сурет. Стильдер

SketchUp-та жасалған объектілерді «бояу» – біртүсті түстерге бояумен қатар оларға текстураларды орналастыру деп түсінуге болады. 1. Үйді құрастыратын материалдарды таңдау үшін **Құю** (Заливка) құралы арқылы программаға енгізілген материалдар жиынтығынан тұратын **Материалдар** сұхбат терезесі ашылады.

1. Қажетті материалды таңдағаннан кейін объектіге шертіп, таңдалған қабыргалардың барлық бетін бояңдар.
2. Төбе материалын шатырға, тасты қабырга мен баспалдаққа, жарық еткізгіш материалдарды терезелерге және металдарды есіктегерге қолданыңдар (5.23-сурет).




5.23-сурет. Материалдар




Қабаттарды басқару **Layers** менюі арқылы ашылатын диалогтік терезелерде жүзеге асырылады және жобаның осы кезеңіндегі (құрастырылған) барлық қабаттарды көрсетеді.

Layers терезесінде, біздің мысалдағы қабаттар тізімінде өзірше – **Layer 0** және қабыргаларды көресіндер (5.24-сурет).

Сахна (сцена) сұхбат терезесі ашылғаннан кейін жобадагы сахналардың тізімі шығады. Біздің жағдайда екі сахна гана таңдалған (5.25-сурет). Мысалы, біздің екі қабатты үйдің жобасында оның жеке элементтерін – іргетасын, қабыргаларын, шатырын және т.б. көрсетуге болады. Әрбір сахнага қабаттарды қолдану арқылы қажетті түрлерін бейнелеп қойып, сақтаңдар.




5.24-сурет. Қабаттар



5.25-сурет. Сахна

Екі қабатты үйдің моделін сақтау үшін Файл менюінен **Сақтауды** таңдаң, модельдің атауын беріп, **Сақтау** батырмасын басыңдар.

- 1) **Сыгу және созу (Вдавить и вытянуть)** құралы объектінің моделін үлкейту, кішірейту мен жақтауларды сығып, созу үшін қолданылады. 5.26-суреттегі жақтауларды қанша рет сығып, созуга болады?



5.26-сурет. Жақтаулар



- 2) Бейнелердің масштабын үлкейтіп қарau үшін қандай батырмаларды қолдану қажет?
- 3) Бейнелердің бұрыштарын өзгертіп қарau үшін қандай батырмаларды қолдану қажет?



Талдау деңгейі




Google SketchUp интерфейсінің негізгі элементтерін атаңдар.

Google SketchUp программасында жиі қолданылатын құралдарды таңдаңдар.



құралының көмегімен (5.27-сурет) қандай фигуralардың моделін салуга болады?



5.27-сурет. Бастапқы фигура

Үйді модельдеу барысында дизайнердің көру аймагынан кейбір бөліктері ескерусіз қалды. Бұл жағдайда қандай құралдарды қолданған тиімді?



Жинақтау деңгейі

5.28-суретте берілген үйдің моделін құру үшін қандай құралдарды қолдануға болады?




5.28-сурет. Үй моделі





Бағалау деңгейі

1. Компьютерлік ойындардың басым бөлігі үшөлшемді графикалық интерфейсте жасалады. Компьютерлік графикасы күрделі жасалған ойындарға мысал келтіріндер.
2. 5.29-суретте берілген геометриялық фигуralардың 3D моделін құрындар.



5.29-сурет. Қолемді геометриялық фигуralар


3. 5.30-суретте берілген қарындаштар жиынтығының моделін құрындар.



5.30-сурет. Қарындаштар жиынтығы



5.4. Оқигалардың үшөлшемді модельдері



Компьютерді қолданудың кең тараған бағыттарының бірі – компьютерлік графикамен жұмыс істеу болып табылады. Компьютерлік графика құралдарын үйрену компьютердің жаңа мүмкіндіктерін ашуға ықпал етеді.

ЕСТЕ САҚТАҢДАР



Оқиганы модельдеу (информатикада, программалық қолданбада) – кез келген болып жатқан оқиганы немесе болған оқиганы модельдеу.

Бейнелерді мазмұны, формасы, өлшемі мен түсі бойынша талдау оның көрнекілігін динамикалық түрде басқаруды қамтамасыз етеді.

Мысалы, Google SketchUp жер ландшафтың модельдеуді – оқиганы модельдеуге жатқызуға болады (5.38-сурет). Бұл модельдеуді SketchUp құралдарымен бірге **Песочница** құралын қолдана отырып іске асырамыз.

Песочница (Sandbox) құралы беттерді құру мен манипуляциялауга негізделген. Беттер жазық үшбұрышты ұяшықтармен тор (сетка) түрінде модельденеді.

Песочница Sandbox-ға енетін құралдардың түрі мен сипаттамасы


Құралдар	Сипаттамасы
1	2
	<i>Контур (From Contours)</i> – рельефтегі құру үшін қолданылады.
	<i>Сетка (From Scratch)</i> – жаңа торды құру үшін қолданылады.



1	2
	<i>Штамп (Stamp)</i> – рельефке объектінің қондыру жөне орналастыру үшін қолданылады.
	<i>Драпировка (Drape)</i> – жаңа жазықтық жасай отырып, рельефтің жазықтығын қияды.
	<i>Детальдар қосу (Add Detail)</i> – топ үяшықтарын кішкене үшбұрышты үяшықтарға бөлуге арналған.
	<i>Присоска (Smoove)</i> – алдын ала дайындалған торды деформациялау арқылы рельефтің созуга арналған.
	<i>Отразить ребро (Flip Edge)</i> – қажет емес рельефтің беліктерін түзетуге арналған.

БІРГЕ ОРЫНДАЙМЫЗ


SketchUp программасында **Песочница** құралын жұмыс экранына ыңғайлы етіп орналастырып аламыз (5.31-сурет).



5.31-сурет

Сетка (Top) құралымен қажетті жер белгілейміз (5.32-сурет).






5.32-сурет. Қажетті жер белгілеу




Присоска модельдеу құралымен ландшафты көрсетілетін жерді белгілейміз. Белгіленген аумақ қызыл түсті шеңбермен бейнеленеді. Оның радиусын өзгертуге болады (5.33-сурет).



5.33-сурет. Қажетті дұмпуіл көрсетілетін жерді белгілеу


Тінтуір батырмасын бір рет шерткенде, қызылмен белгіленген аймақ сары түске айналады (5.34-сурет).



5.34-сурет. Тебе көрсетілетін аумақтың белгіленуі




Объекттің белгілеп алғаннан кейін ол жерді не жоғары, не төмен со- замыз (5.35-сурет).




5.35-сурет. Дұмпуілді көрсету

Осылайша, бірнеше тәбені немесе сайды саламыз (5.36-сурет).



5.36-сурет. Бірнеше тәбені және сайдарды салу


Енді, бұрыштарын тегістеу үшін арнайы **Бұрыштарды тегістеу** (Сгла- живание углов) тобынан **Бұрыштарды тегісте** (Сгладить углы) белімін тандаймыз да, Тегістеу параметрін (Параметр сглаживание) көрсетеміз. Сонда модель келесідей түрге енеді (5.37-сурет).



5.37-сурет



Әрі қарай ландшафты түрлі объектілермен 5.38-суретте берілгендей етіп, модельдеуге болады.



5.38-сурет. Ландшафт дизайны


Үшөлшемді оқиғаларды модельдеу үшін тағы да қандай 3D редакторларын қолдануға болады?

Мысалы, үшөлшемді визуалдаумен айналысатын барлық пайдаланушыларға сахнаны өсімдіктермен толтыру қажет болады. Мұндай жағдайда өсімдіктерді көбейту үшін арнағы программаларды қолданамыз. **Xfrog** программасы өсімдіктердің, объектілердің, архитектуралық пішіндердің (формалардың) кейбір параметрлерін өзгерту арқылы көбейтеді және жандандырады. Кез келген өсімдікті, гүлді, ағаштың өсуін безендіруге және дизайнын да түрлендіріп, әрлендіруге болады.

PlantStudio программасы өсімдіктерді, дала гүлдерін, көгөністерді, балдырыларды, шөптерді әдемілеуге мүмкіндік береді (5.39-сурет).

ngPlant программасының интерактивті құралдары түрлі өсімдіктер мен ағаштардың 3D моделін құруға қолданылады.

Танымал компьютерлік программалардың бірі – **Blender**. Бұл программаның көмегімен үшөлшемді компьютерлік графиканы, анимацияны және интерактивті қолданбаларды құруға болады. **Blender** программасының екі ерекшелігі бар. Біріншіден, ол GNU (General Public



5.39-сурет



License) лицензиясы арқылы еркін таралады. Екіншіден, нақты уақыттың, оқиғаның анимациясын құру мүмкіндігін беретін қозғалтқыш күші бар (интерактивті модельдер).

Модельдерді қалай құруды алдын ала қарау үшін **Blender** қолданбасында өзіндік зерттеулерді жүргізіп көріндер.

Sweet Home 3D программасы белменің нақты өлшемі мен геометриясын ескере отырып, жобалау мүмкіндігін береді. **Sweet Home 3D** ресми сайтында және Интернет желілерінде интеръер үшін дайын модельдер кітапханасы бар. Жобага жиназдардың және жиһаз бүйімдарының үшөлшемді модельін енгізіп, оларды жоспар бойынша орналастыруға, содан кейін бейнені визуалдауга болады.

Terragen программасы – ландшафты модельдеу және анимациялау программысы, оның көмегімен шынайы суреттелген пейзаждарды құра алатыз. Программа ландшафты өсіру және модификациялау мүмкіндігін бере алады.



Білу және түсіну деңгейі



1. Оқиға дегеніміз не?
2. Оқиғаларды үшөлшемді модельдеуді қалай түсінесіңдер?
3. Песочница құралдарының көмегімен қандай процестерді модельдеуге болады?
4. Оқиғаларды үшөлшемді модельдеу программаларына қандай программаларды жатқызура болады?



Қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейі



Төменде келтірілген жоба тақырыптарының бірін таңдап, SketchUp программасында модельдендер.

3D модельдеу бойынша жоба тақырыптары

1-тақырып

- Google SketchUp программасын таңдап, 5.40-суреттегі киіз үйді салындар (бар текстураны қолданыңдар).
- Жұмыс файлына модельді сактаңдар.
- Жасалған жұмыстың 2–3 суретін түсіріп, jpg форматында сактаңдар.



5.40-сурет. Киіз үй



2-тақырып

- Google SketchUp программасын таңдап, 5.41-суреттегі Астана символы – Бәйтерек монументін салындар. Бәйтерек өмірдің агашы тәрізді. Оның жоғарғы шыңында алтын жұмыртқада өмір мен үміт беретін күн бейнесі бейнеленген.
- Модельді жұмыс файлына сақтаңдар.
- Жасалған жұмыстың 2–3 суретін фотография түсіріп, jpg форматында сақтаңдар.



5.41-сурет. Бәйтерек

3-тақырып

- Google SketchUp программасын таңдап, 5.42-суреттегі коттедждің дизайн-интерьерін жасандар.
- Модельді жұмыс файлына сақтаңдар.
- Жасалған жұмыстың 2–3-суретін фотография түсіріп, jpg форматында сақтаңдар.



5.42-сурет. Коттедж жоспары



4-тақырып

- Google SketchUp программасын таңдаپ, 5.43-суреттегі «Шарын шатқалы» ландшафтын құрындар.
- Жұмыс файлына модельді сақтаңдар.
- Жасалған жұмыстың 2-3-суреттің фотога түсіріп, jpg форматында сақтаңдар.



5.43-сурет. Шарын шатқалы

5-тақырып

- Google SketchUp программасын таңдаپ, 5.44-суреттегі «Үлкен Алматы өзенінің» өдемі ландшафтын құрындар.
- Жұмыс файлына модельді сақтаңдар.
- Жасалған жұмыстың 2-3-суреттің фотога түсіріп, jpg форматында сақтаңдар.



5.44-сурет. Үлкен Алматы өзені

3D модельдеу жобасы бойынша есепке қойылатын талаптар.

Жобалар бойынша есеп келесілерді қамтуы тиіс:

- жұмыстың мақсаты;
- жұмыстың міндеттері;
- қолданылған құралдардың сипаттамасы;
- графикалық материалдың қолданбасы бойынша жұмыс нәтижелері;
- берілген зерттеу тапсырмасы бойынша есеп ретінде компьютерлік презентация (3-5 слайдтан тұратын) дайындау.






Анимация

Анимация – бұл өте кең мағыналы ұғым. Анимация негізгі (түйінді) кадрлары бойынша классикалық-компьютерлік анимацияға жатады. Кейіпкер анимациясы, физикалық процестерді модельдеу – үшөлшемді графиканың жеке бөлімдері болып табылады. Blender программасында анимациямен байланысты кез келген тапсырмаларды орындау үшін түрлі құралдар берілген.

Негізгі кадрлар бойынша анимацияны құрудың классикалық тәсілі. Сахнаның анимациясын құру үшін объектінің сахнада орналасуын анықтап, Timeline деп аталатын уақыт шкаласында анимация уақытын орнату арқылы 1-батырмада басамыз. Әрі қарай жанама менюден анимация параметрін таңдап, оны құратын команданы көрсетеміз (5.45-сурет).

Сахна объектілерін анимациялаудың қарапайым тәсілі негізгі кадрларды автоматты түрде құру режимінде жүргізіледі. Бұл режимді автоматтандыру үшін қызыл батырма басылады. Ол анимацияны қалпына келтіруді басқару батырмасының жанында орналасқан. Graph Editor терезесінде анимацияны баптау орындалады. Маркерді бөліп алу арқылы тірек нұктелеріндегі анимация қозғалысына өзгерістер енгізуге болады.



5.45-сурет. Классикалық тәсіл



ӨЗДЕРІНДІ ТЕКСЕРІНДЕР

1. Модель дегеніміз не?

- а) бұл зат, оқиға, процесс және табигат құбылысы;
- б) нақты обьектіні, процесті немесе құбылысты ықшам, әрі шағын түрде бейнелеп көрсету үлгісі;
- с) процесті немесе құбылысты ықшамдау;
- д) шағын түрде бейнелеп көрсету үлгісі;
- е) нақты обьекті.

2. 3D редактор – бұл...

- а) үшөлшемді модельдеу, анимациялау және визуализациялауға арналған программалық орта;
- б) қоршаған ортадағы үшөлшемді қарапайым обьектілермен модельдеудің негізгі әдістері;
- с) қарапайым обьектілермен модельдеудің негізгі әдістері;
- д) үшөлшемді модельдеу;
- е) модельге суреттерді, текстураларды қою, материалдардың қасиеттерін ретке келтіру.

3. Sketch Up программасының мүмкіндіктері:

- а) архитектурадағы эскиздік модельдеу;
- б) өңдеуге және презентациялауға ғана мүмкіндік беретін қарапайым құрылғы;
- с) бүйымдарды 3D басу құрылғысында баспаға шығару үшін модельдеу және т.б. қолдануға болады;
- д) жоғалып кеткен гимараттарды модельдеуге мүмкіндік береді;
- е) үшөлшемді модельдерді құруға, өңдеуге және презентациялауға мүмкіндік беретін қарапайым құрал.

4. Sketch Up 3D:

- а) үшөлшемді графиканы құру және редакциялауға арналған ландшафт дизайны;
- б) 3D обьектілерін модельдеуге арналған пакет;
- с) ландшафт дизайны, 3D обьектілері;
- д) архитектурадағы эскиздік модельдеу, гимараттарды модельдеу, жоғалып кеткен гимараттарды модельдеу;
- е) сыртқы жарнаманың дизайны, модельдеу пакеті.



5. Sketch Up программасының интерфейстері:

- а) меню, модельдеу аймагы, тақырып жолы, құралдар тақтасы, қалып-күй қатары;
- б) интеръер, ландшафт, Іске қосу, Шаблонды таңдау;
- с) құралдар тақтасы, қалып-күй қатары, ландшафт;
- д) Google Sketch Up 3D, 3D редактор, 3D объектілер;
- е) модельдеу аймагы, тақырып жолы, интеръер.

6. Таңдау құралының қызметі қандай?

- а) фигуralарды таңдау: тік бұрыш, шеңбер, көпбұрыш;
- б) таңдалған объектілердің модельдерін өшіру, тегістеу немесе жүқарту;
- с) басқа құралдарды және командаларды өзгерту үшін объектіні таңдау;
- д) объектілердің орнын ауыстыруға, созуға, кешіруге және ретке келтіруге мүмкіндік береді;
- е) арақашықтарды өлшеу, бағыттауыш сызықтарды немесе нұктелерді құру, сонымен қатар модельдерді масштабқа түсіру.

7. Жылжыту құралының қызметі қандай?

- а) фигуralарды таңдау: тік бұрыш, шеңбер, көпбұрыш;
- б) таңдалған объектілердің модельдерін өшіру, тегістеу немесе жүқарту;
- с) басқа құралдарды және командаларды өзгерту үшін объектіні таңдау;
- д) объектілердің орнын ауыстыруға, созуға, кешіруге және ретке келтіруге мүмкіндік береді;
- е) таңдалған қабыргаларды жазықтықта жылжыту.

8. Масштабтау құралының қызметін көрсетіндер:

- а) фигуralарды таңдау: тік бұрыш, шеңбер, көпбұрыш;
- б) таңдалған объектілерді масштабқа түсіру және созу;
- с) басқа құралдарды және командаларды өзгерту үшін объектіні таңдау;
- д) объектілердің орнын ауыстыруға, созуға, кешіруге және ретке келтіруге мүмкіндік береді;
- е) таңдалған қабыргаларды жазықтықта жылжыту.



9. Оқиғаны модельдеу дегеніміз ...

- a) оқигамен байланысты мәліметтер кем дегенде оның қандай оқиға екенін анықтайды;
- b) кез келген болып жатқан оқиғаны немесе болған оқиғаны модельдеуді айтамыз (информатикада, программалық қамтамасыз етуде);
- c) информатикада, программалық қамтамасыз етуде модельдеу үлгісі;
- d) нақты объектіні, процесті немесе құбылысты ықшам, әрі шағын түрде бейнелеп көрсету үлгісі;
- e) программалық жабдықтаманы өндөу үшін программалаушы қолданатын программалық құралдар жүйесі.

10. Песочница (Sandbox) құралының қызметі:

- a) объект моделін үлкейту, кішірейту мен жақтауларды сығып, созу үшін қолданылады;
- b) ашылатын диалогтік терезелерде жүзеге асырылады және жобаның осы кезеңіндегі (құрастырылған) барлық қабаттарды көрсетеді;
- c) үйдің және оның жеке элементтерінің пропорциясы мен өлшемін өзгерту үшін қолданылады;
- d) басқа құралдар тәрізді нақты сандық өлшемдермен бақыланады;
- e) жазықтықты құру мен манипуляциялауға негізделген.

11. 3D моделінің қандай программының кеңінен танымал:

- a) SketchUP;
- b) ngPlant;
- c) Plant Studio;
- d) Terragen;
- e) blender.

12. Бүгінгі таңда компьютерлік графиканың қандай түрі кеңінен танымал?

- a) 2D;
- b) 3D;
- c) 4D;
- d) 5D;
- e) 6D.



13. «Киіз үй» моделін салу үшін қандай графиканы қолдану тиімді?

- a) 7D;
- b) 5D;
- c) 2D;
- d) 3D;
- e) 4D.

14. «Песочница» құралы қанша құралдан тұрады?

- a) 3;
- b) 4;
- c) 7;
- d) 5;
- e) 6.

15. 3D модельдеу – бұл ...

- a) обьектінің, құбылыстың және процестің үшөлшемді моделін құру процесі;
- b) өсімдіктерді, гүлдерді, ағаштардың үшөлшемді моделін құру әрекеті;
- c) үйдің, гимараттың үшөлшемді моделін құру процесі;
- d) мультфильм мен киноларды үшөлшемді кеңістікте құру моделі;
- e) мәшиненің, доптың және ұшақтың моделін үшөлшемді кеңістікте құру процесі.



ГЛОССАРИЙ

- ⇒ **3D редактор** – үшөлшемді модельдеуге, анимациялауға және визуализациялауға арналған программалық орта.
- ⇒ **Google Sketch Up 3D** – үшөлшемді графиканы құру және редакциялау үшін біз программаны зерттейміз.
- ⇒ **Scratch** – кіші және орта жастағы балаларға арналған тегін программалау ортасы.
- ⇒ **SmartArt** – графикалық элементтер деректерді көрнекі етіп көрсету үшін қызмет етеді, оларды хабарламаны немесе идеяны тиімді жеткізу үшін өртүрлі макеттерге сүйене отырып, жылдам және оңай құрастыра аламыз. SmartArt графикалық элементтерін Microsoft Office қолданбаларында құрастыруға болады: PowerPoint, Word.
- ⇒ **URL (Uniform Resource Locator)** – ресурстардың біркітілген нұсқаушысы (орналасқан жерді анықтаушы).
- ⇒ **WWW (World Wide Web)** – ақпараттық жүйелердің гипермөтіндік құжаттары.
- ⇒ **Абзац (Азат жол)** – Enter батырмасын басқанда қойылатын, абзац белгілерінің аралығында орналасатын символдар жиыны (¶).
- ⇒ **Аккаунт** – тіркелу рәсімдері кезінде қандай да бір компьютерлік жүйеге жіберетін мәліметтерден тұратын жазба.
- ⇒ **Алгоритм** – соңғы қадамда қажетті нәтижеге жеткізетін, реттелген өрекеттер тізбегінің нақты сипаттамасы.
- ⇒ **Антивирус** – компьютерлік вируспен зақымдалған, программаларды табуга және емдеуге, сонымен қатар файлдарды вируспен зақымдаудың алдын алуға арналған программа.
- ⇒ **Аппаратты интерфейс** – бұл компьютердің өртүрлі түйіндерінің арасындағы өзара байланысы.
- ⇒ **Архив** – бұл ықшамдалған бір немесе бірнеше файлдар жиыны.
- ⇒ **Архиваторлар** немесе деректерді ықшамдау әдістері – бұл мұрагаттарды, яғни ақпараттарды жазудың жогары тығыздығына ие файлдарды құрастыруға арналған қызметтік программалар.
- ⇒ **Айнымалы** – бұл программада қандай да бір объектіге (сан, символ, жол, жазба және т.б.) сілтеме ретінде қолданылатын атап (идентификатор). Программаны орындау барысында айнымалыға өртүрлі мәндер меншіктеледі.
- ⇒ **Бит** – бұл ақпараттың ең кіші өлшемі.
- ⇒ **Брандмауэр** – сенің компьютеріңді рұқсат етілмеген пайдаланушыдан сақтайтын және ақпараттық қауіпсіздік қызметін атқаратын арнайы программа.



- ⇒ **Браузер** – қашықтағы серверлерде орналасқан web-құжаттарды көру құралы.
- ⇒ **Бейнеақпарат** – бұл бір-бірін ауыстырып отыратын графикалық бейне (кадр) немесе кадрлардың тізбегі.
- ⇒ **Бейнежад (VRAM)** – бұл кодталған бейнелерді сақтайтын, оперативті есте сақтау құрылғысының түрі.
- ⇒ **Веб-парапша** –браузерлерде көрсетілуі мүмкін және мәтіні тегтердің арасына орналасқан мәтіндік құжат. Веб-парапша сайттың бөлігі болып табылады және Интернетте сақталады.
- ⇒ **Деректер** – қойылған есептерді шешу барысында программада қолданылатын ақпарат.
- ⇒ **Дистрибутив** – бұл программаның бастапқы орнатылуына немесе жүйенің ықшамдалған түріне арналған ақпаратты ұсынатын, программалық қамтамасыз етудің таралу формасы.
- ⇒ **Домен** – Интернет желісінде орналасқан кез келген сайттың ерекше адресі.
- ⇒ **Деректер типі** – бұл компьютер жадында деректерді сақтау өдісін анықтайтын деректер тобының сипаттамасы, берілген типке қолданылатын мүмкін болатын мәндер мен операциялардың жиыны.
- ⇒ **Енгізілген циклдер** – қайталануы бар программалық бөліктің бірнеше рет қайталанатын циклдік құрылымы.
- ⇒ **Жоларалық (межстрочный) интервал** – абзацтағы мәтіндердің тік сызық бойынша арақашықтығы.
- ⇒ **Жедел жад** (Random Access Memory-RAM) – бұл процессормен байланысқан және орындалып жатқан программалар мен осы программалармен өнделетін деректерді сақтауға, есептеуге және жазуға арналған ете үлкен емес жылдам есте сақтау құрылғысы.
- ⇒ **Желі (компьютерлік)** – бұл желілік кабельдердің көмегімен бірігетін, ақпараттарды және ресурстарды бірігіп қолдану мақсатында өзара байланыса алатын, ДК және басқа құрылғылардың жиыны.
- ⇒ **Интернет** – миллиондаған өзара байланысқан жергілікті желілерден құралған ауқымды (глобальды) желі.
- ⇒ **Интерфейс (өзара әсер етуді, өзара байланысты жүзеге асыру)** – бір уақытта әсер етудің мүмкіндіктерінің, әдістерінің және тәсілдерінің жиыны, соның ішінде, өзара әрекеттесетін объектілердің арасындағы ақпарат алмасу. Интерфейс аппаратты, программалық, қолданушылық болып бөлінеді.
- ⇒ **Компьютерлік қауіпсіздік** – бұл есептеуіш құрылғыларын (компьютерлер, смартфондар және тағы басқалары), сонымен қатар компьютерлік желілерді (дербес және ауқымды желілерді, Интернетті қосқанда) қорғау үшін қолданылатын қауіпсіздік шаралары.



- ⇒ **Компьютерлік жад** – бұл ақпаратты сақтау құрылғысы немесе есте сақтау құрылғысы. Жад компьютердің міндетті белігі болып табылады.
- ⇒ **Кесте** – белгілі бір жүйеге келтірілген және графтар бойынша таратылған, сандық деректер, мәліметтер тізбегі және тізім.
- ⇒ **Компьютерлік модельдеу** – бұл есептеуіш техникада қолданылатын, ақпараттық модельдеудің ерекше түрі.
- ⇒ **Компьютерлік жөлілер** – бұл ақпарат алмасу және ресурстарды бірігіп қолдану үшін компьютерлерді біріктіру.
- ⇒ **Компьютерлік вирус** – бұл компьютердің жұмысына түрлі кедергілер жасау үшін, өзін басқа программаларға енгізіп (оларға «өсеретіп»), өзінің көшірмелерін құрастырып және оларды бұзу, файлдарды және каталогтарды бұлдіру мақсатында, басқа файлдарға, компьютердің жүйелі аймақтарына және есептеуіш жөлілеріне енгізу үшін арнайы жазылған, өлшемі бойынша шағын программа.
- ⇒ **Компьютер-сервер** – көптеген пайдаланушылардың арасында ортақ ресурстарды үlestіретін орталық компьютер.
- ⇒ **Константа** – программаларды орындау процесінде қолданылатын, резервтелеңген нақты өлшем.
- ⇒ **Кеш-жад** немесе **жедел жад** – көлемі шағын өте жылдам есте сақтайтын құрылғы. Ол микропроцессор және оперативті жад арасында деректер алмасу үшін қолданылады.
- ⇒ **Қарапайым шарт** деп екі арифметикалық өрнектен немесе екі мәтіндік өлшемнен туратын сөйлемді айтамыз.
- ⇒ **Локальды жөлі (LAN)** – бір ғимаратта, бір көсіпорында жұмыс жасайтын, өзара байланысқан құрылғылардың шағын тобы.
- ⇒ **Математикалық модельдеу** – бұл математикалық және логикалық әдістермен модельдеу.
- ⇒ **Модельдеу** – объектілерді, процестерді және оқиғаларды зерттеу, зерделеу үшін модельдерді құру процесі.
- ⇒ **Модель** – шынайы объектінің, процестің немесе оқиғаның маңызды ерекшеліктерін бейнелейтін, қандай да бір жаңа жеңілдетілген объект.
- ⇒ **Мәтіндік процессор** – қарапайым және кешенді мәтіндік құжаттарды форматтауға, ретке келтіруге, енгізуге, сонымен қатар қағазға немесе экранға шыгаруды басқаруға мүмкіндік беретін программалар тобы.
- ⇒ **Мәтіндік файл** – бұл компоненттері символдық деректер болып келетін файл.
- ⇒ **Пайдалануышы интерфейсі** – пайдаланушының компьютермен өзара байланысы.



- ⇒ **Пошталық сервер** – хабарламаны бір компьютерден басқасына жіберетін компьютерлік программа.
- ⇒ **Программа** – бұл техникалық тасымалдаушыда қабылданған синтаксиске сәйкестендіріп жазылған және компьютердің өрекеттерін басқаруши, қандай да бір алгоритмді жүзеге асыратын, орындаушыға арналған командалар жиыны.
- ⇒ **Программалау** – бұл компьютерге арналған программаларды құру.
- ⇒ **Программалық интерфейс** – бұл компьютердің әртүрлі программаларының арасындағы өзара байланыс.
- ⇒ **Программалау жүйесі** – бұл нақты бір программалау тілінде жаңа программаларды құруға арналған жүйе.
- ⇒ **Программалау жүйелері** – жүйелік, сонымен қатар қолданбалы программалық қамтаманы құрастыруға мүмкіндік беретін, программалау тілдері және трансляторлар.
- ⇒ **Программалау тілі** – алгоритмдік құрылымдарды және деректерді жазу ережелері.
- ⇒ **Сайт** – бұл жекетүлға немесе заңды тұлға ие болатын, бір доменді атауга (адреске, IP-адреске) біріктірілген веб-құжаттардың (веб-парапақшалардың) жиыны.
- ⇒ **Сызықты алгоритмдер** – бұл нұсқаулықтары (инструкциялар) бірінен соң бірі тізбектеліп орындалатын алгоритмдер.
- ⇒ **Синтаксис** – бұл алфавиттің әріптерінен мүмкін болатын тіркестерді (конструкцияларды) анықтайтын ережелер жиыны. Тілдің синтаксисін сипаттау үшін метатіл қолданылады. Мысалы, C++ тілінің синтаксисі: main, cout, cin, int және т.б.
- ⇒ **Сандық бейнеақпарат** – екілік бейнефайлдар түрінде ұсынылған ақпарат.
- ⇒ **Тұрақты жад (ПЗУ, ағылш. ROM, ReadOnlyMemory-те оқуға арналған жад)** – өзгертулерді ешқашан талап етпейтін, деректерді сақтауға арналған, қуаттылыққа төуелсіз жад.
- ⇒ **Тілдің алфавиті** – бұл осы тілдің мәтіндерінде қолданылуы мүмкін қарапайым белгілердің жиыны.
- ⇒ **Телекоммуникация** – ауқымды (глобальной) желі бойынша ақпарат алмасу процесі.
- ⇒ **Файлдар** – сыртқы жадта ақпаратты сақтау үшін қолданылатын қурамдастырылған деректер типі және бір типтегі элементтердің тізбегін ұсынады немесе – бұл ұзындығының өлшемі шектелмеген айнымалының массиві.
- ⇒ **Форматтау** – мәтіннің сыртқы түрін анықтайтын қасиеттерін өзгерту.
- ⇒ **Циклдік алгоритмдер** – бұл нұсқаулықтары бірнеше рет қайталанатын алгоритмдер.



МАЗМУНЫ

1-бөлім. Ақпаратты өлшеу және компьютерлік жад	4
1.1. Ақпараттың өлшем бірліктері	4
1.2. Ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқа өлшем бірліктеріне ауыстыру	7
1.3. Компьютерлік жад	9
1.4. Файлдардың өлшемі	17
1.5. Әртүрлі форматтағы файлдардың архивтерін құру және архивтен шығару	23
 2-бөлім. Желілер және қауіпсіздік	32
2.1. Компьютерлік желілер және олардың жіктелуі	32
2.2. Вирустан қорғау қауіпсіздігі Компьютерді зиянды программалардан қорғау	39
 3-бөлім. Тапсырмаларды электрондық кестенің комегімен шешу	49
3.1. Мәтіндік процессордағы кестелер	49
3.2. Электрондық кесте элементтерін форматтау	57
3.3. Деректер форматы	63
3.4. Шартты форматтау	70
3.5. Кесте элементтерінің графикалық ұсынылуы	76
3.6. Электрондық кестеде процестерді модельдеу	83
 4-бөлім. Шешімдерді программалау	93
4.1. Программалау тілдері	93
4.2. Программалау жүйесі	97
4.3. Деректер типтері	100
4.4. Жоба интерфейсі	104
4.5. Сызықтық алгоритмдерді программалау	109
4.6. Тармақталу алгоритмдерін программалау	116
4.7. Кіріктірілген шарттарды программалау	121
4.8. Құрама шарттарды программалау	128



5-бөлім. Объектілер мен оқигаларды модельдеу	135
5.1. Ушөлшемді модельдер	135
5.2. Редакторға кіріктірілген объектілер	140
5.3. Объектілердің үшөлшемді модельдері	149
5.4. Оқигалардың үшөлшемді модельдері	157
ГЛОССАРИЙ	170

Оқу басылымы

Мұхамбетжанова Сәуле Талапеденқызы
Тен Алира Сунтаковна
Исабаева Даража Нагашыбайқызы
Сербин Василий Валерьевич

ИНФОРМАТИКА

Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Y. Өмірзак*
Көркемдеуші редакторы *M. Нұрбеков*
Техникалық редакторы *Y. Рысалиеva*
Корректоры *E. Амангелді*
Компьютерде беттеген *Ж. Есетова*

ИБ № 078

Теруге 12.01.2017 жіберілді. Басуға 19.06.2017 қол қойылды. Пішімі 70x90 $1/16$. Офсеттік қағаз.
Әріп түрі «Мектептік». Офсеттік басылымы. Шартты баспа табагы 12,87. Есептік баспа табагы 8,57.
Таралымы 100 000 дана. Тапсырыс № 2498.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС-1. 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің
Полиграфкомбинаты. 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.